

Қазақстанды жоғары дамыған мемлекетке айналдыратын – азат ойлы, жаңашыл да жасампаз азаматтары. Ол үшін әркім жан-жақты және кемел білімге ден қойып, қажырлы еңбек пен өзін-өзі толассыз жетілдіруді өмір салтына айналдыруы қажет.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



ОНЛАЙН-САНАҚТАН
ӨТУ ОҢАЙ

3

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 15 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
916 736

II компонентпен
814 080

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.09.2021

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+24 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр жауады.



Желдің жылдамдығы:
7-12 м/с

17.09.2021

Түнде:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр жауады.

Күндіз:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.




Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №111 (6087) 16 қыркүйек, бейсенбі, 2021 жыл.

ӘКІМ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР АБАТТАНДЫРЫЛУДА

қараусыз қалған учаскелер халық игілігіне беріледі



Кеше Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қоғамдық кеңістіктердің абаттандырылуымен, жолдар мен жаяу жүргіншілер аймағын жөндеу барысымен танысты.

Төле би көшесінде Байтұрсынов көшесінен Яссауи көшесіне дейін жалпы ұзындығы 8,5 шақырым болатын жол жөнделіп жатыр. Тротуар жамылғысы жаңарып, жиектер мен арық науалары ішінара ауыстырылды. Тар учаскелерде – Байтұрсынов көшесінен Өуезов көшесіне дейін – трамвай рельстері алынып жатыр. Осылайша жөнделетін жол-

дың ұзындығы бойынша жүріс бөлігінің ені бірдей болады. Сондай-ақ, жол жиегінің бойына аялдама қалталары жоқ қоғамдық көліктің жолақтары жүргізіледі. Бұл ретте жол қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін жерлерде жалпыға арналған тұрақ қалталары ұйымдастырылған. Негізгі көшелермен қиылысқа дейін бұрылыс үзілістері болады.


2

МӘЖІЛІС

КИБЕРБУЛЛИНГ

қоғамда алаңдаушылық тудырып отыр

Балаларды осы қауіптен қорғайтын нақты нормалар қажет



Кеше Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында баланың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты депутаттардың бастамасымен әзірленген заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Депутаттар мен мемлекеттік орган өкілдері балалардың құқықтарын қорғауға қатысты пікір алмасып, заң жобасын жан-жақты талқылады. Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин тұжырымдағандай, буллинг пен кибербуллинг қоғамда қатты алаңдаушылық тудырып отыр.

ҚЫСҚА...

- Қазақстан Президенті 16-17 қыркүйек күндері өтетін ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына және Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін Душанбе қаласына барды.
- Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай көрнекті жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Ілияс Есенберлиннің 6 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.
- Отандық «QazTrade» ұлттық сауда операторы әлемдік деңгейдегі ірі электрондық сауда алаңдарының бірі – AliBaba-мен келісім-шарт жасады. Жақында отандық тауарлардың ұлттық виртуалды павильоны ашылады.
- Биыл елдегі жылқы саны 9,6 пайызға өскен.
- 2 мыңнан астам алматылық оқушы онлайннан дәстүрлі оқыту форматына ауысты.

www.almaty-akshamy.kz



2



МӘЖІЛІС

КИБЕРБУЛЛИНГ

қоғамда
аландаушылық
тудырып отыр

Балаларды осы қауіптен
қорғайтын нақты
нормалар қажет




(Басы 1-бетте)

Балаларды осы қауіптен қорғайтын нақты нормалар қажет. Санды мәліметке жүгінсек, 18 жасқа дейінгі жастар арасында өткен жылы 143 суицид және 306 өз-өзіне қол жұмсауға әрекет ету жағдайы болған. Тек жарты жылдың ішінде 105 суицид пен 193 өзіне қол сұғу әрекеті болған. Шынымен буллинг және кибербуллинг деген – ол өте қауіпті нәрсе. Ол балалардың психологиясын бұзатын, суицидке алып баратын жол. Сондықтан балаларды, әсіресе, мектеп балаларын буллинг және кибербуллингтен толықтай қорғайтын нақты нормалар енгізу қажет.

Спикердің пікірінше, бұл заң жобасы қазіргі қоғамға қажетті көптеген мәселелерді, әсіресе, балалардың құқығын қорғау жолындағы проблемаларды шешуге тиіс. Палата Спикері атап өткендей, қазір балаларды қорғау үшін отбасылық қатынастар, білім беру, денсаулық сақтау салаларында қосымша шаралар қарастырылған. Заң жобасында жазылған нормалар азаматтарды, әсіресе, балаларды осындай буллинг және кибербуллинг сияқты құбылыстардан қорғау керек. Заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың азаматтарды интернет арқылы қысым көрсетуден заң деңгейінде қорғау жөніндегі тапсырмасын орындауға бағытталған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР АБАТТАНДЫРЫЛУДА

қараусыз қалған учаскелер халық игілігіне беріледі

(Басы 1-бетте)

Бүгінде Байтұрсынов көшесінен Байзақов көшесіне дейін және Б.Момышұлы көшесінен Яссауи көшесіне дейінгі учаскелерге асфальт төсеу жұмыстары аяқталды.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауды және орталық көшені көлік қозғалысы үшін белгіленген мерзімде ашуды тапсырды. Жұмыс сапары кезінде шаһар басшысы Наурызбай ауданының әкімшілік орталығында Б.Момышұлы көшесінен Алатау көшесіне дейінгі жаңа метро станцияларының құрылысы мен Абай даңғылын ұзарту барысын да тексерді. Қала басшысының айтуынша, жаяу жүргіншілерге ыңғайлы болуы үшін Төле би көшесінің бойында Яссауи көшесінен Б.Момышұлы көшесіне дейін серуендеу аймағының құрылысы аяқталуда.

АУЛА АУМАҒЫ РЕТТЕЛДІ

«Бюджетке қатысу» жобасы аясында жүзеге асырылатын ағымдағы жөндеу, учаскені асфальттау, орындықтар, дауыс беру жәшіктерін орнату, жарықтандыру бағаналары қарастырылған. «Алтын бесік» шағынауданы тұрғындарының өтініші бойынша Әнет баба көшесінің бойындағы бос жатқан жерге ойын алаңы мен футбол алаңы салынып жатыр. Жақын жерде балабақша құрылысы жоспарланған. Трудовая көшесінің бойындағы қараусыз қалған алаңнан 800 КамАЗ құрылыс пен тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Енді мұнда спорт, балалардың ойын және футбол алаңдары пайда болады. Алатау ауданында Бақытжан Сағынтаев «Нұркент» шағынауданындағы 18 үйдің жаңартылған қасбеттерін қарап шықты. Жұмыс аяқталуға жақын. Тұрғындардың белсенді қатысуымен ауланың аумағы ретке келтіріледі. Мегаполис әкімі Ұлттық ғылыми орталығының құрылысын



да тексерді. Жаңа медициналық мекеме Елбасы тапсырысымен салынып жатыр, ол 350 төсек-орынға арналған. «Нұркент» шағынауданында бұқаралық спортпен шұғылдануға жағдай жасау мақсатында бюджет қаражаты есебінен 14 кортқа арналған теннис орталығы – 4 жабық және 10 ашық алаңдар салынууда. Сонымен қатар, оның жанынан жеке инвестиция есебінен 12 үстел теннисі орталығы салынууда. Жыл соңына дейін жаңа спорт нысандарын пайдалануға беру жоспарланған. Жұмыс сапары кезінде қала әкімі «Алатау» шығармашылық хабының екінші қабатындағы IT-зертхананы ашуға арналған үй-жайларды қарап шықты. Бұл IT-индустрия инфрақұрылымын дамыту үшін құрылған ұқсас зертханалардың кең желісі нүктелерінің біріне айналады.

Қала басшысы одан кейін «Саялы» шағынауданындағы және «Томирис» шағынауданындағы 1800 және 1500 орынды мектептердің құрылыс қарқынымен танысты. Жаңа білім нысандарын жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Жұмыс сапарының соңында Алматы қаласының әкімі «Томирис» және «Шаңырақ-2» шағынаудандарындағы «Бюджетке қатысу» аясында бос учаскелердің орнына салынған жаңа балалар ойын алаңдары мен спорт алаңдарын қарап шықты. Жалпы, осы жоба аясында биыл Алатау ауданында 27 жергілікті спорт және ойын алаңдары ашылады. Сондай-ақ, олар барлық шағынаудан тұрғындары үшін қолжетімді болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ЖАҢА ҚОНАҚҮЙ АШЫЛДЫ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала күні қарсаңында мегаполисте халықаралық InterContinental Hotels Group қонақүй желісінің отелі ашылды.

Үш жұлдызды Holiday Inn Express қонақүйі меймандарға жоғары деңгейдегі қызмет көрсетуді, жайлы орынды қызмет түрлерін ұсынады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған бөлмелер де қарастырылған. Бөлмелердің қызмет көрсету сапасы мен жайлылығы IHG стандарттарына сай.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев нысанның ашылуы қаланың туристік инфрақұрылымының дамуына оң әсер ететінін атап өтті. Бұл жоба мегаполистегі нөмірлік қорды 184 нөмірге арттыруға мүмкіндік береді.

Еске салсақ, Алматы – елге келетін туристер саны бойынша қазақстандық басқа қалалардың арасында көшбасшы қала. Осы жылдың алғашқы екі тоқсанында қалаға жарты миллионнан астам турист келді. Кездесу-



лер, іскерлік конференциялар өткізу үшін қонақүйде жалпы алаңы 99 ш.м. 3 конференц-зал бар. Қонақүй қаланың орталық бөлігінде орналасқан, метро бекеттері, ойын-

сауық, сауда орталықтары және саябақ аймақтары қолжетімді. Жобаға 4,3 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылып, 50 жұмыс орны құрылды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Осы жылдың қаңтар-шілде айларында Алматыда өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **782,9** млрд. теңгені құрады.



Мегаполисте жыл басынан бері **1189,7** мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.



Биыл шаһарда **73** мектеп жанындағы футбол алаңы жөнделді.



Биыл қалаға газбен және электр қуатымен жүретін **500** қоғамдық көлік сатып алады.



Әлеуметтік қызметтер үйі «Бір терезе» қағидаты бойынша **750-ден** астам мемлекеттік қызмет көрсетеді.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Динара ЖАҢАБАЕВА,
ғалым:



– Елбасы Н.Назарбаев атап өткендей, тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, беттен қарғар желінің есуінен тайсалмай, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін дамуға серпіліс жасап келе жатқан жас мемлекетіміз. 30 жыл ішінде қол жеткізген жетістіктер аз емес, соның ішінде, әсіресе, ғылым саласында. Қазақстандық ғалымдар халықаралық аренаға шығып, шетелдік ғылыми қорлармен байланыстар кеңейтілді, әр саланың ғалымдары конкурстар арқылы ғылыми жобаларды белсенді жүргізе бастады. Еліміздің әрбір азаматы жоғары әрі сапалы білім мен қажырлы еңбектің нәтижесінде биік белестерден көрініп, мемлекет ғалымдарға өз құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Осы себептен де мен сияқты ғылым саласындағы жас мамандарға тәуелсіздіктің маңызы мен ықпалы зор.

Жайнагүл МАДЕНОВА,
психолог:



– Тәуелсіздік бастауы – ерлік дәстүрі. Кейбір сарапшылар «тәуелсіздік бізге Алланың берген сыйы», «егемендік оңай ұысқа түсті» дегенді айтып жатады. Иә, біз өткен ғасыр соңында Кеңес Одағы аумағында орын алған дағдарыс жағдайында тәуелсіздікке ие болдық. Алайда, оған жету үшін ғасырлар бойы қаншама күрестер жүрді. Сансыз қан төгілді. Елім деп еңіреген әрбір қазақ елдіктің жайын, ел болудың қамын ешқашан ұмытпады. Сондықтан Тәуелсіздік халқымыз үшін тосыннан пайда бола қалған үлес те, сый да емес. Тәуелсіздік – ғасырлар бойы толассамаған айқастың, елім деп еңіреген ерлердің қаны арқылы келген жеңіс.

Гаухар ЖҰМАТҚЫЗЫ,
отбасылық дәрігер:



– Әр кезеңде орын алған қиын-қыстаудан еліміздің жол тауып шығуына қанат бітірген қандай құдірет деген сұрақтар туындайды. Ең алдымен, осының бәрі – ұлттың асқақ рухының арқасы! Рухы биік халық қиынға қайыспайды, ауырға мойымады. Қазақ халқы үшін ежелден «Азаттық», «Бостандық» ұғымдарының маңызы тіптен бөлек. Талай соғыс, зұлмат, нәубет кезеңдер болды. Халқымыз «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында да мойымады, болашаққа деген үмітін жоғалтпады. Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Найзаның ұшымен, білектің күшімен келген Тәуелсіздігімізді ту етіп, еңсемізді түсірмей, алдыңғы қатардан көрінерімізге сенімдімін. Бүгінгі күннің жастары, оның ішінде біз, бақытты ұрпақпыз деп сеніммен айта аламын.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021

ОНЛАЙН-САНАҚТАН ӨТУ ОҢАЙ

Sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулігіне 24 сағат қолжетімді



Әсел
ДАҒЖАН

Мегаполисте халық санағының негізгі кезеңіне 2400-ден астам интервьюер жұмылдырылған.

«Біз санаққа қатысуға жұмыссыз азаматтарды, зейнеткерлер мен студенттерді қостық. Санақ жүргізушілер бір айға жұмысқа тартылады. Барлығы 104 мың теңге көлемінде жалақы алады», – деді Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Айдар Әбілдабеков.

Елімізде 15 күн ішінде 2 886 150 респондент онлайн-санақтан өтті. sanaq.gov.kz сайтында 2 487 415 адам сұрақтарға жауап берсе, 284 659 адам Egov порталына кірген, 114 076 респондент «Aitu» қосымшасының көмегімен санақ сұрақтарына жауап берді.

Алматы бойынша онлайн-санақтан 264 268 адам өтті. Тұрғындардың 86% sanaq.gov.kz платформасын пайдаланса, қалған 10%-ы egov.kz сайтынан пайдаланған. Ал 4% «Aitu» мобильді қосымшасы арқылы жауап берген.

Санақ науқанының қорытындысы бойынша шартты түрде Өуезов ауданы бірінші орында, Алатау ауданы екінші орында және Наурызбай ауданы үздік үштікті жауып тұр. Бостандық, Түркісіб, Алмалы аудандарындағы санаққа қатысушылардың саны шамамен тең. Әзірге Медеу мен Жетісу аудандары тұрғындарының белсенділігі сәл төмен.

Осы тұста айта кетейік, санаққа қатыспаған не сұрақтарға жауап беруден бас тартқан адамдар жауапкершілікке тартылады.

«Санақтан бас тартқандарға жауапкершілік қарастырылған. Санақ кезінде әр адам респондент болып есептеледі. Ақпарат бермегені үшін немесе белгісіз мәлімет бергені үшін жауапкершілік қарастырылған. Бірақ біз оны қолданбаймыз, халыққа



санақтан өтудің пайдасын түсіндіріп жатырмыз», – деді спикер.

А.Әбілдабеков онлайн-санақтан өту өте оңай екенін айтты. Мысалы, мұны ұялы телефоннан «Айту-мессенджерді» жүктеу арқылы жасауға болады. Содан кейін sanaq.gov.kz мамандандырылған сайтындағыдай тіркеу және санақ сауалнамасының сұрақтарына жауап беру қажет.

Өткен 2009 жылғы санақта респонденттер 45 сұраққа жауап берді. Биылғы халық санағында 91 мәселе әзірленді. Оның 69-ы міндетті және 22-сі нақтылайтын мәселе. Демография, тұрғын үй, жұмыспен қамтумен қатар, сауалнамаларға қала тұрғындарының денсаулығы туралы сұрақтар енгізілді. Оның ішінде респондент коронавируспен ауырды ма, вакцина алды ма деген де сұрақтар бар.

Спикер сауалнамаларға пандемияның әсері туралы сұрақтарды не үшін қосқанын түсіндірді.

«Қазақстандықтардың жауаптары зерделенеді. Сол бойынша респонденттердің жалпы жағдайы туралы білуге болады. Алынған мәліметтер тексеріліп, өңделеді. 2022-2023 жылдары он жинақта жарияланатын қорытынды шығару жоспарланған және ол келесі көрсеткіштерді қамтиды: ұлттық құрам, көші-қон, білім беру, Неке және отбасы, үй шаруашылығы, жұмыспен қамту, табыс және өмір сүру

қаражатының көздері, тұрғын үй сипаттамалары», – деді А.Әбілдабеков.

Санақ қорытындысы экономикалық болжау, жұмыспен қамту саласындағы саясатты айқындау, басқа да әлеуметтік бағдарламаларды құру, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының функцияларын орындау, ғылымды және бүкіл қоғамды ақпараттық қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

«Алынған мәліметтер өңірдің экономикалық дамуы үшін пайдаланылады. Балабақшалар, мектептер, ауруханалар мен емханалар салу, қала құраушы кәсіпорындар ашу үшін қолданылады», – деді департамент басшысы.


Халық санағы кезінде алаяқтардан қорғану үшін интервьюерлердің ерекше киімдеріне назар аудару қажеттігі де айтылды.

Интервьюерлер 1–30 қазан аралығында үйлерді аралайды. Әрбір интервьюер-көшірушіде өзімен бірге Алматы статистика департаментінің фотосуреті мен мөрі бар куәлігі, шарф, сондай-ақ ұлттық санақ символикасы бар сөмке және деректерді енгізуге арналған электрондық планшет болады.

Құжаттың дұрыстығын sanaq.gov.kz сайтында тексеруге болады. Ол үшін куәліктің нөмірін «интервьюерді іздеу» арнайы іздеу жолына енгізу (жоғарғы оң жақ бұрышта орналасқан) және ақпараттың шындыққа сәйкестігін тексеру қажет.

БРИФИНГ

КЕШЕНДІ ТАЛДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында санаққа қатыса отырып, қала тұрғындары перспективалы әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуге өз үлесін қосатынын атап өтті.

«Сауалнамада: «тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттар) сыртқы қабырғаларының материалын көрсетіңіз» деп сұрайды. Мен бұл сұраққа 11 түрлі жауап нұсқалары бар екенін айта кетейін. Бұл ел бойынша, атап айтқанда, Алматыда тұрғын үй қорының жай-күйін кешенді талдауға мүмкіндік береді. Алматы үшін қаланың Бас жоспарын түзету мақсатында өте маңызды, өйткені біз қалалықтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуіміз керек», – деді А.Ахмеджанов.

Басқарма басшысының айтуынша, жауаптардың көмегімен экономика мен әлеуметтік саладағы мәселелерді анықтап, жоспарлауды жақсартуға болады.

«Кейбір сұрақтар инфрақұрылымның даму деңгейін анықтауға бағытталған – ба-

лабақша, мектеп, медициналық мекемелер мен басқа да әлеуметтік нысандардың болуы. Бұл сұрақтар нақты санақ кезінде елдің демографиялық көрінісін көрсетуге көмектеседі», – деді спикер.

Халықаралық ұйымдар ұсынған сұрақтардың арасында азаматтардың денсаулығына қатыстылары да бар. «Мысалы, көру, есту, жүру және есте сақтауға қатысты нақтылау сұрақтары енгізілген. Бұл қала құрылысы мен сәулетшілер үшін де маңызды. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тиісті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілуге тиіс», – деп есептейді А.Ахмеджанов.

ӘРБІР ТҰРҒЫН ӨЗ ӨМІРІНІҢ ЖАҚСАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕ АЛАДЫ

Себебі, мемлекет халық туралы нақты статистикалық ақпаратқа ие болуы керек.

«Жұмыс туралы жауаптар әртүрлі аймақтардағы еңбек нарығын зерттеуге көмектеседі. Өте маңызды мәселе – «сіз тұрақты тұрғылықты жеріңізден жұмысқа дейін қанша уақытта жетесіз?». Таңқаларлығы, дәл осы сұрақ сын тудырды. Бірақ бұл өте маңызды аспект. Адамдардың жұмыс іздеуге қайда және қалай көшетіні

туралы ақпарат жұмыс орындарының жетіспейтінін түсінуге көмектеседі. Демек, бұл аумақта жаңа кәсіпорындар салу, қызмет көрсету саласын дамыту қажет», – дейді спикер.

Санаққа қатысудың нәтижесінде Алматының әрбір тұрғын өз өмірінің жақсаруына ықпал ете алады. Санақ заманауи мағынада жақында пайда болды. 2021 жылғы халық санағынан маңызды жаңалықтар күтіледі.

ШЫНАЙЫ ЖАУАП БЕРУ
МАҢЫЗДЫ

«1 қыркүйекте бұл ауқымды процесс басталды, ең сенімді ақпарат көзі болып қала береді, өйткені, ол азаматтардың жеке сауалнамаларына негізделген. Халық санағының қорытындысын асыра бағалау қиын. Өйткені, бұл жай сандар емес. Бұл деректер Қазақстан Республикасында өткен 10 жыл ішінде халықтың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуында болған экономикалық, демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді», – деді А.Ахмеджанов.

Сөз соңында спикер халық санағына қатысатын алматылықтар өздері туралы ақпарат беріп, әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуге қатысатынын атап өтті. Мысалы, жұмыссыздардың жауаптары еңбек нарығын зерттеуге және қажет болған жерде жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Балалар саны туралы мәліметтер мектептер, бақтар және басқа да балалар мекемелерін салу жоспарларын түзетуге көмектеседі. Тұрғылықты жері туралы деректер жолдар мен басқа да қажетті инфрақұрылым құрылысын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулігіне 24 сағат қолжетімді. Онлайн-санақ жүргізбегендерге сұхбат алушылар 1–30 қазан аралығында сұрақ қояды. Барлық сұрақ бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін 1446 Call-орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу – тегін.



ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ!



Нүркен АЙТЫМБЕТОВ, ҚР БҒМ ҒК
Философия, саясаттану және дінтану
институтының жетекші ғылыми
қызметкері:

Бәсекеге қабілетті арттыру мен дамытудың негізгі кілті

2021 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Цифрландыру – ұлттық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің негізгі құралы. Қазақстан еуразиялық кеңістіктің басым бөлігінде цифровизациялық хаб орталығына айналуы тиіс» деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы елдің экономикасын дамыту үшін цифрлы технологияларды белсенді ендірудің маңыздылығын баса айтты. Оның пікірі бойынша цифрландыру жалпы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажет.

Шын мәнінде, бүгінгі күні ғаламтордың қолжетімділігінің артуы саяси ақпарат ағынын арттырып қана қоймай, саяси процестерге қатысу формасына да біршама өзгерістер алып келді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап алған заманауи коммуникациялық құралдардың қоғамдық өмірге тез қарқында кірігуі, азаматтарға әлеуметтік-саяси процестер жайлы ақпараттар ағынын еселеп өсіріп, азаматтық қоғам институттарының ролін арттырды.

Соңғы жылдары жастар мәдениеті жаһандану процесі жағдайында күрделі трансформациялық кезеңдерді бастан өткеруде. XXI ғасырдың алғашқы декадасында жастардың әлеуметтік-саяси процестерге белсенді араласуында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ықпалы артқандығы байқалды. Цифрлы технологияларды жастар арасында қолданысы әрбір үшінші азамат

«жастар» категориясына енетін Қазақстан үшін ғылыми тұрғыда зерттелуі тиісті маңызды тақырыпқа айналып отыр. Себебі, заманауи цифрлы технологиялар елдің әрбір азаматының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді. Олар күн өткен сайын біздің өміріміздің әртүрлі салаларын көбірек қамтып келеді.

Атап айтқанда, қазақстандық жастар заманауи цифрлы технологияларды жылдам игеріп жатыр және аталмыш жаһандық үрдістің барлық игіліктерін қолдануға мүмкіндік алды. Оған қоса, бүкіл әлемде орын алып отырған пандемия салдары жастардың заманауи технологияларды қолдану аясының кеңеюі мен ғаламтордың оларға тигізетін ықпалының одан әрі артуына септігін тигізуде. Заманауи технологиялардың саяси коммуникациялық құрал ретінде кеңінен қолданысқа енуі жастардың саяси процестерге қатысу формасын өзгеріске ұшыратып, саясат ұғымының ауқымы кеңейіп түсуде.

Бұл технологиялардың қолданыс аясының кеңеюі арқылы саяси процестерде жалған ақпараттың, манипуляциялық, насихаттық «саяси жарнамалардың» жаппай қолданысқа енуі мен таралуы арқылы тек қана жастарды ғана емес, сонымен қатар, жалпы саяси қатысушыларға қиындықтар тудыруда. Сәйкесінше, саяси процестердегі жалған ақпараттың көбеюі азаматтық қоғам институты, билік бөлінісі сынды маңызды демократиялық саяси ұғымдарға тигізетін қауіп негіздері де жоқ емес.

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Расул РЫСМАМБЕТОВ, экономист:

Ауыл шаруашылығы маңызды сала



Президент Қ.Ж.Тоқаевтың екі апта бұрынғы Жолдауындағы бірінші тармақ пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық дамуға арналған еді. Екі жылдан бері екі өкпеден қысып тұрған пандемияда алдымен экономика сала-сы айтарлықтай зардап шеккені рас. Мемлекет басшысы Жолдауда тығырықтан шығудың жолын көрсетті.

Менің ойымша, дәл қазір ауыл шаруашылығына айтарлықтай назар аударып, шағын қалалар мен мегаполистің шеткі аймақтарын дамытуға күш жұмсау керек. Алысқа бармай-ақ бір мысал келтірсем, 1 миллиардтан астам тұрғыны бар көрші ел жасанды, сапасыз тамақтан шаршады. Олар өздерінің тамағынан шығып, табиғи өнімге ден қоя бастады. Біздің шығыс өңірден олар Қазақстанда өндірілген сапалы өнімдерді сатып алатынын жақсы білеміз. Кең-байтақ жерімізде өзіміз ауыл шаруашылығына басымдық берудің орнына біз сапасыз әрі құнарсыз шетелдік өнім-

дерді сатып алып отырмыз. Ауыл шаруашылығынан кейін бізге ел ішінде логистиканы дамыту қажет. Себебі, біздің елімізде аймақ ішілік сауда өте нашар. Маңғыстауда азық-түлік қымбат. Неге? Себебі, Алматыдан жеткізу ол жаққа айтарлықтай қымбатқа түседі. Сол үшін Қазақстанның әр бұрышынан басқа бір нүктесіне дейін біз өз өнімдерімізді арзан әрі жақсы күйде жеткізе алуымыз керек. Осы жерде облыстар арасындағы логистиканы дамыту өзі-ақ сұранып тұр.

Қазір «Өнеркәсіп туралы заң» дайындалуда. Соған қатысты мынадай ұсынысым бар. Бұрын экономикалық география деген пән оқытылатын. Сол бізге қазір ауадай қажет дер едім. Үкімет қазір қай өңірде қай саланы дамыту керектігін жақсы білу керек. Бір-бірімен байланысты 3–5 индустрияның дамуына басымдық беру қажет.

Мәселен, ол қоймалар жүйесі не аймақтық логистикалық компаниялар болуы мүмкін. Яғни қандай кәсіпорынды қай өңірде ашып, оны қай аймақтарға жеткізу тиімді дегенге маңыз беруіміз керек.

Әсел ДАҒЖАН.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖАМБЫЛ» атты іс-шара өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Биыл қазақтың қара өлеңін кне тұтқан, асыл жұрттарымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл. Атаулы мерейтой және Қала күні қарсаңында Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен «Жүз жасаған Жамбыл» Ореп Air жобасы аясында бірқатар іс-шаралар өтті.

Шара қаладағы Жамбыл Жабаев ескерткіші алдындағы ашық алаңда «Жыр алыбы Жамбыл» атты Жамбыл оқуларымен басталды. Қала мектептерінің оқушылары сөз өнерінің шебері Жамбыл Жабаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

«Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің ресми өкілі Гүлсім Сағатбайқызының айтуынша, қала мектептерінің оқушылары, жалпы өскелең ұрпақ Жамбыл ақынның мерейтойында ғана емес, басқа уақытта да ұлы есімді дәріптеп, өлеңдерін жатқа білу керек. Жамбыл оқуларына қатысқан сөз өнерін түсінетін оқушылар барда ақынның мұрасы – мәңгілікке сақталады.

ИППОТЕРАПИЯ

АТҚА МІНУ – ДЕРТКЕ ШИПА



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақ мемлекеттік циркінде Қала күніне орай мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған иппотерапиялық сауықтыру акциясы өтті. Қайырымдылық шара Қазақ мемлекеттік цирк ғимаратының жанында болды. Ерекше балаларға арналған иппотерапия сабағында аутизм, сал ауруына шалдыққан оншақты бала нұсқаушылармен бірге атқа мініп, серуендеді.

«Баламның жасы – 4-те. Туғаннан микроцефалия артқы миы дамымай қалған, миына инфекция түскен деген диагноз қойылған. Иппотерапияға баламды жиі апарып тұрамын», – дейді Азиза.



Бақыт БӨКЕБАЕВ,
Қазақ мемлекеттік циркінің директоры:

– Биыл 18–26 қыркүйек аралығында Қала күні атап өтілмек. Соның аясында қала тұрғындарына ұсынатын үлкен мерекелік іс-шараларымызды бастап кеттік. Солардың бірі – бүгін қаладағы мүмкіндігі шектеулі және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған иппотерапиялық қайырымдылық шарасын өткіздік. Балалар атқа мінгенде өмірге деген құштарлығы артады, баласының шаттанғанын көрген ана да қуанатыны рас. Бала мен ананың қуанғанын көріп, біз де қуанып қаламыз. Себебі, балаға қуаныш сыйлау – керемет сезім. Тек бүгін ғана емес, осындай иппотерапиялық қайырымдылық шаралары әр мереке сайын жиі өтіп тұрады. Қала тұрғындары мен қонақтарын Қазақ мемлекеттік циркі мен Алматы қаласы әкімшілігі, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының атынан Қала күнімен құттықтаймыз! Қазақ мемлекеттік циркі қала күні қарсаңында 26 қыркүйекке дейін бағдарлама бойынша жоспарлаған онлайн және офлайн режимдегі шараларды өткізеді.

Данияр ӘЛИЕВ, Алматы қаласы
Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары:

– Ұлы Жамбылдың шығармашылық мұрасын, өнегелі өмірін насихаттау мақсатында қалалық орта білім оқушылары арасында өткен шығармашылық іс-шараны Алматы қаласы әкімдігіне қарасты «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі ұйымдастырды. Осындай рухани шаралар арқылы Жамбыл Жабаевтың шығармашылығымен әрбіріміз таныс болуымыз керек. Ақынның рухы көтеретін, Отанға деген махаббатты, елге деген сүйіспеншілікті арттыратын өлеңдері арқылы жастардың бойына рухты қасиеттерді сіңірген жөн.

Сонымен қатар, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ академиялық балалар мен жасөспірімдер театры алдындағы ашық алаң сахнасында жас ақындардың қатысуымен «Жамбыл – менің жай атым...» атты айтыс өтті. Жобаның негізгі мақсаты – Ұлы Жамбылдың шығармашылық бай мұрасын кең көлемде насихаттау, бүгінгі өскелең жас ұрпақтың айтыс өнері арқылы патриоттық сезімін оятып, отансүйгіштікке баулу. Айтысқа түрлі жас ақындар айтысының жүлдегерлері қатысты.

Бүгінгі іс-шара «Жүз жасаған жүректен...» атты театрландырылған қойылыммен аяқталды. Қойылымды Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актерлері, студенттер мен жас актерлер қойды.

Дархан БАЛАЖАНОВ, жоба
ұйымдастырушысы:

– Негізгі мақсат – Жамбылдың жырын кеңінен насихаттау. Ореп Air жобасы аясында ашық аспан астында үш жоба өткізілді. Оның бірі – қойылым. Театрландырылған қойылымда ақынның өмірін кезең-кезеңімен көрсеттік. Яғни дүниеге келген кезеңі, бозбала шағы, Сүйінбайдан бата алатын кезі, Айкүміспен айтысы бар. Соңында тоқсанды алқымдаған Жамбылмен қойылымды аяқтаймыз. Шағын қойылымда ақынның өмірін қамтуға тырыстық. Сонымен қатар, ақынның ел-жұртына айтқан өлеңдері мен өсиеттерін кірістірдік.

Нұрғайым ТОҚАНҚЫЗЫ,
«Аяла» әлеуметтік орталығы КММ Алматы
қаласы әлеуметтік әл-ауқат басқармасына
қарасты мекеме директоры:

– «Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы 1,5–18 жасқа дейін және 18 жастан асқан мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған әлеуметтік қызмет түрлерін ұсынады. Бүгінгі Қала күніне орай Қазақ мемлекеттік циркі акция ұйымдастырып, қызмет алу үшін балалардың денсаулығын оңалту, қоғамға бейімдеу мәселесіне көңіл бөліп, атпен серуендеді. Сал ауруына шалдыққан, аутизм диагнозы бар балалар иппотерапия алды.


Орталықтың атынан өзара ынтымақтастықтың негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған басқа да сауықтыру орындарымен келісімге келдік. Орталықтың балалары жүзу бассейні, ипподром, теннис ойынына қатысады. Біздің орталық жалпы 220 балаға арналған, бүгінгі таңда 193 бала арнаулы әлеуметтік қызмет түрлерін алады.



АЛАТАУ АУДАНЫ

Көшеміз қайтадан жарқырап тұр

«Ақшам» арқылы айтылған өтінішіміз ескерусіз қалмады», – дейді алатаулықтар



қала тұрғындарының шаһар басшысының тапсырмасымен көшелеріне жарық орнатылғанын, бірақ ол қуаныштары ұзаққа созылмағаны айтылған еді.

Алатаулықтардың шағымдарын газет бетінен оқыған әкімдік қызметкерлері аудан бойынша жарық шамдарды тексеріп, олқылықтың орнын толтырыпты. Көшелеріне жарығы қайта қосылған Шынқожа батыр, Қойшыбасқа көшелерінің, жалпы, «Томирис» ықшамауданының тұрғындары өтініштерін жерге тастамаған билік өкілдеріне ризашылықтарын білдіріп жатыр. «Ақшам» арқылы айтылған өтінішіміз ескерусіз қалмады. Алматының барлық көшелерін жарықтандыру-

ға тапсырма берген қала әкіміне, ал ауданымыздағы жарыққа байланысты кемшілікті уақыт оздырмай түзетуге мұрындық болған аудан әкімінің қызметкерлеріне алғыс айтамыз. «Міне, көшеміз қайтадан самаладай жарқырап тұр!» дейді аудан тұрғындары. Тіпті, өзара ватсап желісі арқылы қуаныштарын бөліскен алатаулықтар жағымды жаңалықты бір-біріне жеткізіп, қуанып жатыр.

Расында да, халық үніне құлақ асу деген осы болса керек. Көпшілікке қанатымен су сепкен қарлығаштай көмегіміз тиіп жатқанына біз де қуанып қалдық. Ел игілігі үшін жұмыс істеуі тиіс дүниелер халық үшін осылай қызмет етсе екен дейміз.

АЛҒЫС

Алғыс саған, абзал жан!

Қызылды-жасылды қызығы көңілден кетпес мынау жарық дүниеде адамның бірінші байлығы денсаулық екені даусыз. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса болды, осы бір денсаулық сақшыларының көмегіне мұқтаж болып, жанымызға сая іздеп жатамыз. Ал бүкіл әлем халқының үрейін алып, сан мыңдаған тағдырды жалмаған бүгінгі коронавирус дертінен әлемді тазарту жолында, халқымыздың денсаулығын сақтау үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген ақ желеңді абзал жандарға өз алғысымызды білдіргім келеді.

Алла адам баласына көрсін, танысын, жан-жағына сүйсіне қарасын деп көз берді. Бірақ біз кейде оған құрметпен қарап күтім жасай бермейтініміз рас. Олай дейтінім, бірде көзімнің көруі нашарлап, өзім тіркелген емхананың дәрігері Валентина Викторовна Крайноваға бардым. Дәрігер денсаулыққа бей-жай қарауға болмайтынын айтып, Көз аурулары институтына баруыма кеңес берді. Осылайша айтылған жерге кезекке тұрып, ақысыз ота жасаттым. Менімен бірге дәрігердің көмегіне жүгінген Жұпар Меделбаеваның да жанары жарқырап шыға келді. Жанарымыз да жарқырап, емделіп шыққандардың барлығы көзімізге ота жасаған жас дәрігер Қырықбаев Дастан Рахметоллаұлына, сондай-ақ бөлім меңгерушісі Жүргүмбаева Гүлнара Қайратқызына шексіз алғысымызды білдіргіміз келеді. Себебі, бізді уақытты қабылдап, ауыратын жерімізді сұрап, оның қалай басталғанын, ауру неден пайда болатынын асықпай түсіндіріп берген де осы аяулы жандар. Олардың емделу жолдарын айтып, сараптама қорытындыларын жан-жақты зерттеп қарайтынын байқадық. Ауырып ем іздеп барғанда, дәрігердің күлімсіреп қарағанының өзі жанға дауа, шипа болғандай болды.

Рахмет саған, ақ халатты абзал жан!

Құрметпен,
Гүлсара АБДРАХИМОВА.

«БАЯҒЫ ЖАРТАС – СОЛ ЖАРТАС»

Газетіміздің 26 тамызда «Тасаға тығылған жол белгі» атты шағын мақала жарық көрген болатын.

Онда «Көкжиек» шағынауданындағы орталық көшеде бір бағытта жүруге арналған ескерту белгісінің ағаштың қалқасында тұрғаны, әлгі тактаны біреу арнайы барып ашып көрмесе, еш адам баласы байқамауы мүмкін екені жазылған. Бұл жайында әлеуметтік желідегі парақшамызда С.Серікбайұлы есімді азамат та ойын білдіріп, өтініш қалдырған болатын.

Пікірге қатысты Жетісу ауданының көріктендіру бөлімі «30 тамызға дейін ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары орындалады» деп жауап берген. «Орындалмайтын іске уәде беріп не керек, әлгі такта ағаштың қалқасына жасырынып әлі тұр. Бүгін міне, тамыз емес қыркүйектің 15-і болды. «С бітті, қу кеттінің» кері. Әкімдіктің уәде бергенінен бері тура 30 күн өтті. Бұл белгі өзгелер үшін қажет болмаса да, жолда жүретін барлық көлік жүргізушілер үшін маңызды. Біріншіден, белгіні көрмей, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін,

Жетісу ауданының әкімдігі уәдеде тұрмады



екіншіден, айыппұл арқалауы ықтимал. Сондықтан халыққа қызмет етуге салғырт қарайтындар айыппұл төлеуді бірінші өздерінен

бастаған дұрыс» дейді көкжиектіктер.

Дайындаған
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Заңсыз залал тыйылмай тұр

Қаладағы заңсыз кесілген 300-ге жуық ағашқа қатысты тергеу шаралары әлі де жалғасып жатыр. Жағдайдың анық-қанығын зерттеп, нақты ақпарат беру үшін сарапшылар мен басқарма мамандарынан, сондай-ақ, белсенділер мен тәртіп сақшыларынан құралған комиссия жұмыс жүргізуде.

«Нәтиже шықпай тұрып, бірдеңе деу қиын. Қазір мамандар

«Сол 300-дей ағаштың ішінде Қызыл кітапқа енгендері расымен бар ма, жоқ па?» деген сауалға жауап іздеп жатыр. Алдын ала жасалған болжамға сенсек, кесілгендердің ішінде Сиверс алмасы да болуы мүмкін. Бәріміз сараптама нәтижесін күтіп отырмыз. Қазір не істеліп жатыр? Қалалық жобалау басқармасындағы әріптестерімізбен бірге ірі құрылыс нысандарының жұмысы басталмас бұрын мониторинг жүргі-

земіз. Заңбұзушылық анықталған жағдайда іске полиция өкілдері қосылып, айыппұл салады немесе жауапкершілікке тартады», – деді қалалық Жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинская.

Былыр Алматыдағы Sulpak сауда үйінің алдындағы 13 ағаштың кесілуіне қатысты да осындай шу шығып, қылмыстық іс қозғалған. Сол оқиғадан кейін басқарма мамандары нақты іске көшкен.

Айыппұл салынды

Қала полициясы әл-Фараби даңғылының бойында жайылып жүрген бір үйір жылқының иелерін тауып, оларға айыппұл салды.

Әл-Фараби даңғылының бойындағы Президент саябағы маңында жайылып жүрген жылқылардың видеосы әлеуметтік желіде тарады. Полиция департаменті жылқылардың әл-Фараби даңғылында жайылып жүргені туралы ақпарат расталғанын хабарлады.

«Аталған мекенжайға Бостандық ауданының табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері аттанды. Тәртіп сақшылары жануарлардың (жылқылардың) иесін анықтады. Оларға қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасының 408-бабы бойынша әкімшілік хаттама жасалды. Айыппұл салынды. Сонымен қатар, профилактикалық әңгіме жүргізілді», – деді Бостандық аудандық полиция басқармасының бастығы Думан Аухадиев.

Дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

АЛМАТЫ – МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ



Динара МҰРАТ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполис экономикасын, кәсіпкерлікті дамытуды, ШОБ өкілдеріне қолдау көрсетуді және мыңдаған жұмыс орны құрылатын Индустриалды аймақтың маңыздылығын үнемі атап өтеді.

Алматы – кәсіпкерліктің қазаны кайнаған мүмкіндіктер қаласы. Мұнда ірі өнеркәсіптен бастап шағын және орта бизнестің түрлі нысандары шоғырланған. Оңтүстік астананың индустриялық аумағында жыл соңына дейін 823 жұмыс орнын құрайтын 40,3 млрд. теңгеге 9 жоба іске асатын болады. Әсіресе, қазақстандық өнім шығарушы компанияларға түрлі жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, 2019 жылы «Даму» қорының дәстүрлі өндірушілер көрмесіне қатысқан «RISMI group» компаниясы қазіргі таңда Қазақстан аумағында аэрозоль өнімдерін шығаратын жалғыз кәсіпорын. Болашақта олар автокөлік бағыты бойынша тауар позицияларының 30-дан астам атауын шығаруды жоспарлауда. Қазірдің өзінде тауарлардың 17 түрі шығарылады, қалған 13 позиция 2021 жылдың соңына дейін өңделетін болады.

Індет пен міндет


Қандай бизнес түрі болмасын, тәуекелдер орын алмай қоймайды. Әсіресе, бүкіл еліміз бойынша төтенше жағдайдың жариялануы қарапайым адамдарға ғана емес, бизнес нысандарына да үлкен соққы болды. Тұтынушылар қауымы тек жеке тұлғалардан тұратын жас компания да бұл тығырықтан шығатын жолдарды іздеу қиынға соққанын айтады. Тіпті, қызметкерлерді таратуға тура келген, бірақ басшылық ешкімді жұмыстан шығармаған. Әйтеуір бір айдан кейін



өндірісті жалғастыруға рұқсат беріліп, бұрынғы жұмыс режимі қалыпқа келген. Сондай-ақ, өндіріс Алматы қаласынан 50 шақырым жерде орналасқандықтан, қызметкерлерді тасымалдау үшін жолаушылар газелі сатып алынды, карантиндік шараларға сәйкес жұмыс орындары дайындалды.

Өндіріс қарқыны

Қазір компанияның балансында аэрозоль өнімдерін шығаратын үш желі бар, үшеуі де толықтай іске қосылған. Бір желінің қуаттылығы – бір түрдегі өнімнің 3000 данасы. Өндіріс меншігіндегі зауытта 50-ден астам адам жұмыс істейді. Барлық қызметкерлер қауіпті компоненттермен жұмыс істеу үшін арнайы оқытудан өткен, оны дәлелдейтін куәліктері бар. Жалпы, сатылымға ұсынылатын тауарлар арасында: аэрозоль өнімдерінің 25 позициясы, 20 еріткіш және 20-дан астам автопарфюм түрлері бар. Қазақстан халқы



тауарды кез келген қаладан сатып ала алады. Сондай-ақ, өнімді тарату ауданы жыл санап ұлғаяуда. Ресей мен ТМД қазірдің өзінде біздің Алматы маңында шығарылған отандық тауарды пайдалануда.

Аталған компанияда 10-нан астам жеткі-

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ



Айжан БҮРКІТБАЕВА

14 қыркүйекте Алматы қалалық ардагерлер ұйымының X есеп беру сайлау конференциясы өтті. Конференцияға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, Социалистік Еңбек Ерлері В.Сидорова, Л.Кочетова, қалалық Ардагерлер кеңесінің қоғамдық комиссиясының төрағасы Н.Токмолдаев, «Даңк» орденінің иегері С.Әуелбаева, қаланың ардагерлер қозғалысының белсендісі А.Нұрланов, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Ш.Жәнібеков, сондай-ақ онлайн форматта аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағалары қатысты.

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың атынан ардагерлерге Тәуелсіздіктің 30 жылдық кезеңінде қаланың дамуына қосқан зор үлесі үшін алғыс айтып, денсаулық пен бақ-береке тіледі.

Жиын барысында ағымдағы жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланды. 2016 жылғы 1 сәуірде өткен IX конференциядан бергі бес жыл уақыт ішінде Алматының ардагерлер ұйымы 25 мың адамға көбейді. Бүгінде қалада 232 мыңға жуық зейнеткер тұрады. Биыл қала бойынша әлеуметтік қолдауға 25 млрд. теңге бөлініп, 124 мың адам қамтылды. Сонымен қатар, еңбек ұжымдары мен демеушілер 52 мың соғыс және еңбек ардагерлеріне 200 млн.теңге сомасына түрлі әлеуметтік қолдау көрсетті.

– Қалада 9 белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жұмыс істейді, оларға 25 мың қарт адам барады. Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында, скверлерде, саябақтарда, спорт алаңдарында түрлі спорттық-сауықтыру іс-шаралары өткізіледі. Жыл сайын спорттық іс-шараларға 3 мыңнан астам зейнеткер қатысады, олар шахмат, дойбы, тоғыз құмалақ, теннис, бильярд, боулинг, атыс бойынша жарыстар. Барлық жерде скандинавиялық жүріс, йога, айқун және басқа да сауықтыру шаралары бойынша сабақтар өткізіледі. Алматыдағы ардагерлер ұйымдары үнемі оқиға ортасында болып, әрі қарай қаланың қоғамдық өміріне белсенді, тікелей қатысатын болады. Өскеген ұрпаққа әрдайым үлгі көрсететін қарияларымыз бар, – деді өз сөзінде Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов.

Конференцияға қатысушылар ардагерлер ұйымының биылғы атқарылған қызметтерін пысықтап, алдағы кезеңге арналған міндеттерді белгіледі.

Лидия КОЧЕТОВА, Социалистік Еңбек Ері:

Қазіргі уақытта пандемияға қарамастан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында біздің алдымызға нақты міндеттер қойды. Көпті көрген, тәжіри-

біздің қалалық ардагерлер ұйымының X есеп беру сайлау конференциясы өтті. Конференцияға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, Социалистік Еңбек Ерлері В.Сидорова, Л.Кочетова, қалалық Ардагерлер кеңесінің қоғамдық комиссиясының төрағасы Н.Токмолдаев, «Даңк» орденінің иегері С.Әуелбаева, қаланың ардагерлер қозғалысының белсендісі А.Нұрланов, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Ш.Жәнібеков, сондай-ақ онлайн форматта аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағалары қатысты.

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың атынан ардагерлерге Тәуелсіздіктің 30 жылдық кезеңінде қаланың дамуына қосқан зор үлесі үшін алғыс айтып, денсаулық пен бақ-береке тіледі.

Жиын барысында ағымдағы жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланды. 2016 жылғы 1 сәуірде өткен IX конференциядан бергі бес жыл уақыт ішінде Алматының ардагерлер ұйымы 25 мың адамға көбейді. Бүгінде қалада 232 мыңға жуық зейнеткер тұрады. Биыл қала бойынша әлеуметтік қолдауға 25 млрд. теңге бөлініп, 124 мың адам қамтылды. Сонымен қатар, еңбек ұжымдары мен демеушілер 52 мың соғыс және еңбек ардагерлеріне 200 млн.теңге сомасына түрлі әлеуметтік қолдау көрсетті.



белі ардагерлер жастарға рухани, адамгершілік тәрбие беруде ұрпақтар эстафетасының жолсеріктері. Біз әрқашан ҚР Президентінің саясатын қолдаймыз. Әкімдік, қоғамдық ұйымдар, мәслихат депутаттары қала ардагерлеріне қамқорлық жасауды жалғастыруда. Өуезов ауданында 46 мыңнан астам зейнеткер тұрады, оның ішінде 19 ҰОС мүгедектері мен қатысушысы, 2000 еңбек майданының қатысушысы, 9 фашистік лагердің тұтқыны, 9 Ленинград қоршауының қатысушысы, 2 Социалистік Еңбек Ері бар. Қазіргі уақытта ардагерлер жастармен бірге елдің экономикалық және рухани жаңғыруын жалғастыруда. Еліміздің әл-ауқатын жақсарту үшін Жолдаудың барлық міндеттерін белсенді түрде жүзеге асыратын боламыз. Ардагерлер ұйымдарының басты мақсаты – зейнеткерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, қозғалыстың бірлігін нығайту.

Вера СИДОРОВА, Социалистік Еңбек Ері:

Бүгін тарихи маңызы бар оқиға орын алып отыр. Яғни, республиканың ардагерлер ұйымы дүниеге келген сәттен бастап 35 жыл уақыт өтті. Бүгін қаланың Ардагерлер кеңесінің көптеген мүшелері көптеген әлеуметтік мәселелерді талқылап, экономикалық белсенді дамуға қатысты бірқатар қарттар өмірінің проблемаларын жақсы біледі десек болады. Кезінде зейнетақы мен жалақыларын қысқартып тастаған қызметкерлер ардагерлерден келіп көмек сұрайтын. Қаланың ардагерлер ұйымы олардың барлық мәселелерін шешуге белсенді қатысты. Қазір де республика алдында міндеттер

зүші бар. Олардың ішінде біраз серіктес компаниялармен он жылдан астам уақыт бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, ресейліктерден жоғарыда аталған өнімдерді дайындауда аса қажетті химия алынады екен. Ал Қытайдан химияның бір бөлігі, негізінен жабдықтар мен бүріккіш бөтелкелер әкелінеді.

Технологиялық үрдіс формуласы

Компания ауданы 2350 шаршы метр болатын аэрозоль өнімдерін шығаратын өз зауытын іске қосқаны бұған дейін де хабарланған болатын. Оның ішіне әкімшілік ғимарат, өндіріске арналған 3 цех пен шикізат пен дайын өнімге арналған бірнеше қойма, сонымен қатар, қоспаларға арналған бірнеше резервуарлар орнатылған. Өнімді әзірлеумен компания директорының өзі айналысады, оның өзіндік өнім жасау технологиясы бар. ЖШС стандарты бойынша директор барлық сандар мен пропорцияларды өндіріске технологияға береді, ол өз кезегінде сынақ даналарын жасап, өнімді сынайды, талдау жүргізеді. Барлық сынақтардан өткеннен кейін ғана технологиялық процестің формуласын директор бекітеді. Егер сынақ барысында қандай да бір өзгерістер болса, акпарат директорға жіберіледі. Өз кезегінде оң өзгерістерді басшылық растаған жағдайда технологиялық процесс әрі қарай жалғасып, өнім өндіріске жіберіледі.

Қазақстан нарығында 15 жыл, өндіруші ретінде 10 жыл еңбек етіп келе жатқан бұл өндіріс ошағы тауарлардың сан түрлілігімен, ең бастысы, қазақстандық брендтің танылуына өз үлесін қосып жатқан, алматылық бизнестің әлеуетінің бейнесіне айналып отыр. Соңғы уақыттары компания импорттық шикізаттан толық бас тартуды кездеспей отыр. Мұның барлығы мемлекеттік, жергілікті билік органдары мен кәсіпкерлердің өзара түсіністікке құрылған тығыз жұмысының арқасы.

ӨНЕГЕ БАСТАУЫ

Мегаполисте қалалық Ардагерлер кеңесінің жұмысы қорытындыланып, Қазақстан ардагерлер ұйымының VIII съезіне делегаттар сайланды

өте көп. Мен Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевты өте құрметтеймін, ол дипломат, жоғары білімді адам. Ол халық пен ардагерлердің өмірін жақсарту үшін барлығын жасайды. Біздің міндетіміз – зейнеткерлердің өміріне қамқорлық жасау ғана емес, сонымен қатар мемлекетіміздің тұтастығына қамқорлық жасау. Менің ойымша, біздің халық пандемияны жеңеді. Барлығыңызға бақыт тілеймін және біздің республикамыз Кеңес Одағының бұрынғы одақтас республикалары арасында көшбасшы болсын. Бұл үшін барлық мүмкіндіктер бар. Ардагерлер ұйымы Мемлекет басшысы қойған барлық міндеттерді іске асыру үшін өзінің ақыл-кеңесін, ойын, тәжірибесін, ұйымдастырушылық қабілетін бөлісуге дайын.

Жақсылық ӘМІРХАНОВ, Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Ауданымыздың Ардагерлер кеңесінің басты міндеттерінің бірі – жас ұрпақты тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу, еңбексүйгіштікке үйрету және мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қосу. Жастар – біздің болашағымыз, олар халқымыздың құндылықтарын сақтауға тиіс. Ардагерлер қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Барлық ардагерлер мен зейнеткерлерге азық-түлік себеттері және қайырымдылық көмек түрінде қолдау көрсетіледі. Біз медициналық, тұрғын үй, коммуналдық қызметтерді жақсарту бойынша ұсыныстар енгіземіз, сондай-ақ зейнеткерлерді қорғау және қолдау мәселелері шешіледі. Сонымен қатар, аға буынның өмірін жақсарту үшін маңызды міндеттерді шешу бойынша тұрақты түрде кездесулер өткізіледі.

Сәбира ӘУЕЛБАЕВА, «Даңк» орденінің иегері:

Бүгін отырыста қаланың ардагерлер ұйымдарының атқарған жұмыстары туралы есептер тыңдалды. Әр аудандағы Ардагерлер кеңесі зейнеткерлердің өміріне қамқорлық жасайды, әлеуметтік қызметкерлерді ұсынады, үйірмелерге шақырады. Мен Наурызбай ауданында, қаланың ең жас бөлігінде тұрамын. Біз әкімдікпен бірлесіп жұмыс істейміз, жергілікті ардагерлер мен зейнеткерлерге идеялық, ағартушылық, қайырымдылық көмек пен қолдауды жалғастырамыз, қарттарды ауданның қоғамдық өміріне тартатын боламыз. Біз өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатын көтеруіміз керек, өз еліміздің патриоты болуымыз керек және ел игілігі үшін қолымыздан келгенін бәрін жасауымыз керек.

Қазақстан ардагерлер ұйымының VIII съезіне делегаттар сайланды.



ЖОБА

Білім министрлігінің мына бір жақсы жаңалығы көпшілікті қуанытып отыр. «Болашақ» бағдарламасының 150-ден астам түлегі еліміздің 100 мыңнан астам оқушысының мамандық таңдауына көмектесетін болды.

«Болашақ» түлектері бағдар бермек

Жоба барысында «болашақтықтар» 9–11-сынып оқушыларына осы тұрғыда бағыт-бағдар береді. Осы жобаға қатысуға ниет білдірген бағдарлама түлектері өз тілектерін білдіруде. Сонымен қатар, олар өз білімдері және дағдыларын бөлісіп, бір жыл бойы оқушыларға тәлімгер болады. Аталмыш жоба 13 қыркүйек күні Түркістан облысында басталды.

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ вице-президенті Ғалия Досмұхамбетованың айтуынша, еліміз бойынша «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде 11 мыңнан астам жоғары білікті маман даярланды. Олардың дені экономиканың басым секторларында жұмыс істеп жүр. Түлектердің бастама көтеріп, ақысыз қолдау көрсетуі ата-аналарды да қуанытып отыр. Ментор-бағдарлама түлектерінің қатарында инженерлік-техникалық, медициналық, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымының докторлары да бар.

Бұл ретте Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының сарапшысы, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Рамазан Досов: «Колумбия университетінде оқып жүргенімде көптеген еріктілердің жобаларына қатыстым. Жобаға қатысушылар қоғамның дамуына, білім беру сапасын жақсартуға және болашақ ұрпақтың өмір сүру деңгейін арттыруға зор үлес қосып отыр», – дейді.

Осылайша жаңа жобаны қолға алған «Болашақ» бағдарламасының 150-ден астам түлегі менторлық бойынша ерікті ата-нып отыр.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

Жақында әлеуметтік желілердің бірінен «Бүгінгі мектеп балаға негізгі үйретпейді?» деген тақырыптағы пікірталасты көріп қалдым. 1,6 миллион оқырманы бар белгілі бір журналист, блогер: «Бүгінгі мектеп балаға дұрыс инвестициялауды, қалай бизнес бастауды, қалай дұрыс сатуды, қалай еркін ойлауды, қалай уақытты тиімді пайдалануды, адамдармен байланыс орнату мен командаға жұмыс істеуді, сәтсіздіктермен күресуді және ақиғаға қалай қарауды» үйретпейді деп жазып, «Мектепте тағы не үйретпейді?» деп оқырмандарына сауал қойған екен.

Енді мына қызықты қараңыз. «Арман мен мақсаттың не екенін жоғары сынып оқушылары білмейді» деп бір ата-ана пікір қалдырған екен. Тағы бір оқырман: «балаларға қаржылық сауаттылықты үйрету керек» десе, Смағұл есімді оқырман: «кателесуден қорықпауды үйрету керек» дейді. «Балалардың өзін-өзі бағалауды үйреткен жөн. Бірақ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қазақ мектептерінде бала не істесе де қате. Кей балаларды мұғалім тіпті төмендетіп, «адам болмайсың» дегенді миына құйып тастайды» деп пікір қалдырған. Ал Жалғас есімді бір оқырман әуелі ұсыныс білдірген: «Оқушыларға алғашқы көмек көрсетуді үйрету керек. Мектепте дәл осы білім берілсе, өмір бойы азық болар еді» депті.

Дана ЖОЛДЫБАЕВА, екі баланың анасы:

– Мектеп бағдарламасына көңілім толады. Ол білім балаларға жақсы беріліп жатыр. Одан бөлек, Абайтану пәні болса деймін, ұлттық салт-дәстүріміз оқыла деген тілек бар. Психология сабақтары да маңызды дер едім. Өзінді жақсы көру, бағалау, ортада қалай ұстаған жөн деген сабақтар берілсе, бұл адамның ішкі «менін» мектеп жасынан бастап қалыптастырар еді. Этика мен эстетика сабақтары, мақал-мәтелдерді жаттауға аптасына бір рет уақыт бөлсе, шешен сөйлеу, көпшіліктің алдында өзінді қалай ұстау керек дегенге қосымша пәндер болса, балалар үлкен өмірге аяқ басқанда кез келген жағдайдан өзі шығуға қабілетті болар еді.

Салтанат САХАЕВА, IT-маманы:

– Менің ойымша, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуі өте маңызды. Міне, соны мектептен бастап үйретсе, жақсы болар еді. Америкалық педагог Дейл Карнегидің кітаптарын білім бағдарламасына енгізсе, адам психологиясының әліппесін осы автор өте жақсы жазады. Автордың кез келген кітабы адами қарым-қатынас, психологияға байланысты классикалық білім бере алады. Одан кейін ер бала мен қыз баланың психологиясы екі түрлі болатынын ескеріп, сол тұрғыда білім берілсе, отбасылы болғанда жастар қиналмайтын еді. Бұл жағдай өз басымнан да өтті, сол үшін бұл сұрақтың өмірлік маңызы бар дер едім. Ислами, имани тәрбие беріліп, өзге адамдардың еңбегін бағалауды да мектепте үйрету маңызды.

ПЕДАГОГИКА

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ МОДЕЛІ ҚАЛЫПТАСТЫ

30 жыл ішінде еліміздің білім беру жүйесін дамытуға бағытталған көптеген мемлекеттік бағдарламалар қабылданды



Рая
ЕСКЕНДІР

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі білім жүйесі де түрлі өзгеріске ұшырағаны белгілі. Төл оқулықтарымыз жазылып, ұлттық білім моделі қалыптасты.

Әрине, ұлттық білім ең алдымен адами ресурстар дайындығының сапасын арттыруға, жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қажеттілігін арттыруға негізделді. Бұл тұрғыда нормативтік-құқықтық база қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. 30 жыл ішінде еліміздің білім беру жүйесін дамытуға бағытталған сан түрлі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылды. 2019 жылы Білім мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған мәліметтерге сәйкес, еліміздің Адами даму индексі бойынша соңғы 10 жылдың ішінде 16 пайызға жоғарылап, адами капиталы өте жоғары елдердің қатарынан орын алды. Қазақстан 2009 жылдан бері IMD рейтингіне қатысып, «Білім беру» субфакторы бойынша 43-орыннан 2019 жылы 26-орынға дейін жақсарды. Ал 2019 жылы Бүкіләлемдік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі рейтингінде 55-орынды иеленді.

Біз білім саласын ауызға алғанда мектепке дейінгі тәлім-тәрбиеге де тоқталамыз. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында еліміздегі мектепке дейінгі білім беру ұйымдары 1991 жылғы 8881-ден 2000 жылы 1089-ға дейін қысқарған еді. Экономика тұрақтана бастаған кезде Мемлекет басшысының тапсырмасымен балабақшалар салу және қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Соның арқасында балалардың мектепке дейінгі тәлім-тәрбиемен және біліммен қамту көрсеткіші 9,6 есеге ұлғайып, 2020 жылы 98,7 пайызға жетті. Мектепке дейінгі білім беруді дамытуда мемлекеттік-жекешелік серіктестікке басымдық беріле бастады.

20 жылдың ішінде жекеменшік балабақшалардың саны 28 есе, 162-ден 4608-ге дейін ұлғайды. Сондай-ақ, ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту ісіне де айрықша мән беріліп келеді. Еліміз бойынша 2019 жылдан



бастап мектепке дейінгі ұйымдардың 28,1 пайызында инклюзивті білім беру үшін жан-жақты жағдай жасалды.

Бұған қоса, мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы енгізіліп, балабақшаларды лицензиялау рәсімі жеңілдетілді. Мектепке дейінгі мекемелерде «Балбөлек», «Қайнар», «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» сынды отандық бағдарламалар жүзеге асырылды. Мәселен, 2016 жылдан мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мен білім берудің үлгілі бағдарламасы қолға алынып, мектеп жасына толмаған сәбилердің бойында болуы тиіс базалық дағдылар айқындалды. Ал 2017 жылы осы аталған бағдарламаның мазмұны жаңартылып, балалардың икемділігі мен дағдысының дамуын бағалау индикаторларының жүйесі енгізілді. Сөйтіп, 2018 жылы мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандарты бекітілді. 2019 жылдың қыркүйегінен бастап Елбасы тапсырмасына байланысты балаларды ерте жастан бастап дамыту бағдарламасы қолға алынды. Қалалар мен аудан орталықтарындағы балабақшаларға жолдама беру автоматтандырылды. Бұл жұмыс та өзінің нәтижесін берді. Бүгінгі таңда ата-аналар балабақшаларды өздері таңдауға мүмкіндік алды. Мектепке дейінгі мекемелер 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен қамтылған.

Тәуелсіздік алғалы еліміздегі мектептер саны артып, 7440-ке жетті. Бүгінде осы мектептерде 3,4 млн. бала білім алып жатыр.

Еліміздегі мектептерді интернет желісіне қосу үшін ауқымды жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде еліміздегі білім ордаларының 96,8 пайыздан астамы жылдамдығы секундына 4 мбит болатын кеңжамақты интернетпен қамтамасыз етіліп отыр.

Еліміз бойынша білім мазмұны жаңартылған 20 Назарбаев зияткерлік мектебі ашылса, қазіргі уақытта дәл осы мектептердің тәжірибесі еліміздің бүкіл білім жүйесіне енгізілуде. Оқушылар өздерінің алған білімдерін тәуелсіз халықаралық бағалауға мүмкіндік алып, PISA, TIMSS, PIRLS сынды зерттеулерге де қатысуда. 2017 жылдан бастап информатика, физика, химия, биология сынды жаратылыстану-математика циклындағы пәндер оқушылардың қалауымен ағылшын тілінде оқытыла бастады. Мектептерде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Аймақтану хрестоматиясы, сондай-ақ, 5–7-сыныптарда «Қазақстан тарихы», география, қазақ әдебиеті, музыка пәндері бойынша қосымша құрал енгізілсе, оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылды. Дәл қазір еліміз бойынша 15 орталық пен 198 кабинет жұмыс істейді.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде жыл сайын орта есеппен 10 мыңнан астам жас маман республика мектептерінде жұмысқа орналасады.

2018 жылдан мұғалімдерді аттестациядан өткізудің жаңа жүйесі енгізілді. Ұлттық біліктілік тестін сәтті тапсырған педагог жалақысына 30-дан 50 пайызға дейін үстемақы алады. Елбасының тапсырмасына сәйкес, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес, педагог мамандығының мәртебесін арттыру үшін жүктеме 18-ден 16 сағатқа дейін қысқартылды. Сондай-ақ, педагогтердің жалақысы қосымша ақы мен үстемақылардың артуы есебінен 45 пайызға, осы жылдың қантарынан 25 пайызға артты. Еңбек демалысы 42 күннен 56 күнге ұзартылды. Ұлттық біліктілік тестілеу қорытындысы бойынша мектеп директорлары мен олардың орынбасарларының жалақысы көтерілді. Олар лауазымдық жалақыларына қарай 30-дан 100 пайызға дейін қосымша ақы алады. Елімізде педагогтерді қызметіне кірмейтін жұмыстарға тартуға заңмен тыйым салынған.

ҒЫЛЫМ

Зерттеулерге қаржы бөлінеді



Рая
ЕСКЕНДІР

Елімізде Білім және ғылым министрлігі жанынан құрылған Жас ғалымдар кеңесі бар. Жас ғалымдардың табысты ғылыми зерттеулері еліміздің экономикасы мен ғылымының қарыштап өркендеуіне өз үлестерін қосып отыр.

Тәуелсіз ел тарихында 2015 жылдың желтоқсанында алғаш рет ел Президенті Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік сыйлығымен 40 лауреатты марапаттаса, осы сыйлық 2019 жылы 29, 2020 жылы 15 лауреатқа табысталды.

Жалпы, елімізде жыл сайын 6 атаулы сыйлық және 75 мемлекеттік ғылыми стипендия, оның ішінде талантты жас ғалымдарға арналған 50 стипендия беріліп келеді. Дәл қазіргі уақытта еліміздің жас ғалымдары үшін алғаш рет ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға арналған конкурс өткізіліп жатыр.

Ал 2019 жылдан бастап еліміздің барлық университеттерінде Технолологиялар трансферті кеңсесіне арналған гранттар бөлу аясында 1500 ғалым мен қызметкерді оқыту басталды.

Бұдан өзге, Қазақстан ғалымдары халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым жариялауға да белсене атсалысуда. Бүгінде Scopus мәліметтері бойынша қазақтандық ғалымдар жарияланымдарының жалпы саны 19 879-ға, ал Web of Science мәліметтер базасында 25 088 мақалаға жеткен.

Сауалнаманы жүргізген
Әсел ДАҒЖАН.

КАРДИОЛОГИЯ

Қазақстан жүрек-қан тамырлары ауруларынан көз жұму көрсеткіші бойынша ТМД елдері арасында Ресей мен Украинадан кейінгі 3-орында тұр. Нақты айтсақ, елімізде жыл сайын жүрек-қан тамырлары ауруынан 80 мыңнан аса науқас көз жұмады екен. Ал жалпы, жүректің ишемиялық ауруымен ауыратындардың саны 1 миллион 300 мыңнан асыпты. Оның 36 мыңына хирургиялық ем қажет көрінеді. Оның үстіне, бір жылда республикада 15-16 мың операция жасалуға тиіс болса, қазір соның 2 мыңына ғана жасалады екен. Демек, еліміздегі кардиоорталықтарда ота жасалуға тиіс науқастар саны тым көп деген сөз.

А

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Кардиологтар жетіспейді

Жалпы, еліміз бойынша кардиология саласы білікті мамандарға аса зәру. Денсаулық сақтау министрлігінің жүйесінде кардиология саласы дәрігер-мамандармен толық қамтылмаған. Кардиолог мамандардың жетіспеушілігі қалада 30 пайызды құраса, ал ауылды жерлерде бұл көрсеткіш 50 пайызға жетіп отыр. Ал бар мамандардың көбісінде квалификациялық категория жоқ. Жалпы, жастардың дәрігер мамандығына деген қызығушылығы жыл санап азайып келеді. Өйткені, бүгінгі жастар он жыл оқып, мардымсыз жалақымен жұмыс істегісі келмейді. Сондықтан дәрігердің статусын айқындап, жалақысын арттыру қажет-ақ. Өйтпейінше, аурумен күресте толық оң нәтижеге қол жеткізу қиын. Бұл мәселені бүгін шешпесек, ертең маман тапшылығын бұдан да қатты сезінуіміз ықтимал.



Спортпен шұғылдану маңызды

Жалпы, жүрек-қан тамырлары ауруларынан адам шығынын азайту үшін ең бірінші, халықтың әл-ауқатын көтеріп, олардың жүйке жүйесіне түсетін салмақты азайтуымыз керек. Әрдайым дәрігерлік шараларды жүргізе отырып, экологиялық мәселелерді де дер кезінде шешкеніміз жөн.

Барлық деңгейде штат құрылымдарын кардиолог мамандармен қамтамасыз етуге тиіспіз. Сонымен қатар, дәрі-дәрмектің бағасын қалыпқа келтіріп, медициналық сақтандыруды дамытуымыз керек. Ең бастысы, дәрігерлердің жалақысын көтермей, нәтижеге қол жеткізу өте қиын.

Жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын өлімнің көбеюіне ең басты себеп, адамдардың өз денсау-

лығына көңіл бөлмеуі, экологияның бұзылуы, қоғамдағы әлеуметтік жағдайдың төмендігі, адамдардың жүйке жүйесінің шаршауы секілді түрлі факторлар әсер етіп отыр. Онымен қоса, уақытынан кеш қимылдайтын жайбасарлығымыз тағы бар. Артық салмақ қосу, семіздік те қан тамырлары ауруларының көбеюіне әкеліп соғуда. Сондықтан халықтың дұрыс, уақытылы тамақтану мәдениетінің де маңызы зор. Дүние жүзі бойынша аталмыш аурудан өлім-жітім саны төмен елдер: Финляндия, Канада, Куба, Жапония, т.б. мемлекеттер. Оның негізі, сол елдің денсаулық саласына қаржы көп бөлінгендіктен емес, халықтың салауатты өмір салтына, дұрыс тамақтану мәдениетіне, медициналық сауатынын жоғарылығына байланысты.

Ауру жасарып барады

Қазір жүрек талмасымен ауыратындар саны жасарып барады. Бұрын бұл ауруға алпыстан асып, жетпіске жеткендер ғана шалдығатын болса, бүгінде жиырманың үстіндегілер де дәрігерден көмек сұрайтын болды. Тіпті, жаңа туған балаларымыз да жүрек ауруымен ауыруда. Өкініштісі сол, бұл ауру болашақ ұрпағымызға әсер етіп отыр. Сондықтан медицина саласына көңіл бөліп, әсіресе жүрек-қан тамырлары ауруларынан келетін өлім-жітімді мейлінше азайтуға тиіспіз. Ал үлкендерге айтар кеңес тым қарапайым, сергек жүріп, салауатты өмір салтын ұстанып, темекі шекпей, дұрыс тамақтанып, дене салмағын қалыптан асырмай, көбірек қимылдауы қажет.

Қазір халықтың арасында жүйке жүйесі шаршаған, түрлі күйзеліске ұрынғандар көп. Күйзеліс адам жасына қарамай жүрек талмасына ұшырататынын дәрігер мамандар дәлелдеп отыр. Көңіл күйдің толқуы, мазасыздануы, біріншіден, адамның миы арқылы беріледі екен. Демек, жағымсыз эмоциялар вегетативтік жүйке жүйесін қоздырып, одан барып ағзадағы қан айналымына, ішкі органдарға, эндокриндік бездердің қызметіне әсер етеді. Соның салдарынан ағзадағы гормондардың балансы бұзылып, оның әсері жүректің соғысының, ырғағының бұзылуына, қан қысымының көтерілуіне, бұлшық еттердің, қан тамырларының тартылуына апаратын көрінеді. Жүректің, мидың қан тамырларының қысылуы инфаркт, инсульт секілді ауыр жағдайға алып келуі мүмкін. Демек, адамның жүйке жүйесінде азғантай ауытқу болса, ол бірден – жүрекке, одан әрі басқа да ішкі органдардың қызметіне әсер етеді. Бұл ретте жастардың жүйке жүйесі сезімтал және жағымсыз әсерлерге төзімсіздеу келеді. *«Сондықтан жастар арасындағы жүрек ауруының алдын алу үшін медициналық психологтерді дайындауымыз керек»*, – дейді дәрігер-мамандар.

P.S.: Міне, жүрек-қан тамырлары аурулары жөнінен мамандардың көтеріп отырған мәселесі осы. Олар бұл мәселенің қаншалықты ушыққанын көрсетіп, оған түзуге болмайтынын айтуда. Тіпті, оның алдын алу жолдарын да шама-шарқынша көрсетіп отыр. Біздің міндет – ой тастау, ал оның іс жүзінде жүзеге асуы денсаулық сақтау саласы басшыларының құзырындағы мәселе...

МӘСЕЛЕ



А

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

...Айнаның өмірі айнадай болған жоқ. Жетімдіктің зардабын, өгей шешенің азарын көп тартты. Әкесі марқұм тұйықтау кісі еді, «қызым» деп маңдайынан бір сипамапты. Жақсы көрген шығар-ау, бірақ сыртқа шығарады әкелік сезімін. Ал Айна сол бала күнінен жылға, мейірімге зәру болып өсті.

Қайдағы мейірім, жылылық, күздің қара суығында дірдектеп, жұқа тәпшікемен ауылдың анау басындағы колонкадан су таситын. Бір фляга суды қара терге малшынып арбамен сүйреп келетін. Сонда тоңғанын да білмепті. «Шешем сөйлемесе, қарғамаса екен. Бір кесе шайымды тып-тыныш отырып ішсем екен» деген оймен қаршадай қыз үйдің тірлігін бір өзі тындырып қоятын. Қыстығын қар астында жатқан ауладағы көмірді де шелекке өзі салып, көтеріп келе беретін үйге. От жағады. Шешесі жұмыстан келгенде үй жылып тұрса, сосын мұны мақтаса. Солай армандайтын бала көңіл. Бірақ шеше тарапынан ешқашан жылылық болған емес. Ал әйел ізінен еріп келген өзі құралпылас шолжаң қызын еркелеткенде, іші өртеніп кететін қызғаныштан. Бірақ жылауға да қорқатын.

Бала күнінен стрес пен депрессиядан өзін өзгелерден қор санап, тоыып та тамақ ішпей, ауыр жұмыстар атқарып өскен Айна аурушаң болды. Алдына үлкен мақсаттар қойып, биік армандарға қол созатындай жағдайда болған жоқ. Оныншыны бітірген соң көрші ауылдағы әскери борышын өтеп, енді ғана оралған қарапайым шаруа жігітіне тұрмысқа шығып кетті. Сүйіп-күйген жоқ. Жігіт те сүйем демеді. Бірақ бас құрады екеуі.

Қарапайым болса да ата-енесі өте жақсы адамдар болды. Бала күнінен үй тірлігіне пісіп өскен жас келінге ешбір мін тақтады. Алдарында зыр қағып, аталап, апалап жүгіріп жүрген Айнаны күнде ішіп келіп қол көтеретін кенжелерінен қорғап-ақ бақты. Бірақ ұлдың соққысынан келіннің құрсағына біткен бала түсіп қалғанда, «Айналайын, балам, біз саған ризамыз, өкпеміз жоқ. Жасымыз келген адамбыз, мына ұлға қарсы тұрарлықтай қауқарымыз да қалмады. Бұл қу арақ кімге опа берген дейсің, сені өлтіріп қоймай тұрғанда басыңды босатайық», – деді.

Айна одан соң тағы бір рет тұрмыс құрды. Ағайындарының айтуымен әйелі өлген жалғыздікті үлкендеу еркекке қосты.

«Маған бүйрек керек...»

Жалғыз жүргенше деп, тағы да тағдырына мойынсұнды. Ал әлгі ер адам ұзақ жыл бала сүюді армандап жүрген жан екен. Айнадан жас қой, балалы болармын деп үміттенгенін де жасырмапты. Бірақ Айна бала көтере алмады. Анығында – бала көтеруге болмайды. Екі бүйрегіңде де ақау бар. Дәлірек айтсақ, екеуі де семіп қалған. Медицина қойған диагноз осы.

Орта білімнен кейін алған оқу-тоқуы жоқ Айна сонау тоқырау жылдары мектепте еден де жуды, көппен бірге қырман басына қызылша жинауға да шықты. Қысы-жазы базарда шекілдеуік, сағыз секілді ұсақ-түйектер, одан шұлықтар сатты. Бірақ денсаулығы сыр бере бастады. Қос бүйрегімен бірге өзі де солып бара жатқандай еді.

Әзірге денсаулығы гемодиализ аппаратына тәуелді.

Гемодиализ – арнайы аппараттың көмегімен адамның қанын сүзгілердің көмегімен тазарту. Яғни ол жасанды бүйрек қызметін атқарады. Оған бүйрегі жұмыс істемейтін кісілер аптасына үш реттен келіп, ағзасындағы қан құрамын тазалатады. Аппарат астында бақандай төрт сағат жатады.

Иә, адам денесі – күрделі организм. Осы организмнің денеге қажетсіз сұйық ұлын барлығын сыртқа шығаруға көмектесетін табиғи сүзгі – бүйрек. Егер ол жұмыс істеуін тоқтатса, денеге у жайылып, адамның жағдайы нашарлайды. Жалпы, бүйрек ауруының 30–40 түрі бар екен. Бүйрек қызметінің нашарлауы дертінің ең соңғы сатысы «созылмалы бүйрек жетіспеушілігі» деп аталады. Екі бүйірімізде орналасқан кіп-кішкентай ғана бүйрек күн сайын орта есеппен 200 литр қанды сүзгіден өткізеді екен. Қанды улы заттардан тазартып, ағзадағы артық суды зәрмен сыртқа шығарады. Созылмалы бүйрек қызметінің нашарлауы кезінде бүйректің зәр шығару қызметі істен шығып, улы қалдықтар ағзада қалып қояды. Сөйтіп, ағза уланады. Улы қалдықтардың көбеюі миға, жүрекке, бауырға әсер етеді.

P.S.: Әлемде жыл сайын 100 мыңнан астам адам ағзасын ауыстырады екен. Оның ішінде алғашқы орында тұрған осы бүйрек трансплантациясы.

Тұмау, тамақтан улану, ревматизм, салқын тию, алкогольді ішімдіктерден улану, міне, осылардың бәрі бүйрек ауруына әкеліп соқтыруы мүмкін. Бүйрек ауруына себеп болатын тағы бір нәрсе – сапасыз ауызсу. Суда у да, микробтар да, түрлі тұздар, ферменттер де болады. Адам ағзасына зиянын тигізетін химиялық элементтер мөлшерден көп болса, ол бүйрекке, сүзгіге барып тұрып қалады да, соның салдарынан бүйрекке тас пайда болады. Бүйрек тіні бүлінсе, ол өз қызметін атқара алмайтын халге жетеді.

Бүйрек дерті болсын, басқа ауру болсын, кеселдің тәуірі жоқ. Сондықтан шама келсе, ауырмайық, ағайын!

Қазіргі таңда бүйрек ауруы тым жасарып кетті деп дабыл қағып отыр мамандар. Бұл дерт соңғы уақытта әлемдік қасіретке айнала бастаған. Гемодиализ аппаратына тәуелді және бүйрек трансплантациясын күтіп жүргендердің мәселесі Қазақстанды да айналып өткен жоқ.

Трансплантация, яғни ағза мүшесін ауыстыру кезегінде тұрған қазақстандықтардың қазіргі саны – 3,5 мың. Олардың ішіндегі 90%-дан астамы бүйрек күтіп жүр (тұмай жатып солған балалар да аз емес). Ал одан кейінгі орындарда – жүрек, бауыр, сосын өкпе.

Жалпы, ең алғашқы бүйрек трансплантациясы 1960 жылы Ұлыбританияда жасалған екен. Ал өзіміздің Тәуелсіз Қазақстанда трансплантация 2012 жылдан бастап қарқынды дами бастады. Ол кезде елімізде алғаш рет жүрек салу отасы жасалған еді. Ал қазір өзімізде жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек, ұйқы безі трансплантаттанады. Осы жылдар ішінде операция жасалған азаматтардың 86%-дан астамы Қазақстанда тұрып жатқан көрінеді.

Трансплантация отасына кезегі жетпей, күтумен көз жұмғандар да, өкінішке орай, аз емес. Себебі, донор жетіспейді.

Бүгінде медицина қарқынды дамыған. Сондықтан тірі донордың көмегімен оның бір бүйрегін немесе бауырының бір бөлігін алып, науқасқа салу тәжірибесі кең таралған. Яғни органды ауыстырғанда бауырға байланысты адамның қан тобы, бүйрекке байланысты иммунологиялық жағынан сәйкестік болса, пациенттің туысы донор бола алады. Бірақ мұндай сәйкестіктің үнемі бола бермейтінін әрі өмір болған соң түрлі жағдайлардың орын алатынын ескерсек, трансплантациясы мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Оның ішінде мәйіт трансплантациясы әлі күрмеулі күйінде тұр. Мәселен, Америка, Еуропа елдерінде мәйіттік донордан трансплантация жасау, яғни орган ауыстыру кезегінде тұрған науқасқа өмірден өткен адамның мүшесін салу тәжірибесі кең таралған. Ал Азия елдерінде бұл әдіс әзірге құптала қойған жоқ. Бұл тұрғыдағы пікірлер әлі де екіге жарылып тұр. Бір топ «науқас адам туғанда қалай жаралса, о дүниеге солай бүтін күйінде кетуі керек» дейді. Ал екінші топ «адамға көмектесуі бірінші орында тұруға тиіс, науқастың немесе оның туыстарының рұқсатымен сау ағзасын сыртқа адамға салса, бір адамға өмір сыйлар еді» дейді. Білуімізше, дінде орган ауыстыруға мүлде болмайды деп тыйым салынбаған. Ойланарлық мәселе...

Мәйіттік донордан трансплантация жасайтын елдерге барып ота жасатқысы келетін Айна секілді жандардың қалтасы оны көтермейді, ағза ауыстыру да – қып-қызыл ақша. Мәселен, Белоруссия мемлекетіне барып бүйрек трансплантациясын жасату үшін 65 мың АҚШ доллары қаражат керек екен.

Бүйрек жетіспеушілігі ауруының күрделілігіне қарамастан, науқастардың көпшілігі толыққанды өмір сүруге мүмкіндігі бар дейді мамандар. Қазіргі уақытта жасанды бүйрекпен 20–30 жыл өмір сүре алады екен. Медицинаның дамығаны соншалық, осы ауыстырған орган жарамай қалса, тағы да ауыстыруға болатын көрінеді. Ең бастысы, пациенттер арнайы рационды сақтап, дәрі-дәрмекті, емдік іс-шараларды уақытылы қабылдауы тиіс.



COVID-19



Жұмыс жүйелі жүруде

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Алматының мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин Алатау ауданына қарасты емханалардың екпе егу кабинеттерінде болып, жұмыс барысын тексерді.

Тексеріс барысында бас санитарлық дәрігер ковидке қарсы егілетін вакциналардың мұздатқышта тиісті деңгейде сақталуын, сондай-ақ егу кабинеттерінде қызыл, жасыл, сары түспен бөлінген бөлмелердің жағдайын көрді. Сонымен қатар мобильді бригадалардың жұмысымен де жақын танысты.

«Өздеріңіз білетіндей, коронавирус әлемді әлі де уысында ұстап тұр. COVID-19 жұқтырғандар саны көбеюде. Индеттің алдын алудың жалғыз жолы – екпе салдыру. Ұжымдық иммунитетті сіз бен біз болып қалыптастыратын болсақ, қалыпты өмірімізге қайта оралатынымыз айдан анық. Алатау ауданы іргелі әрі тұрғындар көп шоғырланғандықтан, екпе егу жұмыстары жүйелі де қарқынды жүргізілуде. Мобильді бригаданың жақсы жұмыс істеп, вакцинаның дұрыс сақталып, келушілерге құрметпен қарайтындығына көзіміз жетті. Алдағы уақытта да осы қарқыннан таймасак, индетке қарсы тұра алатын иммунитет қалыптастыратынымызға сенімдімін», – дейді Жандарбек Бекшин.

Емханалардағы егу кабинеттері аптаның барлық күні сағат таңғы 9.00-ден кешкі 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Қазір тұрғындардың вакцинаға деген сенімі артып, жаппай екпе алуға келіп жатыр дейді ақ халатты дәрігерлер.

«Ақпан айынан бастап медициналық қызметкерлерге, наурыздан бастап педагог, полиция қызметкерлеріне, ал сәуір айынан бастап бүкіл халыққа жаппай вакциналау жүргізілуде. Бүгінде №29 қалалық емханада 6 екпе пункті бар. Өзіміздің ғимаратта – 2, «Рахат» дәрігер амбулаториясында, «Жібек жолы» базарында және екі мектеп ғимаратында. Сонымен қатар, үй-үйлерді аралайтын жылжымалы пункттер жұмыс істейді. Әр екпе кабинетінде 1 дәрігер, 2 медбике ауысыммен жұмыс атқарады. Сәуір айынан бері ауданымыздағы тұрғындардың 62%-ы екпе алып үлгерді», – дейді №29 емхананың бас дәрігері Ақмира Садыкова.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

COVID-19: СӘН АПТАЛЫҒЫ

ҚЫТАЙ астанасында коронавирус тақырыбына арналған сән апталығы өтті. Сәнгерлер пандемия кезінде қолданылатын жеке қорғаныш киімдері мен заттарды көрсеткен. Арасында дәрігерлерге, санитаркаларға, сондай-ақ пациенттерге арналған өзге де киім үлгілері бар. Оларды Бейжіндегі Сән технологиясы институтының мамандары дайындаған.

Киімдерде медициналық сипаттармен қатар, елдің дәстүрлі өрнектері де сақталған.

АҚШ жерінде вакцина салғызбағандар арасында ковидтен көз жұму көрсеткіші артқан. Яғни екпе алғандарға қарағанда вакцина салдырмаған адамдардың коронавирустан көз жұму ықтималдығы 11 есе жоғары.

АҚШ-та коронавируспен қарсы вакцинаның екі дозасын тұрғындардың 53%-ы алған. Таяуда президент федералдық қызметте істейтін адамдардың барлығын екпе қабылдауға міндеттеді. Тәртіпке көнбегендер жұмыстан шығарылады.

ҰЛЫБРИТАНИЯ жерінде қантар мен шілдеде тіркелген COVID-19 ауруы мен науқастарды ауруханаға жатқызудың шыңы қыркүйек айында қайта қайталанып отыр дейді жергілікті мамандар.

#ЕКПЕАЛ

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Қарлығаш ШОТАЕВА, мәдениет қызметкері:

– Қалыпты өмір сүру үшін ұжымдық иммунитет қалыптастыру қажет болып тұр. Оған қол жеткізудің жалғыз жолы – вакцина салдыру. Бір жағынан, жасы келген адамдарға екпе алуға рұқсат бергеніне іштей қуандым. Өйткені, коронавирус инфекциясын жұқтырып алып, балаларыма, немерелеріме, шөберелеріме кесірімді тигізіп аламын ба деген қауіп менде де болды. Мен ең әуелі солардың амандығы үшін осы вакцинаны алып отырмын. Бұл өзімізді де, өзгелерді де индеттен қорғаудың ең бір тиімді тәсілі деп ойлаймын. Ал өзгелердің саулығына тілектестік болу – менің де адамдық парызым.



Айзада НҮРБАЙ, студент:

– Жаңа оқу жылымыз дәстүрлі форматта басталатынын естігенде, төбем көкке жетті. Қалыпты оқуға оралатындықтан екпе алуға шешім қабылдап, «Спутник V» вакцинасының бірінші дозасын ектірдім. 10 күннен кейін екіншісін қабылдауға дайынмын. Университет қабырғасындағы студенттердің 85%-ы екпе ектірген. Бұл жаңалық менің ата-анамды да қуантты. Себебі, ұжымдық иммунитет қалыптаса индетті жеңуге мүмкіншілігіміз бар. Бұрынғыдай қалыпты өмірге қайта оралғымыз келсе, баршамыз дерлік екпенің екі бірдей компонентін қабылдап, карантиндік талаптарды қатаң қадағалауымыз қажет.



Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

КВИ: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ИНДЕТ БЕЙ-ЖАЙЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Шаһарда бір тәулікте 6800-ден астам адам коронавируспен қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы мәлім етті. «14 қыркүйек күні 6848 алматылық вакцина салдырды. Коронавируспен қарсы екпенің I компонентін – 2928, II компонентін 3920 адам алды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Биылғы I ақпан мен 14 қыркүйек аралығында қалада 916 736 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 814 080 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 115 498 адамның жасы 60-тан асқан», – деп хабарлады басқарма өкілдері.

Бүгінгі таңда Алматыда 160 екпе пункт жұмыс істеп тұр. 1028 адамнан тұратын 237 егу бригадасы бар. Қуанышқа қарай, Алматыда эпидемиалық тұрақталып келеді. Әрине, бұл алаңсыз



жүре береміз деген сөз емес. Әлі де карантин талаптарын қатаң ұстануымыз керек. Бұл индет бей-жайлықты көтермейді.

Бүгінгі күні Алматыда КВИ жұқтырған 2890-нан астам науқас ем қабылдап жатыр. Соңғы тәулікте қалада 612 адамның коронавирус жұқтырғаны

белгілі болды. Мұның ішінде симптомды, жеңіл және орташа деңгейдегі белгілермен – 593, симптомсыз 19 науқас тіркелді.

Инфекциялық стационарларда (жалпы төсек-орын саны – 5230) 2890-нан аса адам ем қабылдауда, оның ішінде 76-сы бала. Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 280-нен аса пациент жатыр. Ал 50 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған.

Медициналық-санитарлық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 6400-дей пациент бар. Оның ішінде индет белгілері бар, орташа ауыр жағдайдағы науқастар саны 6230-дан асады. 170 адамда коронавирус белгілері жоқ.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

БРИФИНГ

ОҢАЛТУ ЕМІ МАҢЫЗДЫ

Нұржамал ӘЛШЕВА

Коронавирустан ауырып тұрған барлық науқас оңалтуды қажет етеді. Себебі, ковидтің салдары әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан емделіп шыққандар терапевт-дәрігердің көмегіне жүгінулері керек. Бұл туралы №5 қалалық клиникалық аурухананың дәрігер-инфекционисі Ольга Антипова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтты.

«Оңалту жеңіл ауруы бар науқастарға да белгіленеді, бірақ ол үйде жүргізіледі. Бұл – қарапайым тыныс алу жаттығулары, таза ауада серуендеу, диета ұстау. Аурудың орташа және ауыр дәрежесінен кейін науқастар оңалту бөліміне жіберіледі. Мысалы, біздің ауруханада физиотерапия мен гимнастика жүргізілетін оңалту бөлімі бар», – деді О.Антипова.

Дәрігер-инфекционист кеуде қуысының төменгі бөлігінде электрофорездің қабынуға қарсы әсері барын, коронавирус жұқтырғандарды оңалту үшін қолданылатынын, сонымен қатар виброакустикалық аппараттық массаж жасалатынын айтты. Процедура 5–7 күн ішінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, коронавирустан кейін санаторлық-курорттық ем көрсетіледі. Мысалы, №5 қалалық клиникалық аурухананың емделушілері «Камское плато» шипажайына оңалтуға жіберіледі.

О.Антипова алматылықтарды санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтауға жауапкершілікпен қарауға шақырды. Өйткені, бұл дерт өте қауіпті және залалы да орасан. «Тіпті, жеңіл немесе симптомсыз аурудың да залалы болуы мүмкін. Науқастардың 30%-ы тез шаршайды, олардың ұйқысы бұзылады, шамадан тыс теріс болып қалады. Ағзада вирус жұқтырмайтын орган жоқ, ең алдымен қан тамырлары зақымданады», –

деді дәрігер. Постковидтік синдром 1 аптадан 6 айға дейін созылуы мүмкін.

Сонымен қатар, емделіп шыққан балаларға да оңалту қажеттігін айтты дәрігер. «2020 жылдың қарашасынан бастап біздің ауруханада 380 бала емделді. Біз ауыр науқастарды кездестірмедік, сондықтан педиатр тексергеннен кейін оңалту үйде өтті. Ата-аналар мен балаларға тыныс алу жаттығуларын қалай жасау керектігі түсіндірілді. Ол туралы жете түсінікті болу үшін бейнеролик те түсірілген», – деді О.Антипова.

Дәрігер-инфекционист сөзінің соңында барлық дәрігердің емделіп шыққандарды оңалту бойынша қажетті жағдайларды толық жасайтынын атап өтті. Коронавируспен ауыратын науқастарды емдеу кезінде бүйрекке, бауырға және жүрекке әсер ететін күшті препараттар қолданылатынын есте сақтаған жөн. Оңалту шараларынан соң науқастардың денсаулығы қалпына келеді.



Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



Электронды оқулық

оқушыларды ауыр сөмке асынып жүруден құтқарады

Электронды оқулық барынша көп білім алып, материалдарды бірнеше рет қайталап тындауға, сондай-ақ тапсырмалардың дұрыс жауаптарын бірден білуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта «Алматыкітап» баспасы TopIQ.kz деп аталатын электрондық оқулықтар платформасын әзірлеп, мектептерге енгізді.

«Алматыкітап» баспасы Электронды оқулық жасаумен бірнеше жылдан бері айналысып келеді. Өуелде шетелдік әріптестерімен бірлесе кіріскен. Алайда, ақпараттық қауіпсіздік туралы заң талабы өзгергеннен кейін цифрлық оқулықтарды баспа мамандары өздері жасай бастады. Осылайша алғашқы отандық платформаны дайындады. Өнім жаңа ереже бойынша барлық қауіпсіздік талаптарына сай келеді. «Бір жыл пилоттық жоба ретінде сынақтан өттік. Жағымды пікірлер көп болды. Арасында ұсыныстар айтылды. Платформаны жасау кезінде барлығын ескердік. Мұғалімдер бұл платформаны нағыз халықтық деп атап отыр. Электрондық оқулықтар баспа оқулықтың баламасы ғана емес, мұнда түрлі интерактивті тапсырмалар, бейне және аудио материалдар қоры көп. Қолданушылар үшін 1–11-сыныптардың барлық оқулықтары қолжетімді. Оқушылар өткен тақырыптарды қайталай алады және білімін бекітуге мүмкіндіктер береді», – деді «Алматыкітап баспасы» директорлар кеңесінің төрағасы Элеонора Баталова.

Сондай-ақ, баспа қызметкерлері Kundelik.kz порталымен келісім жасаған. Мұғалімдер мен оқушылар Kundelik.kz платформасынан TopIQ.kz платформасына өтіп кете алады. TopIQ.kz платформасы қазір кез келген гаджетте қолжетімді. Оны мектеп қабырғасында немесе қашықтан оқу кезінде де қолдануға қолайлы.

Жолақы – тек «Оңаймен»

Алдағы уақытта қоғамдық көліктерде банк және ұялы операторлар арқылы QR-кодпен жолақысын төлеу мүмкін болмайды.

«SMSBus» ЖШС директоры Алексей Беседин «Алматыэлектротранс» ЖШС қызмет көрсететін барлық троллейбустар мен автобустар 14 қыркүйектен бастап бірыңғай QR-код арқылы жол жүру төлемін өшіргенін хабарлады.

Осылайша жолақысын тек «Оңай» карта-сымен (оның ішінде «Оңай» қосымшасындағы QR-код арқылы), сондай-ақ терминал нөмірін SMS-хабарламамен, USSD команда-сымен немесе қолма-қол ақшамен жіберу арқылы төлеуге болады. 7 қыркүйекте «Алматыэлектротранс» муниципалдық автопаркі SMSBus компаниясымен шарт жасасты, сон-дан кейін бірыңғай QR-код арқылы төлем қаланың барлық автобустары мен троллей-бустарында қолжетімді болды. Бұған дейін мұндай төлем әдісі тек жеке тасымалдаушы-лардың маршруттарында ғана қолданылған. Кейінірек SMSBus Алматы әкімдігі автобус-тар мен троллейбустарда бірыңғай QR-код арқылы жол жүру төлемін қабылдауды тоқта-туды талап еткенін хабарлады.

«Алматы қаласының көлік холдингі» ЖШС Электрондық билеттеудің бірыңғай операторының директоры Садир Хамраев SMSBus әлі күнге дейін «Оңай» жүйесімен интеграцияланбағанын, ал қалада бірнеше оператор бола алмайтынын мәлімдеді. Қазір бұл қызмет Алматыдағы барлық жеке тасы-малдаушыда жұмыс істейді, олардың QR-коды 2300 автобуста бар. Алайда, компания директорының айтуынша, егер жеке авто-парктерге SMSBus арқылы операция үшін субсидия төлеуді тоқтатса, олар да қызметті өшіре алады.

Департамент «Алматы қаласының көлік холдингі» жүйесі арқылы жол жүру ақысын QR-код, ONAY мобильді қосымшасы, SMS және USSD коды және ұялы байланыс опера-торларының балансы арқылы да төлеуге бо-латынын айтты. Бүгінде көлік холдингі 2,3 миллионнан аса бірыңғай көлік пен 913 мың жеңілдік картасын сатқан. Сондай-ақ, ONAY білім беру мекемелерінде және басқа сала-ларда жұмыс істейді.

Дайындаған
Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ЭКОЛОГИЯ

АУАНЫҢ ЛАСТАНУЫ АҒЗАҒА ЗИЯН экоахуалды сауықтыру туралы мамандар не дейді?



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Лас ауа – адам денсаулығы үшін әлемдегі ірі экологиялық қауіп. Ауаның ластануы дамыған мемлекеттерге тән. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпаратына сүйенсек, экологияның нашарлауы салдарынан асқазан, өкпе, бауыр, ұйқы безі обьырынан көз жұмушылар қатары күн санап артып келеді. ДДСҰ мәліметінше, 2016 жылы ауа сапасының нашарлауынан 4,2 млн. адам көз жұмған. Оның 3,8 миллионы – тұрмыстық жағдайда бөлінетін улы майлар себебінен қаза тапқан. Сарапшылар әлемде 10 адамның 9-ы ластанған ауада өмір сүріп жатқанын айтады. Ал 2050 жылы лас ауаның алдын алмаса, 3,6 млн. адам көз жұмады деген қауіпті болжам бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтері бойынша, әлем халқының 91%-ы ауада зиянды заттар көп шоғырланған аймақтарда өмір сүріп жатыр.

Лас ауа – біздің шаһарымыздың да өзекті проблемаларының бірі. Алматыда ауа ластануының 20 пайызы жеке секторлардың, 80 пайызы – көліктердің еншісін-де. Ауаның ластануы, экологиялық ахуалдың нашарлауы сұлулықтың жұрнағын да қалдырмай барады. Сала мамандарының айтуынша, Алматы ауасындағы зиянды заттардың мөлшері рұқсат еткен нормативтерден 10 есе артып кеткен.

Мегаполис ауасын талдау барысында, VOCs (Volatile organic compounds) деп аталатын жүзден астам ұшпа органикалық қосылыстар анықталған. Олардың ішінде канцерогендердің мөлшері көп. VOCs – өсімдіктер, жануарлар мен адам өкпесін улайтын, озон қабатын құруға қатысатын газ. Бұл экоахуалмен күресудің қандай жолдары бар? Анықтап көрдік.

Атмосфераның ластануы табиғи және антропогендік жолмен жүреді. Оның ал-дын алу мен ауаны ластаудың салдары туралы мамандар тарқатып берді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аңсаған БӘЙДІБЕК,
химик-ғалым:

Жеке секторды газбен жылытуға ауыс-тырған дұрыс

– Антропогендік (техногендік) ластану өнеркәсіптік, химиялық және тұрмыстық қалдықтар әсерінен орын алады. Лас ауадан қорға-ну үшін бастапқы ластағыштардың да, қайталама шығарындылар-дың да мөлшерін шектеу керек.

Бастапқы ластаушы заттар – бұл биосферадағы табиғи немесе антропогендік процестер нәтижесінде атмосфераға енетін заттар. Екінші реттік ластағыштар бастапқы ластағыштардың ауамен әре-кеттесуі кезінде химиялық және фотохимиялық реакцияларынан пайда болады және қышқыл жаңбырға әкелуі мүмкін. Ауаның лас-тануының алдын алу үшін ЖЭС-ны газбен жабдықтауға ауыстыру қажет. Күлділігі 39%-дан төмен көмірді пайдалану керек. Құбырға жақсырақ сүзгі орнатуға болады. Сонымен қатар, қалада сатылатын отынның сапасын жақсартып, жеке секторды газбен жылытуға ауыстырған дұрыс. Бұл ауаға бөлінетін шығарындылар көрсеткішін едәуір азайтады.

КӨРМЕ

«Алматы – менің жүрегімде»

ҚР Мемлекеттік орталық музейінде Қала күніне және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған «Алматы – менің жүрегімде» атты балалар шығармашылығының көрмесі ашылды.

Музей жыл сайын республикамыздың мәдени астанасы болып табылатын Алматы қаласының тарихы мен қазіргі дамуының түрлі аспектілерін көрсететін балалар суретінің көрмелерін өткізіп келеді. Балалар шығарма-шылығының көрмелері балаларға өз тарихын, қаламыздың бүгіні мен болашағын, қоршаған әлемге деген көзқарасын, суреттер арқылы өздерінің эмоциялары мен көңіл күйлерін жеткізуге мүмкіндік береді.

Көрмеге Алматы қаласының бейнелеу сту-дияларының, көркемөнер мектептерінің, білім беру және дамыту орталықтарының талантты, ынталы, жас суретшілері қатысты: «АртУм» балаларды дамыту орталығы, «Рембрандт» арт-студиясы, «Умка» балалар білім беру орта-



лығы, «Genus» балалар орталығы, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА мектеп-интернаты, «Сол-нышко Арт-студиясы», «Творим вместе» «Ты художник» шеберханасы, «ArtMixstudio» шы-ғармашылық студиясы, №68 мектеп-гимназия, «Подснежник» көркем білім беру студиясы, «Тұран» мектеп-лицейінің «Шабыт» студиясы,

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Дамыған мемлекеттер қалай күресуде?

Қытай. Әлемде ластанған ауадан зар-дап шегушілердің көшін Қытай бастап тұр. Олар ластанған ауамен күресудің бір-неше әдістерін қарастыруда. Алғашқысы – биік ғимараттар шатырына желдеткіш-тер орнату. Бұл әдіс бірнеше сағат ішінде тұманды сейілтіп, қауіпті элементтер са-нын төмендетеді. Екінші әдіс – жасанды жаңбыр технологиясы. Бұл елде суды өзен мен көлдерден алып, оларды өңдеу арқылы жаңбырға айналдырады. Аталған техноло-гия экологияны қорғаудың тиімді әдіс-терінің біріне айналған. Келесі әдіс – атмос-фераға сұйық азот бөлу. Бұл әдіс арқылы зиянды қосылыстар қатып, жерге түседі екен.

Франция. Зерттеу жұмыстарына сәй-кес, ел астанасы Париж қаласында ауаның ластануынан қала тұрғындарының ағзасы-на жыл сайын 6 млн.-ға жуық зиянды зат-тар түседі екен. Париж әкімшілігі ахуалды жақсарту мақсатында қала орталығы мен шеткі аудандарға көлікте үш адамнан көп болған жағдайда ғана кіре алатын талап қойып, дереу шара қабылдаған.

Ұлыбритания. 1952 жылы Лондон қала-сында антициклон салдарынан желсіз, салқын ауа орнаған. Бұл қала тұрғындарын тыныс алу жолдары ауруларына шалдығуға дейін әкеп соқты. Кейін жүргізілген зерт-теулерге сәйкес, қала ауасының зиянды заттарға тұншығып жатқаны салдарынан ауа райы күрт өзгерген. Бұл ахуалдың алдын алу үшін зиянды газдарды, отынның қауіпті түрін қолдануға тыйым салынды. Қала әкімшілігі халықты газ плитасын орнатуға шақырды. Осылайша газ жарнасын төмен-дету, халықты экологияны қорғауға шақыру арқылы ауада зиянды газдардың бөлінуін азайтты.

Сағындық ЕРУБАЙҰЛЫ,
Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығының ғылыми аға қызметкері:

Ауаның ластану деңгейін тексеріп тұру керек

– Алматы ауасының нақты неден ластанып жатқанын айту қиын. Оның ластануына себепкер дүниелер көп. Сондықтан ең бастысы, ауаны тазартуды ойлаған дұрысырақ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы белгілеген ауаның ластануы бойынша өзіндік нормалар бар.

Мысалы, РМ 2,5 бөлшектері бойынша нормалар (2,5 микрондағы шаңның ұсақ дисперсті бөлшектері және одан аз): орташа жылдық – 10 мкг/м³, орташа тәуліктік – 25 мкг/м³, бір жолғы – 160 мкг/м³ құрай-ды. Бірреттік шоғырлану – маңызды көрсеткіш. Көшеде жарты сағат жүрудің өзі денсаулыққа зиян. Қала тұрғындарына ауаның ластану деңгейін тексеріп тұруға кеңес беремін. Егер деңгей 70 мкг/м³ белгісі-нен асып кетсе, көшеде ұзақ уақыт жүруге болмайды. Жүгірушілер мен велосипедшілер де абай болуы керек, өйткені физикалық жатты-ғу жасау барысында терең тыныс алғаннан, зиянды заттарды «тұты-ну» ұлғаяды.

«Бөбек» ҰО «Самопознание» гимназиясы. Көрмеге әртүрлі жастағы балалар қатысады: ең кішкентайы 5 жастан 17 жасқа дейін. Түрлі техникалар мен жанрларда орындалған өз жұ-мыстарында балалар көптеген көрікті жер-лерді, мәдениет пен тарихи ескерткіштерін, саябақтар мен скверлерді, жылдың барлық мезгілдеріндегі табиғат сұлулығын, түрлі-түсті натюрморттарды, қаланың, еліміздің рәміз-дерін және т.б. бейнелеген.

Көрме экспозициясында балалардың әр-түрлі және бірегей жұмыстары ерекше қызы-ғушылық тудырады: Нарынова Асельдің «Ал-маты – менің махаббатым», «Ботаникалық бақ», Нарынов Тайыр «Тұңғыш Президент саябағы», Спицына Альбина «Алмамен әжем», Дашкевич Лидия «Даланың жаңғыруы», Вольская Екатерина «БАО», Кривко Алина «Республика жетістіктері», Маркина Елизавет-та «Қапшағай сулары», Мурдунов Исламжан «Алма-Арасан» және 100-ден астам баланың жұмыстары қойылған.

Көрме 2021 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасады.

Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

«Аузы күйген, үрлеп ішеді» дейді ғой. Біздің мақсат – ана тілін білмейтіндерді қудалау, кемсіту емес. Бірақ ішін күйетін жағдайлар жетерлік. Қазақстан азаматтарының қай тілде сөйлеуі өз еркінде десек те, қызмет көрсету саласы мамандарының мемлекеттік тілді білуін неге талап етпейміз осы?



Динара МҰРАТ

ҚАЗАҚШАҒА КЕЛГЕНДЕ ҮНІ ШЫҚПАЙДЫ... НЕГЕ?

Жақында Нұр-Сұлтан қаласына ұшақпен ұштым. Әдеттегідей барлық тіркеу жұмыстарынан кейін өз орныма жайғастым. Бәріне белгілі, ұшақ жерден көтерілер сәттен бортсеріктер барлық қауіпсіздік шараларын түсіндіреді, ұғынықты болу үшін көрсетіп те береді. Ең басты мәселе, өркениеттіліктің белгісі әрі біздің көпұлтты ел екенімізді ескеріп, хабарламаларын үш тілде жеткізеді. Сонда таңқалатынын – орыс тілінде мүдірмей сөйлейтін бортсеріктер қазақшаға келгенде тілі бұралып, екі сөздің басын қоса алмай қалады. Әдетте, халықаралық рейстермен жұмыс істейтін ірі авиакомпания қызметкерлерін жұмысқа қабылдауда талап қатаң деп жататын еді. Бірақ шындап келгенде, қай бағытта, қашан ұшсаңыз да осы мәселемен жиі ұшырасасыз.



ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қызмет көрсететін мамандар мемлекеттік тілді білуге міндетті!

БОРТСЕРІКТЕРГЕ ДЕ ҚОЙЫЛАР ТАЛАПТЫ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Осы жайлы әлеуметтік желілерге жазғанымда біраз оқырмандар наразылық білдіріп, қазақшаға шорқақ жандарға түсіністікпен қарауды өтінген. Дегенмен, менің талабым қарапайым азаматтарға емес, халықаралық қызмет көрсету нысандарына екенін түсіндіріп әлек болдым. Айтылған шағымым «ұлтшылық» көрінісі ретінде қабылданбай, сөзімнің төркіні түсінікті болуы үшін алды-

мен Қазақстанда танымал бір авиакомпанияның сайтында жарияланған тілге қатысты бортсеріктерге қойылатын басты талаптарға назар аударсақ:

- Қазақ тілін білу;
- Ағылшынша еркін сөйлеу;
- Қытай және түрік тілдерін білу құпталады...

Заң жүзінде қарар болсақ, Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік

тілі. Ата Заңға сүйеніп жазылған Тіл туралы заңның 4-бабында:

«Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп берілген. Яғни кез келген қоғамдық қатынаста қолданылуға тиіс тіл.

Осы заңның 2-тарауы, 8-бабында: «Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып танылса, ал мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады» делінген.

Жоғарыда келтірілген тілге қатысты «бортсеріктерге қойылатын басты талаптарда»: «Қазақ тілін білу және қазақ тілінде еркін сөйлеу» деп көрсету қажет. Ана тіліміздің Заң тұрғысынан болсын, қызмет көрсету нысандарының өздері қойып отырған талаптары жағынан болсын мәртебесі жоғары екенін ескерсек, негіз әлі күнге дейін қазақ тілінде сапалы қызмет көрсетуді талап ете алмай жүрміз?

Көбісі қазақ тілін біле бермейтінін ескерсек және сол үшін заңдық тұрғыда қорлауға, кемсітуге болмайды деп қорғасақ, орыс тілін білмейтін қазақтардың қоғамда құқығы тапталып жатқанына нәтижесіз бей-жай қараймыз? Бортсеріктердің бізге берер ақпаратын толыққанды түсіну апатты жағдайда адам өмірін сақтап қалуы әбден мүмкін. Ал мұрнының астынан сөйлеген хабарламаны қазақша түсінудің өзі қиын, орысша немесе ағылшынша айтқанын күтіп отырасын. Айтайын дегенім, осы салада ең болмағанда, жолаушылар қауіпсіздігі үшін бортсеріктердің тілдік қабілеттілігі арта түссе. Мемлекеттік тілде сөйлей алмай тұрған серіктерден бірнәрсесіз сұрағанда не тәйір?! Бұл бір ғана әуе тасымалының ғана тән әңгіме емес, еліміздегі барлық компанияларға дерлік бірдей қатысы бар мәселе.

БАЙҚАУ



«Қобыз сарыны»



Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Алатаудың бөктерінде жасөспірімдер арасында тұңғыш рет «Қобыз сарыны» республикалық байқауы өтіп жатыр. Сайыстың гала-концерті «Алатау» дәстүрлі өнер театрында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Қала күніне орай ұйымдастырылды.

Додада еліміздің түкпір-түкпірінен келген 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер бақ сынасты. Табиғаттың қайталанбас дыбысын ағаштан ойылып жасалған қарапайым аспаптың бере алуы көптеген ғалымның танданысын тудырып отыр. Қобыз – ұлттық мәдениетіміздің алтын дінгегі. Өнер киесін арқаалаған бабаның өнегесін қадірлеп, өткенді ұмытпай, бабалар жолын жалғастыру үшін қажет дейді ұйымдастырушылар.

«Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық өнерімізді насихаттау мақсатында, ғасырлар қойнауынан сыр шертетін, дала үнін, яғни қобыздың үнін бүгінгі таңда жастарға тәлімдік тағылымы мол дүниені таныту мақсатында өткізіліп жатқан игі іс-шара деп білеміз», – деді қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев. Қорқыттың ізін жалғастырушы өнерпаз ұрпақтар саны жыл сайын артып келеді.

Сайдың тасындай болған сайыскерлердің бағасын беретін қазылар алқасы олардан үлкен үміт күтетінін жеткізді. «Осы байқауға қатысқанымға өте қуаныштымын. Себебі, Тәуелсіздік алғалы бері 30 жылда көптеген жас таланттар шығып жатыр. Осындай байқаулар көп болсын деймін. Жалпы, ұлттық орындаушылардың деңгейі өсіп келе жатыр», – деді прима-қобызшы Ғазиза Ғабрахимова. «14 облыс, 2 қаладан қатысып, бүгінгі күнде 12 қобызшы алға шықты. Енді бүгін тағы да төртеуін, жеке дарасын тандаймыз», – деді «Желтоқсан 1986. Тәуелсіздік қырандары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлбахрам Жүніс.

Байқау қорытындысы бойынша, бас жүлдені –13 жастағы Баян Жанахметова иеленді.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ТЕЛЕФОНҒА БАЙЛАНҒАН ТІРШІЛІК жас ұрпақтың болашағына көлеңке түсірмесе болғаны




Айжан БҮРКІТБАЕВА

Қоғамдық көлік ішінде жылап жатқан баланың даусы бәрінің назарын өзіне аударды. «Не болды екен?» деген сұрақ жолаушыларға маза бермеді. Көлікте адам толы. Әйтеуір көзімізді жүгіртіп автобустың алдыңғы жағына жайғасқан ана мен жылап жатқан 2-3 жасар баланы әрең таптық. Сөйтсек, анасы баланың қолындағы телефонды әлдекімге хабарласу үшін алып қойған екен. 2-3 минутқа «көгілдір әлемінен» айырылған баланың бұл қылығы мені алаңдатпай қоймады. Анасы лезде қоңырауды өшіре сала, «міне, көре

ғой» деп, телефонын қолына ұстата қойып еді, бала лезде жұбана қалды.

Айтайын дегенім, біздің бала кезімізде ата-анамыз күйбең тіршіліктен босамай, жарғақ құлақтары жастыққа тимей жатса да бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін. Әкеміз таңертеңнен қора-қопсыны жөндеп, мал айдап, ағаш отырғызып, анамыз сиыр сауып, сүт тартып, құрт қайнатса да «балаларымыз білімсіз қалмасын» деп кітапханаға жетектей жөнелетін.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейді емес пе?! Қазіргі ата-аналар балалары тыныш отырса, кедергі жасап, мазаны алмаса болғаны деп, телефонға телміртіп қоюды жөн санайды. Баланың



тәрбиесі, экраннан не көріп, не түйіп жатқаны алаңдатып жатқан жоқ.

Хош, баласына көзін аша сала телефонды серік еткен ата-аналардың қылықтарын былай қойғанда, «сымсыз сиқырдың» бала денсаулығына тигізер зияны да аз емес-ті. Бүгін мамандардың пікірін негізге ала отырып, ұялы телефонның залалын таразы ба-сында талқылап көрдік.

Елімізде телефонға телмірген жастар арасында көз ауруы көбейген. Ақ халаттылар шектен тыс смартфонға тәуелділік көз ауруларына әкеп соғатынын айта-айта жалықтық дейді. Офтальмолог-мамандар алақандай экранға байланып, айналасын байқамайтын адамдармен күресу керек деген ұстанымда. Себебі, көздің көру қабілетінің төмендеуі жастарда жиілеп кеткен.

P.S.:

Айтпағымыз, телефон, компьютер, жалпы, заман талабына сай жаңа технологиялардың барлығын өз орнымен, шектік уақытымен тұтынған дұрыс. Оның үстіне, дене бітімі, жан-дүниесі енді ғана қалыптасып келе жатқан бүлдіршіндерімізді тал шыбықтай кезінен тәрбиелеп, түзе отырса, ертеңгі күні олар ұлтымыздың рухын әлсіретпейтін, текті ұрпақ болып қалыптасарына күмән жоқ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ: МАМАН ПІКІРІ

Сәбира РАМАЗАН, офтальмолог-маман:

Балалардың айпад, айфон, гаджеттерден бас алмай отыруы жақсы емес. Қазіргі кезде мектеп жасындағы балалардың көзілдірікке мұқтаждығының артқандығы байқалады. Бұл мәселемен мемлекет болып күресуіміз керек. Әр ата-ана өз баласына ғаламторды көп уақыт қолдануға жол бермеу қажет.

Сонымен қатар, компьютермен ұзақ жұмыс істейтін адамдарда көз ауруы, бас ауруы, жүйкенің жұқаруы, терінің қызаруы, шаштың түсуі, ұйқының нашарлауы сынды аурулар жиі кездеседі.

Компьютермен жұмыс істеген кезінде адамның көзі ұзақ экрандағы суреттерді көреді, мәтінді оқиды, дәлме-дәл мағлұматтарды, символдарды, графиканы, маңызды шешімдер қабылдайды. Бұл адамға үлкен зиян туғызуы мүмкін. Сондықтан компьютермен ұзақ жұмыс істейтін адам 15–20 минут сайын көзін демалдырып тұруы қажет. Экранның жылт-жылт етуі, түстердің үйлесімі көз және ми үшін үлкен қиындық туғызады, көздің бұлдырауына әкеледі, көздің ашуы, көз және маңдай айналасының ауыруы, көздің қызаруына душар етеді. Телесидардың алдында көп отыру да осындай келеңсіздіктер тудыруы мүмкін.

Елімізде ұялы телефонның салдарынан артық салмағы бар балалардың саны артқан. Ресми дерекке сүйенсек, Қазақстанда балалардың 20 пайызы артық салмаққа, ал 5 пайызы семіздікке шалдыққан. Ал бұған телефонның әсері көп дейді мамандар. Диетолог Арай Әміренің айтуынша, смартфонға үңіліп отырып тамақтану балаларды шамадан тыс көп мөлшерді ас тұтынуға әкеп соғады.

– Бәрі қарапайым қағидадан басталады. Онлайн заман, техниканың заманы болғандықтан телефонды бүкірейіп қарап отырады. Омыртқаның қисаюы салдарынан қалқанша без жұмыс дұрыс істемейді. Содан артық салмақ пайда болып, кант диабеті өршиді, – дейді диетолог.

Балалар арасында кең таралған компьютер ойындарының да үлкен залал келтіретіні анық. Психолог маман Жеңіс Құрманның айтуынша, компьютерлік ойындар бірінші кезекте ата-ана қарауынан тыс қалған балалар үшін қауіпті.

– Мамандардың зерттеуіне сүйенсе отырып, бұл озық технологияларды ұзақ пайдаланудың бала психологиясына кері әсерлерін саралап көрсек. Біріншіден, шамадан тыс ақпараттар тасқыны баланы енжарлыққа душар етеді. Интернетті өзінің бірінші серігі, ал компьютерді «досы» етіп тандаған жан айналасындағы адамдармен еркін араласу қабілетін лезде әлсіретіп алады. Олар өзгенің адами мұң-мұқтажын түсінбейтін, айналасындағылардың жан киналысын сезіне бермейтін, яғни жүрегі селт етпейтін халге жетеді, – дейді психолог.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалуда. Сондықтан кез келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Қазақ Елі үшін бұл жыл халықаралық деңгейде де, ішкі саясатта да, әлеуметтік салада да, экономикада да серпінді даму мен өркеніетті өзгерістер кезеңі болды. Рухани салада халқымыздың біртуар ұлы, Кеңес Одағының Батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл болды.

Билік қабылдаған 2010–2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында ел бойынша және өңірлік деңгейдегі индустриаландыру карталары әзірленді. Алғашқы жартыжылдықта жалпы құны 380 миллиард теңгеден асатын 72 ірі өндіріс нысаны пайдалануға берілсе, екінші жартыжылдықта жалпы құны 450 миллиард теңгеден асатын 80 ірі инвестициялық жоба іске қосылды.

2010 жылдан бастап елімізде Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізіле бастады. Бұл ұлттық жүйе арқылы медицина ұйымын таңдау еркі, медициналық көмектің ашықтығы мен оның бағасын қалыптастыру, бөлінген қаражат науқастың таңдауына байланысты болады деген қағидаттар басшылыққа алынды. Осылайша бәсекелі орта қалыптасып, медициналық көмектің сапасы артпақ.

2010 жылдың ең басты саяси оқиғасы – айбарлылығы мен беделі Біріккен Ұлттар Ұйымынан кем түспейтін Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) Қазақ Елінің төрағалық етуі және елордада ЕҚЫҰ Саммитін өткізуі болды. Бұл осы 2010 жылдың ғана енісіндегі елеулі оқиға емес, Қазақ тарихындағы елдің абыройын асқақтанатын ұлы істердің бірі болатын. Еліміздің бұл төрағалық миссиясы: «Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік» ұранымен өгіп, еліміз әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге зор үлес қосты.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ төрағалығына кірісуінің әлемдік қауымдастықтағы маңыздылығын айрықша атап өткен жөн. Егер тарихқа жүгінсек, ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер соңғы рет 1999 жылы Стамбул Саммитінде бас қосқан болатын. Осы бір



2010 жылы Елордада Қазақстан тарихында тұңғыш рет Орта Азия елдерінің басшыларының қатысуымен ЕҚЫҰ-ның Саммиті өтті. 1 желтоқсанда ел астанасында ЕҚЫҰ VII саммитінің пленарлық отырысы ашылды. Осынау алқалы жиында қабылданған Астана Декларациясы әлемдік деңгейдегі маңызды тарихи оқиғаға айналды.

деректің өзі-ақ соңғы он бір жыл ішінде бұл дүниежүзілік белді ұйымнан бедел кете бастағанын аңғартса керек. Бәлкім, содан кейін де болар, Қазақстан төрағалықты қолға алған бойда Елбасы осы олқылықтың орнын толтыруға, ұйымның беделін көтеруге ұмтылды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанда ЕҚЫҰ-ның Саммитін өткізу идеясы ұйымның халықаралық беделіне тың серпін, жаңа серпіліс берді. Астана Саммитіне ЕҚЫҰ-ға 56 мүше-мемлекеттен және құрамына БҰҰ, НАТО, ТМД және басқа да ұйымдар енген 12 серіктес мемлекеттерден 2,5 мыңға жуық делегат қатысты. Саммит жұмысынан хабар таратуға әлемдік бұқаралық ақпарат құралда-

рының 1,5 мыңнан астам өкілдері бас қосты. Осының өзі тәуелсіз Қазақ мемлекетінің жаһандық қауымдастық алдындағы дипломатиялық ірі жеңісі еді. Ал Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің Кедендік Одаққа, Біртұтас экономикалық кеңістікке ұмтылуы да дамудың ұтқыр үдерістеріне жол ашты. 2010 жылдың 1 қаңтарынан ортақ кедендік тариф енгізілсе, 1 шілдеден – біртұтас кедендік кодексе қолданысқа енді. Осы қадамдарды негіздеу үшін үш ел президенттері Кедендік Одақтың жоғарғы органының желтоқсанда өткен басқосуында Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы Декларацияға қол қойды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

2010

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясының жоспарын қабылдау.
2. ЕҚЫҰ төрағалығы. ЕҚЫҰ Астана Саммиті.
3. Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдығы.
4. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа – 10 жыл!

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Біздің дәйектеме: 2010 жылы Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында жалпы алғанда құны 800 млрд. теңге болатын 152 жоба іске қосылып, 23000 тұрақты жұмыс орны ашылды. 2010 жылы ғана 12198 үлескердің проблемасын шешу мақсатында үлескерлік құрылыстың 67 нысаны тікелей мемлекеттің араласуымен пайдалануға берілді. Ал жалпы дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру аясында мемлекеттің қолдауымен 384 нысандағы 53 мың үлескерлердің өзекті мәселесі шешімін тапқанын айтқан жөн.

14 ҚАҢТАР

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ төрағалығына кірісуіне орай Австрия Республикасының астанасы Вена қаласында ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесі инаугурациялық мәжіліс өткізді. ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің мәжілісіне қатысушыларға Елбасы видеоүндеуі жария етілді.

29 ҚАҢТАР

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өсім – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жариялады.

14 АҚПАҢ

Елбасы Ресейге жұмыс сапарымен барып, Ресей президенті Дмитрий Медведевпен кездесті. Тараптар мемлекетаралық және халықаралық өзекті мәселелерді талқылады. ЕҚЫҰ Саммитін Қазақстанда өткізу туралы бастама Ресей басшысы тарапынан қолдау тапты.

7 СӘУІР

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунды қабылдады. Мәртебелі қонақ ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, оны Қазақстан



аумағынан шығартқан Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегін жоғары бағалап, алғысын білдірді.

11–13 СӘУІР

АҚШ-та өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық Саммит аясында Нұрсұлтан Назарбаев пен Барак Обаманың кездесуі болып, екі ел басшылары бірлескен мәлімдемеге қол қойды. «АҚШ Қазақстан Президентінің ядролық қарусыздануға және қауіпті қаруды таратпауға қосқан үлесін ерекше атап өтеді» деп көрсетілген мәлімдемеде.

21 СӘУІР

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Корея Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Онда Кореядағы Қазақстан жылының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

8 МАМЫР

Елбасы Ресей Федерациясының астанасы – Мәскеуде өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми басқосуына қатысты.

25 МАМЫР

Елімізге ресми сапармен Түркия Президенті Абдулла Гүл келді. Нұрсұлтан Назарбаев пен Абдулла Гүл екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты талқылады. «Қазақстан – тек қана Азияның жүрегі емес, ол сондай-ақ, осы аймақтың маңдайындағы жарқыраған жұлдызы! Мұны тек Қазақстан ғана мақтан тұтпайды, мұны біз – Түркия да мақтан тұтамыз! Біз сіздердің елдеріңізде бұ-

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
50 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
БАСТАМАСЫНАН:

2010 ЖЫЛҒЫ БАСТАМАЛАР:

- Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етуі: Қазақстанның еуратлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік өлшемдерінің санын кеңейту туралы бастамасы.
- Елордада ЕҚЫҰ мемлекеттері басшыларының саммитін өткізу туралы бастамасы: Н.Ә.Назарбаевтың «ЕҚЫҰ тағдыры мен перспективалары» («Известия») атты мақаласы.
- ЕЛДІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕГЕН МАҢЫЗДЫ 9 ШЕШІМ
- 2010 жылғы 1 қаңтардан Қазақстан, Ресей және Беларусь аумағында Кедендік одақтың бірыңғай кедендік тарифі іске қосылды.
- «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің құрылысы басталды.
- 29 қаңтар Президент Үкіметке өңірлердегі кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Бизнестің жол картасы–2020» бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.
- Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында балаларды мектепалды білім берумен қамтамасыз етуге бағытталған «Балапан» бағдарламасының басталғанын жариялады.
- 2 наурызда Қазақстан Президентінің ресми сайтында «Бизнесті Президенттік қорғау» арнайы бөлімі ашылды.
- 12 наурызда Индустриаландыру бағдарламаларын жүзеге асыруға жауап беретін Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі құрылды.
- 19 наурызда құны 42 млрд. доллар тұратын 83 ірі жоба енген Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.
- 2010 жылғы 28 маусымда елордада халықаралық дәрежедегі «Назарбаев Университеті» жаңа жоғары оқу орны ашылды.
- 1 қыркүйекте 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамыту мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

дан да көп жұмыс істеуге, ендігі игерген салалардан ғана емес, жаңаларында да бұдан да көп жобаны жүзеге асыруға құлықтымыз!», – деді Абдулла Гүл.

1 МАУСЫМ

Елордада Қазақ хандығының негізін салушы Керей және Жәнібек хандар ескерткіші ашылды. Ескерткіштің салмағы – 16,20 тонна. Мүсіндердің іргетасынан ұшар басына дейінгі биіктігі – 12 метр.





30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ

7-8 МАУСЫМ

Мемлекет басшысы Стамбулда өткен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің III саммитіне барды. Онда Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесінің Іс басындағы төрағасы ретінде Қазақстан Президенті сөз сөйледі. Елбасы ЕҚЫҰ – Азия Кеңесі форумын құруды ұсынды. «Бұл екі ұйымның ынтымақтастығы мен әріптестігі Азия құрлығындағы қауіпсіздік платформасын қалыптастыруға жол ашуы тиіс», – деді Қазақстан Президенті.

10-11 МАУСЫМ

Өзбекстан астанасы – Ташкент қаласында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының Х мәжілісі өтті. Алқалы басқосуға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.

19 МАУСЫМ

Нұр-Сұлтанда Абай көшесінің бойына ұлы хакім, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың ескерткіші орнатылды. Мүсіннің биіктігі – 14,750 метр, салмағы – 10 тонна.



28 МАУСЫМ

Қазақстанда халықаралық дәрежедегі жаңа оқу орны – Назарбаев Университеті ашылды. Салтанатты ашылу рәсімінен кейін Елбасы сондай-ақ, осы күні аталмыш оқу орнының қабырғасында ұйымдастырылған «Қуатты Қазақстанды бірге құрамыз!» атты жалпыұлттық телекөпірге қатысты. Телекөпірде үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың алғашқы нәтижелері



нақтыланды. Жалпы, бұл күні құны 381 млрд. теңге болатын 72 инвестициялық жоба ұсынылды. Олардың арасында Жамбыл облысының Мыңарал елдімекенінде іске қосылған цемент зауыты өндірісі, Маңғыстау облысындағы Баутино портында ашылған кеме жөндеу зауыты, «Ақтөберентген» АҚ «General Electric» компаниясымен бірлесіп шығарған 16 кескінді тұңғыш қазақстандық компьютерлік томограф және тағы басқа да жобалар бар.

29 МАУСЫМ

Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік және келісім сарайында Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен толеранттық және кемсітпеушілік жөніндегі ЕҚЫҰ-ның жоғары деңгейдегі конференциясы болып өтті. «Мәселенің мәні



құны өте жоғары адам өміріне байланысты. Егер ЕҚЫҰ-ның халық арасындағы миссиясы осы проблеманы шешудегі қосымша күшке айналатын болса, онда бұл әлемдік оң жағдайға ұйымның қосқан ең маңызды үлесі болары анық», – деді Елбасы.

5 ШІЛДЕ

Мемлекет басшысы Нұр-Сұлтан қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдас-



11–13 сәуірде Елбасы АҚШ астанасы Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке қатысып, сөз сөйледі. Саммит аясында «Блэр Хаус» резиденциясында Нұрсұлтан Назарбаев пен Барак Обаманың кездесуі болып, екі ел басшылары бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

тықтың он жылдығына орай өткен мемлекетаралық кеңестің мерейтойлық басқосуына қатысты.

6 ШІЛДЕ

Елордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен әлемге әйгілі сәулетші Норман Фостердің жобасы негізінде салынған «Хан шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы ашылды.



17 ШІЛДЕ

Алматыда ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі өтті. Алқалы жиынға Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. «Лаңкестік, аштық, кедергілік, экологиялық апаттар, эпидемиялар, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар – бүгінгі адамзат баласының бас қосып шешер, алдыңғы қатардағы түйткілді мәселесі. Бұлармен күрес жүргізу ЕҚЫҰ сияқты қызмет аясы көпқырлы және беделді институттардың бар күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Сондықтан бүгінгі саммитті өткізу – тұтастай алғанда адамзат үшін маңызды», – деді Елбасы.

20 ТАМЫЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Армения астанасы – Ереванда өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше елдер мемлекет басшыларының бейресми саммитіне қатысты.

12 ҚАРАША

Елбасы Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының бас хатшысы Николай Бордюжаны қабылдады. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығына жоғары баға берген Николай Бордюжа Нұрсұлтан Назарбаевқа 2010 жылы 10 желтоқсанда Мәскеуде өтетін ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына әзірлік барысы туралы айтты.

18 ҚАРАША

Нұрсұлтан Назарбаев Әзербайжан астанасы – Баку қаласында өткен Каспий маңы мемлекеттері басшыларының III саммитіне қатысты. Саммит аясында мемлекеттер басшылары Каспийдегі қауіпсіздік мәселесіне қатысты маңызды уағдаластықтарға қол жеткізді.



1 ЖЕЛТОҚСАН

Елордада, Тәуелсіздік Сарайында ЕҚЫҰ VII саммитінің пленарлық отырысы ашылды. Осынау алқалы жиында қабылданған Астана Декларациясы әлемдік деңгейдегі маңызды тарихи оқиғаға айналды.



ЕҚЫҰ-ның Астана Саммиті еліміз үшін де, әлемдік қауымдастық үшін де елеулі оқиға болды. Оған бүкіл әлемнен – Еуропа мен Азиядан, Солтүстік Америка мен Австралиядан 75 елдің делегациясы қатысты. Оның ішінде елордамыз 5 мыңнан астам шетелдік қонақтарды және 1,5 мыңнан астам қазақстандық және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қабылдады. Қабылданған Декларацияда ЕҚЫҰ-ның барлық нормалары, қағидалары мен міндеттемелері көрсетілді, оның ауқымы мен аумағы да кеңейтілді. «Декларация – еуразиялық және еуратлантикалық қауіпсіздікті

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

қамтамасыз етудің біртұтас және бөлінбес кеністігіндегі жаңа кезеңнің бастауы болуы мүмкін. Астана Саммитінің табысы бұл бүкіл ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің табысы болып табылады», – деп атап көрсетті Н.Назарбаев.

9 ЖЕЛТОҚСАН

Нұрсұлтан Назарбаев, Александр Лукашенко, Дмитрий Медведев Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі Декларацияға қол қойды.



Біртұтас экономикалық кеңістік 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшіне енетіні бекітілді және оған басқа елдердің де енуіне жол ашық екені тұжырымдалды.

9-10 ЖЕЛТОҚСАН

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ЕурАзЭҚ, ТМД және ҰҚШҰ-ның іс-шараларына қатысу үшін Ресей Федерациясына ресми сапармен барды.

СТАТИСТИКА:

2010 жылы Елбасының қатысуымен 500-ден астам протоколдық іс-шаралар өтті. Мемлекет басшысы бір жыл ішінде халықаралық сипаттағы 180 кездесулер мен шараларға, оның ішінде 16 саммит пен 5 халықаралық форумға қатысқан екен. Президент республика өңірлеріне 21 рет, шет елдерге 22 рет ресми сапарға шықты. Бір жыл ішінде барлығы 139 Заң қабылданып, 214 Жарлыққа қол қойылды.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

«Тәуелсіздіктің әр жылы – бұл жаңа Қазақстан тарихындағы тұтас дәуір. Біздің еліміз үшін Тәуелсіздіктің он тоғызыншы жылы нақ осындай болды. Астанада XXI ғасырдағы ЕҚЫҰ-ның тұңғыш Саммиті өтті. Он бір жыл бойы бірде-бір ел Ұйымның жоғары форумын жинай алмады. Қазақстан мұны жасай алды! Астана Саммиті ЕҚЫҰ-ның барлық елдері үшін біріктіруші табыс болды.

...Бұдан он тоғыз жыл бұрын ешкім де Қазақстанның елордасы атақты «Хельсинки рухының» лайықты мұрагері болатынын ойлай да алған жоқ. Бүгінде бұл іске асты. Біз ЕҚЫҰ-ға төрағалық аясында өзіміздің іс-қимыл бағдарламызды орындадық, Астана Саммиті – бұл бүкіл Қазақстанның жұлдызды сағаты.

...Қазақстан қазірдің өзінде еліміздің өркендеуіне жеткізетін жолымыздың қиын жар-тысын өтті. Атап айтқанда, экономиканы нарық арнасына көшіру, елдің ядролық қарусыз одағы және Астанада ЕҚЫҰ Саммитін өткізу туралы барлық тағдырлы шешімдер қабылдау оңайға түскен жоқ. Өркенді Қазақстанды құру – бұл бірден екі ғасырдың, екі мыңжылдықтың жаһандық сынағына лайықты жасау. Бүгінде еліміз сенімді өсу қарқынына ие болуда. 2010 жылғы 9 ай ішінде ЖІӨ 7,5 пайызға өсті. Өнеркәсіп өндірісі – 10,5 пайызға артты. Жаңадан 100-ге жуық жаңа кәсіпорындар ашылды. Жаңа ғасырдағы 10 жыл ішінде жан басына шаққандағы ЖІӨ 7 есе өсіп, 8 мың долларға артты. 2000 жылдан бастап ел экономикасына 110 миллиард долларға жуық тікелей шет ел инвестициясы тартылды. Жалпы алғанда, бұл кезеңде негізгі капиталға инвестиция екі жүз миллиард доллардан астамды құрады. Бұл онжылдықта зейнетақылар көлемі 6 еседен астамға өсті. Қазақстанның тұрғын үй қоры 30 миллион шаршы метрге ұлғайды. Ал 330 мың қазақстандықтар отбасы жаңа пәтерлерге ие болды. Орташа еңбекақысы 5,5 есеге өсті. Өткен жылы Қазақстан халықтың әл-ауқат деңгейі бойынша жаһандық рейтингте 50-ші орын алды. Он жыл ішінде білімге және денсаулық сақтауға кететін шығындар сегіз еседен астамға өсті. Жеті жүзден астам мектептер мен 455-ке жуық денсаулық сақтау нысаны салынды. Биылғы жылы үздік әлемдік ғылыми-ағарту орталықтары үлгісінде және солардың жәрдемдесу жағдайында құрылған Астананың жаңа университеті ашылды. Бала туу бір жарым есеге, халықтың табиғи өсімі үш есеге артты. Осы онжылдықта халықтың бір жарым миллион адамға өсуі қамтамасыз етілді. Тәуелсіз Қазақстан абыроймен екі мыңжылдық тоғысының төтенше қиын шебін еңсерді. Жиырма бірінші ғасырдың қиын онжылдығы артта қалды! Біз өз жолымызды таптық, бұл жол бізді біртұтас та күшті осы заманғы ұлт жасады. Бұл біздің Тәуелсіздігіміздің 19 жылының ең басты қорытындысы.

(Жалғасы бар. Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
20 ҚЫРКҮЙЕК

Almaty TV АЛМАТЫ

6:00	Әсем әуен
6:30	Бақытты отбасы
7:00	Сериал «Женский доктор»
8:00	Таңғы студия
10:00	Sau bolashaq
10:15	Мультфильм
11:45	Х/ф. Заложница 1-2 серия
14:00	Телесериал. Первая половина моей жизни
15:00	27 серия
15:15	Күндізгі жаңалықтар
15:30	Дневные новости
16:30	Әсем әуен
17:30	Телехикая. Мұрагерлер, 5 серия
18:30	Телехикая. Шыңғыс хан 28 серия
19:00	Papagazzi
19:30	Қорытынды жаңалықтар
20:00	Итоговые новости
20:40	Басты назарда (тікелей эфир)
21:55	Т/х. «Диназаур-3» 5-6 серия
23:00	Телехикая. Әр жерде сен, 6 серия
0:10	Тұсаукесер! Телехикая. Мұрагерлер, 6 серия
1:10	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
1:40	Басты назарда (қайталау)
2:00	Тіл қорғаны
2:25	Алматы тұнған тарих
3:10	Сәуле-ғұмыр
3:40	Дала сазы
4:40	Әсем әуен
5:55	Алматы кеші
	Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00	Әнұран
6:05	«Көшпенділер». Деректі фильм. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2018 ж.)
6:20	«Күміс көмей». Ұлттық музыкалық-танымдық бағдарлама
7:00	«TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10:00	«Ғашықтық дерті». Телехикая. (Түркия, 2016-2017 ж.ж.)
12:00	«Qyzuq eken...».
13:00	AQPARAT
13:15	«АЙДАҒАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». Мультхикая. (АҚШ, 2016 ж.)
13:40	«ХАЙДИ». Мультхикая. (Алмания, 2019 ж.)
14:00	«ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15:00	«Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15:50	«ЕР ҚАНАТЫ». «Самалмен сырласу».
16:00	Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
17:00	AQPARAT
17:15	«QYZUQ EKEN...».
18:00	«ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая. (Түркия, 2016-2017 ж.ж.)
20:00	AQPARAT
20:35	«ASHYUQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30	«САМАЛМЕН СЫРЛАСУ». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
22:30	«ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (Түркия, 2020 ж.)
23:30	«Қанатсыз құстар-2». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2020 ж.)
0:30	«САНА». Ток-шоу
1:35	AQPARAT
2:10	«Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
3:00	«Теледәрігер»
3:50	Әнұран

ХАБАР

6:00	ҚР Әнұраны
6:00	Хабарлайын
7:00	Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:00	«Бір туынды тарихы»
10:45	Әсем әуен
11:45	Тұсаукесер! Телехикая. «Келінжан 3»
13:00	Телехикая. «Сырлы қала»
15:00	«Бүгін». Тікелей эфир
16:00	Телесериал. «Департамент»
18:00	Мегахит. «Цифровая радиостанция»

20:00	Қорытынды жаңалықтар
20:30	Тұсаукесер! «Бизнеске бағыт». Тікелей эфир
21:00	Итоги дня
21:30	Тұсаукесер! Телехикая. «Рауза: Сақураның гүлдеуі»
22:30	Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
23:45	Телесериал. «Департамент»
1:30	«Discovery: Как устроена Вселенная»
2:00	ҚР Әнұраны



АСТАНА

6:00	«Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30	«Қара ой» деректі драма
7:00	«Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
8:00	М/ф «Маша и медведь»
9:40	«Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
11:10	«Қара ниет 2» түрік телехикаясы
12:15	«Кэ Бэк» корей телехикаясы
14:00	«Айтарым бар» ток-шоуы. Тікелей эфир
15:00	«Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
16:20	«Аладдин» телехикаясы
17:30	«АНА» түрік телехикаясы
20:00	ASTANA TIMES
21:00	«Қара ниет 2» түрік телехикаясы
22:00	«Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
23:20	«Кэ Бэк» корей телехикаясы
0:50	Келіндер
1:40	ASTANA TIMES
2:10	«Біреудің есебінен» деректі драма
2:55	«KazNet» галамторға шолу
3:15	«Үздік әзілдер»
3:50	Отбасы
4:35	Той жыры (2019)
5:05	«Сырты бүтін» деректі драма
5:30	Әзілстан



31-КАНАЛ

05:58	ҚР ӘНҰРАНЫ
06:00	Әзіл студия (қазақша)
06:50	Неге?(қазақша)
08:10	Тұсаукесер! «Суд идет» (қазақша)(қайталау)
09:20	Түрік телехикаясы «Иффет» (қазақша)
10:40	Телехикаясы «Жанкешті ханымдар» (қазақша)
13:00	Түрік телехикаясы «Күзгын» (қайталау)
14:00	«Аладдин» мультхикаясы (қайталау)
14:30	«Лило и Стич» мультхикаясы (қайталау,оригинал)
15:30	«Волки и овцы. Ход свиньей» анимациялық фильмі (қайталау)
17:00	Тұсаукесер! «Суд идет»
18:00	What's up?(қазақша)
18:10	КИНО. Брендон Фрейзер
20:00	«Месть пушистых» комедиясында (қайталау)
21:00	Информбюро (қазақша/орысша)
21:50	«Ворон» түрік телехикаясы
00:30	КИНО. Том Хэнкс, Юэн Макгрегор «Ангелы и демоны» триллерінде (қайталау)
01:30	«В мире чудес» деректі циклы
03:30	Кел, татуласайық! (қазақша)
05:00	Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қазақша)
	Ризамын (қазақша)



ЕВРАЗИЯ

6:00	«ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
7:00	«ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00	«ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:00	«ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00	«НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00	«ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15	«112», Тікелей эфир
14:30	«QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00	«KÖREMİZ» бағдарламасының тұсаукесері
20:00	«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:40	Дмитрий Паламарчук, Пётр Рыков, Алиса Горшкова,

1:10	Владимир Литвинов, Андрей Терентьев в многосерийном фильме «ПОДСУДИМЫЙ»
2:15	Ночной кинотеатр. «ЛУЧШИЕ ВРАГИ»
3:25	«СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».
3:40	Многосерийный фильм «112» бағдарламасы
4:05	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 04:30	«ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы



7-КАНАЛ

06.00	Т/п «Қуырдақ»
07.00	«ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
09.00	Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00	Х/с «Дом на холодном ключе»
14.00	Т/х «Гудия»
15.00	Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.00	Т/с «Там, куда падают звезды»
17.20	Премьера! Х/с «Родком»
17.50	Т/с «Три в одном»
19.00	Вечерняя программа «Студия 7»
19.30	Х/с «Скорая помощь»
21.40	Премьера! Т/х «Ағайындылар»
23.40	Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.40	Х/ф «Повелитель бури»
03.20	Т/х «Ағайындылар»
05.30	Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00	ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05	«ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», түрік телехикаясы. С субтитрами на русском
08.20	«ЖУРНАЛИСТ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.20	«ПОТЕРЯННОЕ СЧАСТЬЕ», мелодрама (повтор)
11.30	«ДЕРЖИ МЕНЯ ЗА РУКУ», мелодрама
15.50	«ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив
18.00	«МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ». Өзбек телехикаясы.
19.30	Тұсаукесер! С субтитрами на русском
20.00	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00	ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40	«НА КРАЮ», мелодрама. Премьера!
00.00	«МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ОСОБОЕ ЗАДАНИЕ», остросюжетный боевик. Премьера!
01.45	«ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив (повтор)
02.25	«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10	«ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
03.50-	
04.20	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07:00	Әнұран
07:05	ФУТЗАЛ. Әлем Чемпионаты - 2021. Бразилия – Чехия
08:50	«Новый формат Кубка Казахстана» Специальный репортаж
09:05	ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасы. «Лестер» (Англия) – «Наполи» (Италия)
11:05	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
12:00	ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN» Прямой эфир
14:00	ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN» Прямой эфир
16:00	ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN» Прямой эфир
18:00	ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN» Прямой эфир
20:00	ВЕЛОТУР. Германия. Шолу
20:55	ФУТЗАЛ. Әлем Чемпионаты - 2021. Испания – Ангола. Тікелей эфир
22:40	«Баянауыл баурайындағы бәсеке». Арнайы репортаж
22:55	ФУТЗАЛ. Әлем Чемпионаты - 2021. Иран – Аргентина. Тікелей эфир
00:40	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
01:10	Әнұран

balapan BALAPAN

7:00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7:05	Анимация: отандық / «Еркелер»
7:15	Анимация: отандық / «Ағаш ат»
7:25	Тұсаукесер! «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
7:45	Анимация: отандық / «Балақайлар»
8:00	«Сырлы әлемге саяхат» Мультхикая.
8:25	Анимация: отандық / «Балапан және оның достары»
8:50	Анимация: отандық / «Менің елім»
9:00	Анимация: отандық / «Күшік»
9:10	Анимация: отандық / «Қызғалдақтар мекені»
9:20	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
9:30	Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
9:45	Анимация: отандық / «Пырақтар»
10:00	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Күй қанатында»
10:10	Анимация: отандық / «Әл-Фараби»
10:20	«Байқа, балақай!» танымдық жобасы.
10:30	«Супер әке» Мультхикая.
10:45	«Расулдың хикаялары» ситкомы
11:05	Анимация: отандық / «Бабалар ізі»
11:15	Анимация: отандық / «Ырысты ыдыстар»
11:25	«Винкстер клубы» Мультхикая.
11:55	«Ғажайып өлке» танымдық жобасы
12:05	«Достар» телехикаясы
12:40	Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.
13:05	Анимация: отандық / «Сәби»
13:25	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Сарбаздар»
13:35	«Хайди» Мультхикая.
14:00	Тұсаукесер! «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
14:20	Анимация: отандық / «Көжектер»
14:40	Анимация: отандық / «Еркелер»
14:50	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Маржан тіс»
15:00	«Қос алқа» бағдарламасы
15:10	Анимация: отандық / «Балапан және оның достары»
15:30	Анимация: отандық / «Менің елім»
15:40	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
15:50	Анимация: отандық / «Қызғалдақтар мекені»
16:00	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.
16:30	«Байқа, балақай!» танымдық жобасы.
16:40	Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
16:55	Анимация: отандық / «Пырақтар»
17:10	Анимация: отандық / «Бабалар ізі»
17:20	«Расулдың хикаялары» ситкомы
17:40	«Сырлы әлемге саяхат» Мультхикая.
18:05	«Достар» телехикаясы
18:40	Анимация: отандық / «Балақайлар»
18:55	Анимация: отандық / «Қызықты энциклопедия»
19:05	Анимация: отандық / «Ырысты ыдыстар»
19:15	«Ғажайып өлке» танымдық жобасы
19:25	«Тайоның бастан кешкендері» Мультхикая.
19:40	«Элвин мен алақоржындар» Мультхикая.
20:00	Анимация: отандық / «Сәби»
20:20	Анимация: отандық / «Әл-Фараби»
20:30	«Қос алқа» бағдарламасы
20:40	Анимация: отандық / «Балапан және оның достары»
20:50	«Хайди» Мультхикая.
21:15	Анимация: отандық / «Күшік»
21:25	Анимация: отандық / «Көжектер»
21:35	Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.

22:00	Анимация: отандық / «Ағаш ат»
22:10	«Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22:25	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Маржан тіс»
22:35	Анимация: отандық / «Қызғалдақтар мекені»
22:45	«Супер әке» Мультхикая.
23:00	Анимация: отандық / «Балақайлар»
23:15	Анимация: отандық / «Пырақтар»
23:30	Анимация: отандық / «Қызықты энциклопедия»
23:45	Анимация: отандық / «Еркелер»
23:55	«Бесік жыры» - Әнұран
0:00	Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

06:05	Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
06:40	Рухани байлық
07:30	Syrgym story
08:10	Ой-талқы
09:00	«Тәтті тіме» – Аспаз уақыты
09:40	Dara til
10:10	Қалайық
10:30	«Саморазвитие» – Маржан коуч
10:50	Ем болсын
11:00	«Маңызды мәселе» – Қайталау
12:20	Қазақ спортының классикасы
13:10	Ем болсын
13:20	Абайдың жолы
14:00	Ем болсын
14:10	Тәлім history
14:50	Ем болсын
15:00	«Сырласайық» – Қайталау
16:00	«Үлкен үй-6» – телехикая
17:00	Ем болсын
17:10	«Summagy 100 кітап»
17:30	Ем болсын
17:50	«Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18:00	Кешкі әңгіме
19:10	Емен-жарқын
19:50	Ұлт саулығы
20:00	«Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21:00	Жол серік 1-серия
22:00	Руханият
22:30	Проза параграфы
23:00	«Менің анам, менің әкем» – Ата-ана туралы сыр
23:30	«По душам» – Психологиялық бағдарлама



TAN

6:00	«ЕСТИМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП» қызықты деректер
7:00	«ТАҢҒЫ МАРАФОН» бағдарламасы
7:20	«ДАЙДИДАУ» бағдарламасы
7:45	«СЫМБАТ ФОРМУЛАСЫ» бағдарламасы
8:10	«КҮЛЕГЕШ» бағдарламасы
8:30	«ТАҢҒЫ МАРАФОН» бағдарламасы
9:00	«ЛЕГЕНДЫ ЦИРКА» программа
9:30	«ЛЕГЕНДЫ МУЗЫКИ» программа
10:00	«НӘЗІГІМ» бағдарламасы
10:30	«КЕЛ, КҮЛЕЙІК» бағдарламасы
11:00	«ON STAR» бағдарламасы
12:00	«ЗАГАДКИ ВЕКА» программа
13:00	«НЕ ФАКТ» программа
13:30	«ЛЕГЕНДЫ КИНО» программа
14:30	«ЛЕГЕНДЫ МУЗЫКИ» программа
15:00	«ЕСТИМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП» қызықты деректер
16:00	«КЕЛ, КҮЛЕЙІК» бағдарламасы
16:30	«ON STAR» бағдарламасы
17:30	«ПАРЫЗ» телехикаясы
18:30	«ЕСТИМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП» қызықты деректер
19:20	«ҒАРЫШ АҢЫЗДАРЫ» бағдарламасы
20:30	«ЕСТИМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП» қызықты деректер
21:00	«ПАРЫЗ» телехикаясы
22:00	«КОД ДОСТУПА» программа
22:50	«СЕКРЕТНЫЕ МАТЕРИАЛЫ» программа
23:40	«УЛИКИ ИЗ ПРОШЛОГО» программа
0:30	«НЕ ФАКТ» программа
1:00	«ЕСТИМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП» қызықты деректер
2:00	«СҰХБАТ» бағдарламасы
3:00	«ЕСТИМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП» қызықты деректер
4:00	«ДАЙДИДАУ» бағдарламасы
5:00	«СҰХБАТ» бағдарламасы



СЕЙСЕНЫ 21 ҚЫРКҮЙЕК



Almaty TV АЛМАТЫ

6:00	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7:00	Сериал «Женский доктор»
8:00	Таңғы студио
10:00	Мультфильм
11:45	Х/ф. Заложница 3-4 серия
14:00	Телесериал. Первая половина моей жизни 28 серия
15:00	Күндізгі жаңалықтар
15:15	Дневные новости
15:30	Телехикая. Диназаур 5-6 серия
16:30	Телехикая. Мүрагерлер, 6 серия
17:30	Телехикая. Шыңғыс хан 29 серия
18:30	Алматынские каникулы
18:45	Crime time
19:00	Қорытынды жаңалықтар
19:30	Итоговые новости
20:00	Akimat live (прямой эфир)
20:40	Телехикая. Диназаур-3, 6-7 серия
21:55	Телехикая. Әр жерде сен, 7 серия
23:00	Телехикая. Мүрагерлер, 7 серия
0:10	Crime time
0:20	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
1:20	Akimat live (повтор)
1:55	Обо всем без купюр
2:25	Сәуле-ғұмыр
3:15	Дала сазы
3:45	Әсем әуен
4:40	Алматы кеші
5:55	Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00	Әнұран
6:05	«Көшпенділер». Деректі фильм. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2018 ж.)
6:20	AQPARAT
7:00	«TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10:00	«Ғашықтық дерті». Телехикая. (Түркия, 2016-2017 ж.ж.)
12:00	«Qyzyq eken...».
13:00	AQPARAT
13:15	«ХАЙДИ». Мультхикая. (Алмания, 2019 ж.)
14:00	«ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15:00	«Masele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
15:35	«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ»
16:00	«Самалмен сырласу». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
17:00	AQPARAT
17:15	«QYZYQ EKEN...».
18:00	«ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая. (Түркия, 2016-2017 ж.ж.)
20:00	AQPARAT
20:35	«ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30	«САМАЛМЕН СЫРЛАСУ». Телехикая. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
22:30	«ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (Түркия, 2020 ж.)
23:30	«Қанатсыз құстар-2». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2020 ж.)
0:30	«САНА». Ток-шоу
1:35	AQPARAT
2:15	«Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
3:05	«Теледәрігер»
3:55	Әнұран

ХАБАР

6:00	ҚР Әнұраны
6:00	Хабарлайын
7:00	Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:00	«Бір туынды тарихы»
10:45	Әсем әуен
12:00	Тұсаукесер! Телехикая.
13:00	«Рауза: Сакураңың гүлдеуі»
15:00	Телехикая. «Сырлы қала»
16:00	«Бүгін». Тікелей эфир
18:00	Телесериал.
18:00	«Департамент»
20:00	Мегахит. «Спасение»
20:00	Қорытынды жаңалықтар
20:30	Тұсаукесер! «Тарих айнасы»
21:00	Итоги дня
21:30	Тұсаукесер! Телехикая.
23:15	«Рауза: Сакураның гүлдеуі»
23:15	Телесериал.
1:15	«Департамент»
1:15	«Discovery: Как устроена Вселенная»
2:00	ҚР Әнұраны

АСТАНА

6:00	«Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30	«Қара ой» деректі драма
7:00	«Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
8:00	М/ф «Маша и медведь»
9:40	«Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
11:10	«Қара ниет 2» түрік телехикаясы
12:15	«Кэ Бэк» корей телехикаясы
14:00	«Айтарым бар» ток-шоуы. Тікелей эфир
15:00	«Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
16:20	«Аладин» телехикаясы
17:30	«АНА» түрік телехикаясы
20:00	ASTANA TIMES
20:55	Loto 5/36. Прямой эфир
21:00	«Қара ниет 2» түрік телехикаясы
22:00	«Үзілген моншақ» үнді телехикаясы
23:20	«Кэ Бэк» корей телехикаясы
0:50	Келіндер
1:40	ASTANA TIMES
2:10	«Біреудің есебінен» деректі драма
2:55	«KazNet» ғаламторға шолу
3:15	«Үздік әзілдер»
3:50	Отбасы
4:35	Той жыры (2019)
5:05	«Сырты бүтін» деректі драма
5:30	Әзілстан

31-КАНАЛ

05:58	ҚР ӘНҰРАНЫ
06:00	Әзіл студио (қазақша)
07:00	Информбюро (қайталау)
08:10	Тұсаукесер! «Суд идет» (қайталау)
09:20	«Ифет» түрік телехикаясы (қазақша)
10:40	«Жанкешті ханымдар» телехикаясы (қазақша)
13:00	«Құзғын» түрік телехикаясы (қайталау)(қазақша)
14:00	What's up? (қазақша)
14:30	«Триггер» детективті телехикаясы
17:00	Тұсаукесер! «Суд идет»
18:00	КИНО. Сильвестр Сталлоне «Скалолаз» боевигінде (қайталау)
19:55	Zeinet.kz
20:00	Информбюро (қазақша/орысша)
21:00	«Ворон» түрік телехикаясы
21:50	КИНО. Брюс Уиллис «Заложник» боевигінде (қайталау)
00:00	«В мире чудес» деректі циклы
01:00	Кел, татуласайық! (қазақша)
03:00	Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қазақша)
05:00	Ризамын (қазақша)

ЕВРАЗИЯ

6:00	«ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
7:00	«ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00	«ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:00	«ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00	«НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00	«ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15	«112». Тікелей эфир
14:30	«QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00	«KOREMIZ» бағдарламасының тұсаукесері
20:00	«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:40	Дмитрий Паламарчук, Пётр Рыков, Алиса Горшкова, Владимир Литвинов, Андрей Терентьев в многосерийном фильме «ПОДСУДИМЫЙ»
1:10	Ночной кинотеатр.
2:15	«ЛУЧШИЕ ВРАГИ»
3:25	«СЕРАФИМА»
3:40	Многосерийный фильм «112» бағдарламасы
4:05	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:05	«ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

7-КАНАЛ

06.00	Т/п «Қуырдақ»
07.00	«ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы

09.00	Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00	Т/с «Три в одном»
11.10	Х/с «Скорая помощь»
13.45	Скетчком «Q-елі»
14.00	Т/х «Гудия»
15.00	Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.00	Т/с «Там, куда падают звезды»
17.20	Премьера! Х/с «Родком»
17.50	Т/с «Три в одном»
19.00	Вечерняя программа «Студия 7»
19.30	Х/с «Скорая помощь»
21.40	Т/х «Ағайындылар»
23.40	Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.40	Т/с «Анна-детектив»
01.50	Скетчком «Q-елі»
03.20	Т/х «Ағайындылар»
05.30	Т/п «Қуырдақ»

KTK

07.00	ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30	«ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», түрік телехикаясы. С субтитрами на русском
08.20	«ЖУРНАЛИСТ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.20	НОВОСТИ (повтор)
10.00	«БЫЛО ДЕЛО»
11.00	«НА КРАЮ», мелодрама (повтор)
13.30	«МОРСКИЕ ДЬВЯВОЛЫ. ОСОБОЕ ЗАДАНИЕ», остросюжетный боевик (повтор)
15.50	«ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив
18.00	«МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ». Өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00	«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00	ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40	«НА КРАЮ», мелодрама. В ролях: Диана Пожарская, Софья Шуткина, Николай Фоменко, Владимир Верёвочкин. Премьера!
00.00	«МОРСКИЕ ДЬВЯВОЛЫ. ОСОБОЕ ЗАДАНИЕ», остросюжетный боевик. В ролях: Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин. Премьера!
01.45	«ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив (повтор)
02.25	«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10	«ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
03.50	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
04.20	(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07:00	Әнұран
07:05	ФУТЗАЛ. Әлем Чемпионаты - 2021. Испания – Ангола
08:50	ВЕЛОТУР. Норвегия. Шолу
09:40	ФУТЗАЛ. Әлем Чемпионаты - 2021. Иран – Аргентина
11:25	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12:00	ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN» Прямой эфир
14:00	ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN» Прямой эфир
16:00	ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN» Прямой эфир
18:05	ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
19:00	«Битые мишени. Итоги Кубка мира по стендовой стрельбе» Специальный репортаж
19:20	ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс» (Нұр-Сұлтан) - ЦСКА (Москва). Тікелей эфир
22:00	«Қазандағы алғашқы ойындар». Арнайы репортаж
22:20	ММА «OCTAGON»
03:20	«Баянауыл баурайындағы бәсеке». Арнайы репортаж
03:35	Әнұран

balapan BALAPAN

7:00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7:05	Анимация: отандық / «Еркелер»

7:15	Анимация: отандық / «Ағаш ат»
7:25	Тұсаукесер! «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
7:45	Анимация: отандық / «Балақайлар»
8:00	«Сырлы әлемге саяхат» Мультхикая.
8:25	Анимация: отандық / «Балапан және оның достары»
8:50	Анимация: отандық / «Менің елім»
9:00	Анимация: отандық / «Күшік»
9:10	Анимация: отандық / «Қызғалдақтар мекені»
9:20	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Маржан тіс»
9:30	Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
9:45	Анимация: отандық / «Пырақтар»
10:00	Анимация: отандық / «Көжектер»
10:10	Анимация: отандық / «Әл-Фараби»
10:20	«Байқа, балақай!» танымдық жобасы.
10:30	«Супер әке» Мультхикая.
10:45	«Құпия кітап» ситкомы
11:05	Анимация: отандық / «Балалар ізі»
11:15	Анимация: отандық / «Ырысты ыдыстар»
11:25	Анимация: отандық / «Ағаш ат»
11:40	Тұсаукесер! «Кітап қана» бағдарламасы
11:50	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
12:00	«Достар» телехикаясы
12:40	Тұсаукесер! Мультхикая.
13:05	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Сарбаздар»
13:10	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Әсем әуен»
13:20	Анимация: отандық / «Сәби»
13:35	«Хайди» Мультхикая.
14:00	Тұсаукесер! «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
14:20	Анимация: отандық / «Еркелер»
14:30	Анимация: отандық / «Балақайлар»
14:40	Анимация: отандық / «Көжектер»
14:50	Анимация: отандық / «Әл-Фараби»
15:00	«Табиғат таңғажайыптары» танымдық бағдарламасы.
15:10	Анимация: отандық / «Балапан және оның достары»
15:30	Анимация: отандық / «Менің елім»
15:40	Анимация: отандық / «Күшік»
15:50	Анимация: отандық / «Қызғалдақтар мекені»
16:00	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.
16:30	«Байқа, балақай!» танымдық жобасы.
16:40	Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
16:55	Анимация: отандық / «Пырақтар»
17:10	Анимация: отандық / «Балалар ізі»
17:20	«Құпия кітап» ситкомы
17:40	«Сырлы әлемге саяхат» Мультхикая.
18:05	«Достар» телехикаясы
18:40	Анимация: отандық / «Балақайлар»
18:55	Анимация: отандық / «Қызықты энциклопедия»
19:05	Анимация: отандық / «Ырысты ыдыстар»
19:15	«Ғажайып өлке» танымдық жобасы
19:25	«Тайоның бастан кешкендері» Мультхикая.
19:40	«Элвин мен алақоржындар» Мультхикая.
20:00	Анимация: отандық / «Сәби»
20:20	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
20:30	Тұсаукесер! «Кітап қана» бағдарламасы
20:40	Анимация: отандық / «Балапан және оның достары»
20:50	«Хайди» Мультхикая.
21:15	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Трансформер Тұлпар»
21:25	Анимация: отандық / «Көжектер»
21:35	Тұсаукесер! Мультхикая.
21:50	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Әсем әуен»

22:00	Анимация: отандық / «Менің елім»
22:10	«Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22:25	Тұсаукесер! Анимация: отандық / «Маржан тіс»
22:35	Анимация: отандық / «Қызғалдақтар мекені»
22:45	«Супер әке» Мультхикая.
23:00	Анимация: отандық / «Балақайлар»
23:15	Анимация: отандық / «Пырақтар»
23:30	Анимация: отандық / «Қызықты энциклопедия»
23:45	Анимация: отандық / «Еркелер»
23:55	«Бесік жыры» (2:27:05) - Отбивка (16:04) - Әнұран (1:38:09)
0:00	Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

06:05	Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
06:40	Рухани байлық
07:30	Балалық шаққа саяхат
08:10	Фибратты ғұмырлар
09:00	Talim Speakers
09:40	Repost times
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Кощмар на улице Цветочная» (продолжение).
21.30	Премьера. Андрей Чубченко, Кирилл Полухин, Кирилл Рубцов, Дмитрий Сутырин в остросюжетном сериале «ШЕФ. ВОЗВРАЩЕНИЕ». «Нечего терять», «У мёртвых не спросишь».
23.35	«Основано на реальных событиях». «Понаровская. Чёрно-белая драма». 1-я серия.
0.25	«Сегодня».
0.40	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». «Согласен на любую работу», «Хороший повод для убийства».
2.40	Вадим Андреев, Алексей Матюшин, Захар Ронжин, Сергей Быстрицкий в детективном сериале «ВТОРОЙ УБОЙНЫЙ». «Взятка», «Самоубийственные факты».

СЕЙСЕНБІ 21 ҚЫРКҮЙЕК

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» 6+
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» 6+
6.15	«Пусть говорят» 16+
7.15	«Жить здорово!» 16+
8.05	«Модный приговор» 6+
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» 16+
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» 16+
13.15	«Мужское / Женское» 16+
14.05	«Время покажет» с Артёмом Шейниным 16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» 16+
16.35	Новости (с субтитрами)
16.50	«Пусть говорят» 16+
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки».

20.10	Многосерийный фильм	16+
20.50	«Вечерний Ургант»	16+
	К юбилею Эдварда	
	Радзинского. «Царство	
	женщин». 2-я серия	16+
21.45	«Время покажет»	16+
0.00	Новости	
0.05	«Время покажет»	16+
1.00	«Мужское / Женское»	16+

НТВ-МИР

7.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Георгий Тополага, Виктория Герасимова в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ВТОРАЯ». «Новый закон», «Ткачёв (с меня хватит)» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ВТОРАЯ». «Ткачёв (с меня хватит)» (продолжение). «Не слишком высоко, не слишком низко», «Семья» (заключительная серия).
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	Премьера. «За гранью».
17.40	«ДНК».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогова в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Мытари» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Мытари» (продолжение).
21.35	Премьера. Андрей Чубченко, Кирилл Полухин, Кирилл Рубцов, Дмитрий Сутырин в остросюжетном сериале «ШЕФ. ВОЗВРАЩЕНИЕ». «Затись перед бурей», «Заказ».
23.40	«Основано на реальных событиях». «Понаровская. Чёрно-белая драма». 2-я серия.
0.30	«Сегодня».
0.45	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». «Ты - мне, я - тебе», «Жалость».
2.40	Вадим Андреев, Алексей Матюшин, Захар Ронжин, Сергей Быстрицкий в детективном сериале «ВТОРОЙ УБОЙНЫЙ». «Кровавый прилив», «Чужой среди чужих».

**СӘРСЕНБІ
22 ҚЫРКҮЙЕК**

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро»	6+
5.00	Новости	
5.05	Телеканал «Доброе утро»	6+
6.15	«Пусть говорят»	16+
7.15	«Жить здорово!»	16+
8.05	«Модный приговор»	6+
9.00	Новости	
9.25	«Время покажет»	16+
12.00	Новости (с субтитрами)	
12.30	«Давай пообщимся!»	16+
13.15	«Мужское / Женское»	16+
14.05	«Время покажет» с Артёмом Шейниным	16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)	
15.40	«На самом деле»	16+
16.35	Новости (с субтитрами)	
16.50	«Пусть говорят»	16+
18.00	«Время»	
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм	16+
20.10	«Вечерний Ургант»	16+
20.50	К юбилею Эдварда Радзинского. «Царство женщин». 3-я серия	16+
21.45	«Время покажет»	16+
0.00	Новости	
0.05	«Время покажет»	16+
1.00	«Мужское / Женское»	16+

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ».
	«Казнь», «Дурь» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». «Дурь» (продолжение). «Нам есть что терять», «Адаптация».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».

16.00	Сегодня».
16.30	Премьера. «За гранью».
17.35	«ДНК».
18.35	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гоголева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Лекарь» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Лекарь» (продолжение).
21.35	Премьера. Андрей Чубченко, Кирилл Полухин, Кирилл Рубцов, Дмитрий Сутурин в остросюжетном сериале «ШЕФ. ВОЗВРАЩЕНИЕ». «Одни вопросы, никаких ответов», «Кабанчик».
23.45	«Основано на реальных событиях». «Понаровская. Чёрно-белая драма». 3-я серия.
0.35	«Сегодня».
0.50	«Поздняков».
1.10	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». «Шулер», «Ничего личного - только бизнес».
3.05	Вадим Андреев, Алексей Матошин, Захар Ронжин, Сергей Быстрицкий в детективном сериале «ВТОРОЙ УБОЙНЫЙ». «Обвиняется жертва».
4.50	«Научная среда».

**БЕЙСЕНЫ
23 ҚЫРКҮЙЕК**

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» 6+
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» 6+
6.15	«Пусть говорят» 16+
7.15	«Жить здорово!» 16+
8.05	«Модный приговор» 6+
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» 16+
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» 16+
13.15	«Мужское / Женское» 16+
14.05	«Время покажет» с Артёмом Шейниным 16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» 16+
16.35	Новости (с субтитрами)
16.50	«Пусть говорят» 16+
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм 16+
20.10	«Вечерний Ургант» 16+
20.50	К юбилею Эдварда Радзинского. «Царство женщин». 4-я серия 16+
21.45	«Время покажет» 16+
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» 16+
1.00	«Мужское / Женское» 16+

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». «Убийство». «Должок Антошина» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». «Должок Антошина» (продолжение). «Свои люди», «Знакомые лица».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	Премьера. «За гранью».
17.35	«ДНК».
18.35	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогоева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Жизнь за короля» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Жизнь за короля» (продолжение).
21.35	Премьера. Андрей Чубченко, Кирилл Полухин, Кирилл Рубцов, Дмитрий Сутырин в остросюжетном сериале «ШЕФ. ВОЗВРАЩЕНИЕ».
	«Страшный человек».
23.45	«Служебная проверка».
	«Основано на реальных событиях». «Понаровская. Чёрно-белая драма». 4-я серия.
0.35	«Сегодня».
0.50	«ЧП. Расследование».
1.20	«Захар Прилепин. Уроки русского».
1.55	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». «Нам с тобой не по пути». «Самый

3.55 бесполезный человек». Вадим Андреев, Алексей Матошин, Захар Ронжин, Сергей Быстрицкий в детективном сериале «ВТОРОЙ УБОЙНЫЙ».

5.25 «Торжество».

«Их нравы».

ЖҰМА
24 ҚЫРКҮЙЕК

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» 6+
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» 6+
6.15	«Пусть говорят» 16+
7.15	«Жить здорово!» 16+
8.05	«Модный приговор» 6+
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» 16+
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» 16+
13.15	«Мужское / Женское» 16+
14.05	«Время покажет» с Артёмом Шейниным 16+
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым 16+
16.35	Новости (с субтитрами)
16.50	Поле чудес» 16+
18.00	«Время»
18.30	«Три аккорда» 16+
20.10	«Вечерний Ургант» 16+
20.55	«Миры и войны Сергея Бондарчука» 12+
21.55	Юлия Топольницкая, Юрий Бокров, Юлия Сулес, Алексей Кортнев в комедии «Лови момент» 16+
23.15	Фильм Алексея Балабанова «Брат-2» 16+
1.25	«Наедине со всеми» 16+
2.10	«Модный приговор» 6+

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТИНИКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ».
	«Пересекая черту», «Работа над ошибками» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ПЯТИНИКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ».
	«Работа над ошибками» (продолжение).
	«Своими руками», «Колдун».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	«ДНК».
17.40	«Жди меня».
8.35	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогова в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ».
	«Янтарная лихорадка» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ».
	«Янтарная лихорадка» (продолжение).
21.35	Премьера. Сериал «ШЕФ. ВОЗВРАЩЕНИЕ».
	«Лицом к лицу», «Волки и овцы».
23.40	«Своя правда» с Романом Бабаюном.
1.35	«Мы и наука. Наука и мы».
2.35	Вадим Андреев, Алексей Матошин, Захар Ронжин, Сергей Быстрицкий в детективном сериале «ВТОРОЙ УБОЙНИЙ».
	«Сын по переписке», «Форма шантажа» (заключительная серия).
	«Ты не поверишь!».
5.50	

СЕНБІ
25 ҚЫРКҮЙЕК

1 ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» 6+
6.05	«Умницы и умники» 12+
6.45	«Слово пастыря» 6+
7.00	Новости
7.30	«На дачу!» с Наташей Барбье 6+
8.20	«Видели видео?» 6+
9.00	Новости
9.15	«Видели видео?» 6+
10.40	ТилиТелеТест» с Ларисой Гусевой 6+
11.55	К 105-летию Зиновия Гердта. «Я больше никогда не буду» 12+
12.45	Николай Еременко в фильме «Пираты XX века» 12+
14.10	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым 12+
15.30	«Сегодня вечером» 16+
18.00	«Время»
18.20	Клуб Веселых и Находчивых». Вышла лига 16+
20.20	К 115-летию «Я оставляю Шостаковича. Дмитрий

21.15	сердце вам в залог» 12+ Александр Балувев, Вера Лаголева в фильме «Ковчег» 12+
22.40	Алексей Чадов, Артур Смолянинов, Константин Крюков, Тимати, Агния Дитковските в фильме Резо Гигинеишвили «Жара» 16+
0.20	«Модный приговор» 6+
1.10	«Давай поженимся!» 16+

 НТВ-МИР

6.10	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова, Алексей Моисеев, Александр Воеводин в детективном сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД». «Бластер», «Подстава для инопланетянина».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминным».
10.00	«Сегодня».
10.25	«Главная дорога».
11.00	«Кто в доме хозяин?»
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.25	«Следствие вели...»
18.00	«По следу монстра».
18.58	«Центральное телевидение» с Вадимом Тамкёновым.
20.25	Развлекательная программа.
23.15	«Ты не веришь!»
0.15	«Международная пилорама» с Тиграном Кеосаяном.
1.00	Фильм Алексея Учителя «ВОСЬМЁРКА».
2.35	«Москва. Осень. Сорок первый».
4.00	Сериал «ВТОРОЙ УБОЙНЫЙ-2». «Итальянская кухня».
5.35	«Московские иностранцы».

**ЖЕКСЕНБІ
26 ҚЫРКҮЙЕК**

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.50	«Катя и Блэк». Многосерийный фильм 16+
3.00	Новости
3.10	«Катя и Блэк» 16+
4.45	«Играй, гармонь любимая!» 12+
5.25	«Часовой» 12+
5.50	«Здоровье» 16+
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым 12+
7.00	Новости
7.25	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» 12+
8.10	«Видели видео?» 6+
9.00	Новости
9.10	«Видели видео?» 6+
10.25	«Карлик Нос». Анимационный фильм 6+
11.50	Кино в цвете. «Приходите завтра...» 6+
13.30	Ко дню рождения Ларисы Рубальской. Премьера. «Напрасные слова» 16+
15.00	«Три аккорда» 16+
16.35	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон 6+
18.00	«Время»
19.00	Премьера. «Вызов. Первые в космосе» 12+
19.55	Премьера. Легенды бокса в документальном фильме «Короли» 16+
21.50	Владимир Познер и Иван Ургант в проекте «Германская головоломка» 18+
22.40	Евгений Миронов, Евгений Цыганов, Ирина Пегова, Елена Лядова в фильме «Космос как предчувствие» 16+
0.10	«Наедине со всеми» 16+
0.50	«Модный приговор» 6+

6.05	«У нас выигрывают!» Лотерейное шоу.
8.00	«Сегодня».
8.25	«Я худею».
9.30	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медицинские тайны».
10.35	«Первая передача».
11.05	«Чудо техники».
12.00	«Дачный ответ».
13.05	«НашПотребНадзор».
14.05	«Однажды...»
15.00	«Кремлёвские похороны».
	«Вячеслав Менжинский».
16.00	«Сегодня».
16.25	«Следствие вели...»
18.05	«Новые русские сенсации».
19.00	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
20.10	Премьера. «Ты супер!»
23.00	«Секрет на миллион».
0.55	«Звёзды сошлись».
2.20	«Квартирник НТВ у Маргулиса».
3.50	Сериял «ВТОРОЙ УБОЙНЫЙ-2». «Ферзь в рукаве».
5.20	«Пора в отпуск».



ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

Отбасылық жанжал, ата-енемен арадағы кикіл-жің, туған бауырлары не әке-шешесімен арадағы дау, ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс, төбелес, қол көтеруге дейінгі баратын жағдайлар соңғы екі жылда елімізде күрт көбейген. Тұрмыстық зорлық-зомбылық картинасын нақтыласақ, бір ғана әйелдің тағдыры қысқаша мынадай: Ата-енесі ішкілікке салынып кеткен. Күйеуі болса тапқан табысын сол ішімдікке жұмсап қояды. Шиеттей екі балаға берер тамақ тұрмақ, қара нан да жоқ. Оның үстіне, ата-енесі келінін «бұл біздің келініміз» деп мойындамаған соң, жігіт те өзінен туған екі баласын менікі деп мойындамаған. Себебі, кезінде екеуі ерлі-зайыпты ретінде некеге тұрмаған. Ал емізді баласы бар әйел аш-жалаңаш жүргенімен қоймай, күйеуінен таяқ жеген соң шыдамай үйінен қашып шығады.

Әсел
ДАҒЖАН

Төрт жыл ішінде «Жан-Сая» дағдарыс орталығына осы сияқты 1500-ден астам әйел келді. Енді ашылған кезде «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығы» деп аталған орталықты отбасында зорлық-зомбылық көрген әйелдер паналады. Оларға қауіпсіз негіздегі үй-жай, оңалту жұмыстары, психологиялық, заңдық кеңес түріндегі көмектер көрсетіледі. Әйелдердің арасында жуас, көңгіш, қой аузынан шөп алмастай жандар да, ержүрек, өз ойын саспай айтатын, тік мінезді әйелдер де бар. Тұрмыстық жағдайлары да әрқилы: аз қамтылған, көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі балаларды асыраушы, әлеуметтік жағдайы орташа, тіпті ауқатты отбасы мүшелері де Орталықтың арнайы қызметтеріне жүгінген.

«Жан-Сая» дағдарыс орталығының өкілетті органы – Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы. Орталық жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. Орта есеппен жылына 100 миллиондай теңге қаржы бөлінеді. Ол тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған баласы бар әйелдерге жұмсалды.

Аталған орталық қызметін еліміздің барлық азаматтары

Менталитетке «жасырынған» ұят

мен шетелдік азаматтар да пайдалана алады. Арнайы әлеуметтік қызметтің стандартына сәйкес психолог, әлеуметтік қызметкер және инспектордың араласуымен егер әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандығы анықталса, ол әйелге сегіз түрлі әлеуметтік көмек түрі тегін көрсетіледі. Педагогикалық, тұрмыстық, заңгерлік, еңбектік, мәдени, медициналық және психологиялық пен экономикалық көмек.

– Зорлық-зомбылықтың туындауы тереңде жатыр. Неліктен агрессор қатыгездікке жол береді? Біздің тәжірибемізде ең көп кездесетін екі себеп бар. Бірінде ішімдік пен нашакорлыққа құмарлық агрессияның рационалды емес жолмен сыртқа шығуын туындатса, екінші жағдайда агрессордың кішкентай кезінен отбасындағы зорлық-зомбылықтың куәгері немесе тіпті жәбірленуші болғаны анықталады. Мұнда зорлық-зомбылықтың айқын көрініс табуы міндетті емес, ол ата-ана, не өзге отбасы мүшелерінің арасындағы сау емес қарым-қатынас арқылы да бейнеленуі мүмкін, – дейді «Жан-Сая» дағдарыс орталығының басшысы Зульфия Байсакова.

Мамандар тұрмыстық зорлық-зомбылық нақты бір отбасының ғана мәселесі емес, ол бүкіл қоғамға байланысты дейді. Сондықтан да тұрмыстық зорлық-зомбылықты азайту үшін, ең алдымен, қоғамдағы көз жұма қараушылықты тоқтатқан жөн. Кез келген адам оның әрекеті қандайда бір жауапкершілікке ие болатынын білгенде оған мұқият бола бастайды, агрессор да дәл солай дейді.

МАМАН ПІКІРІ

Зульфия ОМАРОВА, әлеуметтік қызметкер:
– Әйел адамның өзін-өзі бағалауы түсіп кетіп, психологиялық жағдайы бірқалыпты болмаған кезде біздің орталыққа түсіп жатады. Айналып келгенде, қазақы менталитет «жарайды, бір рет қана қол көтерді ғой», болмаса, «балаларым үшін шыдаймын, әке-шешем не бетімді айтамын, үйге баруға болмайды, ұят болады, туған-туыстар не дейді» деген менталитеттен аса алмай қалады да, бірнеше жыл барлық қиыншылыққа төзіп жүреді. Содан төзу мүмкін болмай кеткен кезде ғана бізге келеді. Әйелдердің құқығын қорғау орталықтары тек Алматыда ғана емес, қазіргі кезде Қазақстан бойынша сегіз қалада жұмыс істейді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

2020 жылдың қорытындысы бойынша, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар саны 4,7%-ға өскен. Бұл туралы ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Алексей Милюк мәлімдеді. Мәселе карантин мен қатаң оқшаулау жағдайында тіпті шиеленісе түскен. Ресми деректерге сүйенсек, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің 50%-дан астамы – әйелдер, ал 6,4%-ы кәмелетке толмағандар. Оның үстіне, мұндай құқық бұзушылықтардың көбін ер адамдар мас күйінде жасаған. Жауапкершілікке тартылған отбасылық жанжалдардың 81%-ында ер адамдар еш жерде жұмыс істемеген.

– Алдағы уақытта біз агрессорлармен бірге жұмыс істеуді дамытып, оны ары қарай жалғастырмақшымыз. Өйткені, тек қана тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген әйелдермен ғана жұмыс істей беру деген де дұрыс емес. Эмоциясын басқара алмайтын агрессорға жауапкершілік алуды үйрету керек. Еліміз бойынша агрессорлармен психологиялық түзету жұмыстарын біздің орталық бірінші болып жүргізе бастады. Біз екі жақтың да тіл табысуына жағдай жасаймыз, – деді «Жан-Сая» орталығының басшысы.

Біздегі қиындық – жақын адамдарға қатысты жасалатын қылмыстық істерге қатысты лайықты жаза жоқ дейді осы саланың мамандары. Лайықты жаза түрі болмағандықтан жасалатын қылмыс түрі де жаңарып, артып, оның жаңа түрлері пайда болуда. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталану беруі қылмыстық жауапкершілікті талап етеді. Оны біржола тыю үшін қоғамда оған деген төзімсіздікті қалыптастырып, заң тұрғысынан жауапкершілікті арттырып әрі қатаңдату дұрыс болар еді. Сондай-ақ, жас ұрпақтың сау қарым-қатынас құрудағы және психологиялық сауаттылықтағы біліміне жеткілікті деңгейде көңіл бөлген жөн.

P.S.: Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болсаңыз, біліп жүріңіз, «Жан-Сая» дағдарыс орталығы қолдауын созуға әрдайым дайын.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҰРСІН!

ЖҰМЫСҚА ЫҚЫЛАС ЖОҒАЛСА...

Осыдан

біраз уақыт бұрын жұмысқа бару деген сіз үшін мерекеге, тойға барумен пара-пар еді. Сол үшін әдемі киініп, ерекше дайындалатынсыз. Ал қазір... Қазір жұмыс десе алға басқан аяғыңыз кері кетіп, жүйкеңіз сыр беріп жүр. Мұның себебі не? Кеше жанға қуаныш сыйлаған жұмысыңыз бүгін неге көңіліңізді жабырқатады? Алғашқыда жұмыстағы жағдайдың бәрі сізге қызық, бәрі құпия болатын. Міне, осы жұмбақты шешіп, биікті бағындыру үшін алға ұмтылатын едіңіз. Уақыт өтті. Кеше асығып жететін, шешуге жанталаса кірісетін шаруалардың барлығы бүгінде қарапайым қайталанатын қағидаларға айналған. Мұндай жағдайы мамандар карьералық тұйыққа тірелу немесе күйзелістің басталуы деп бағалайды. Егер мұндай жағдайы өзіңізден байқасаңыз, онда тығырықтан шығатын жолды тезірек іздегеніңіз дұрыс.

*** Кәсіби біліктілігіңіздің жалықтыруы.** Бұған дейін сізге маңызды, қызықты көрінген дүниелер қазір өз мәнін жоғалтқан. Не істеу керек? Өзіңіз атқаратын шаруалар шеңберін кеңейтіп, жұмыс тәртібіне біраз өзгерістер енгізіңіз. Әрине, мұндай жағдайда басшымен тілдесуіңіз еш бастама өндімейді. Сондықтан ол кісімен бетпе-бет кездесіп, өзіңізге бұрынғыдан күрделірек, көбірек жұмыс беруді ұсыныңыз. Ал егер мұндай өзгеріске дайын болмасаңыз, артық жұмысты өзіңіздің қалауыңызбен-ақ тындыра беріңіз. Уақытты пайдалы әрі қызықты өткізудің амалы жетерлік. Айталық, біліміңізді жетілдіретін курстарға барыңыз, қосымша кәсіп меңгеріңіз, тренингтерге қатысыңыз. Қандай кезде де басшылық ізденімпаз маманнан қол үзіп қалғысы келмейді. Бұдан кейін де жағдай өзгермесе, амал жоқ, жұмысты ауыстыруға тура келеді.

Кәсіби біліктіліктің жалықтыруы кез келген адамның басынан өтеді. Әсіресе, шығармашылық адамдары, көпшілікпен жұмыс істейтін мамандар бұл мәселемен жиі бетпе-бет келеді.

*** Мансаптың өсуіне үміттің жоқтығы.** Міне, бір орында қанша жылдан бері табан аудармай адал жұмыс істеп келе жатсаң да сенің еңбегіңді бағалап, өсірейін деген, жалақыңды көтерейін деген ниет басшылық тарапынан байқалмайды.

Не істеу керек? Ең алдымен, бұл компанияға сіздің қаншалықты еңбегіңіздің сіңгенін ойша таразылап көріңіз. Егер тындырғаныңыз көп болса, онда ойларыңызды жинақтап, басшылыққа бәрін жайып салыңыз, талап қоя біліңіз. Ең бастысы, үлкен



бастыққа кірер алдында жақсылап дайындалыңыз. Нақты деректер, сенімді айтылған сөз – сіздің ең басты қаруыңыз екенін естен шығармаңыз. Ал басшылық сөзіңізді жүре тыңдап, талабыңызға көңіл аудармаса – жұмыс ауыстырғаннан басқа амал жоқ.

*** Кәсібіне көңілі толмау.** Күндердің күнінде сіз өзіңізге мүлде жат, табиғатыңызбен сәйкес келмейтін кәсіппен айналысып жүргеніңізді байқайсыз. Мұндайда не істеген дұрыс? Әрине, бұлай өкінбес үшін сізге мамандық таңдаған кезде жақсылап ойланып, асығыстық жасамау керек еді. Ал енді соншама жыл өтіп кеткеннен кейін ойланудың мәні бар ма? Десек те, қанша уақыт өтсе де өз-

герістен қорықпаңыз. Жасыңыз орта жастан асса, әрине, кәсіп өзгерту аса қолайлы бола қоймайды. Бірақ басшы жалақыны да төмендетіп, қызметте де көтермелеуді ұмыт қалдырса, шамаңыз келетін, өзіңіз қызығатын басқа жұмыстарды ақырындап меңгере бастағаныңыз дұрыс. Шегінетін несі бар? Сіздің жұмыс тәжірибеңіз мол. Бұл – ең басты артықшылығыңыз. Сондай-ақ, көптен бері өзіңіз хоббиге айналыдырып жүрген ісіңізді де кәсіп етіп, пұл табуыңызға болады. Кейде осы қызығатын ісіңізге біршама уақыт бөлуіңіз өзі өміріңізді мәнді ете түседі. Ал енді жас болсаңыз әңгіме бөлек. Күш-қуатыңыз бойынша, сізге артқа шегінудің реті жоқ. Өзіңізді барлық кәсіпте сынап көріңіз. Көңіліңіздегіні тапсаңыз, ісіңіз де өнімді болмақ. Бірақ тым әуестеніп кетіп, ешбір мамандықтың артынан ұстай алмай қалып жүрмеңіз.

Тығырықтан шығарар тетіктер

Жұмысқа деген ықыласыңыздың жоғалғанын байқадыңыз ба, онда арқаны кеңге салып жүре берудің керегі жоқ. Бірден демалыс алыңыз. Қызметтегі барлық байланыстан өзіңізді шеттетіп, бірден киім-кешегіңізді жинаңыз да, демалысқа жол тартыңыз. Егер сіздегі күйзеліс жұмыстан жалыққаннан емес, шаршағаннан болса демалыстан кейін жағымсыз әсердің бәрі артта қалады. Ал егер демалыстан кейін де жұмысқа зауқыңыз болмай, айналаңыздағының барлығы қызықтырмайтын болса онда басқа тәсіл іздегеніңіз дұрыс. Сонда тығырықтан шығуға ненің көмектесуі мүмкін? Барлығы сіздің жұмысқа деген ықыласыңыздың неге байланысты өзгеруіне тәуелді.

орнында білгір, жан-жақты маман болғанымен, олардың сағылап көтерілуі өте қиын. Екіншіден, олар кәсіби біліктілік тұрғысынан да өспейді. Өйткені, күнделікті қайталанатын жұмыс білімді шектейді. Міне, осы тоқырау жұмысқа деген ықыластың жоғалуына түрткі болады. Сол себепті, жоғарыдағы мамандықтың иелері жұмыс орындарын өте жиі ауыстырады. Көптеген жоғары білімді мамандар өз тәжірибесін хатшы, офис-менеджер болып бастайды. Егер жұмыста тындырымды болса, онда бірінші басшының көмекшісіне, тіпті, орынбасарына дейін көтерілуі мүмкін. Ал арманы ол болмаса, онда білімін жетілдіріп, еңбек нарығында өз бағын сынап көруге мүмкіндігі бар.

Батыста «тоқырауға түскен мамандықтар» мәселесі әлдеқашан өз шешімін тапқан. 20 жыл бұрын осы мәселе бойынша зерттеу жүргізген мамандар General Dynamics, Keri Systems, Intel секілді компанияларды негізге алған еді. Мәселені таразылай келе, тоқырауға түсетін мамандарды азайту үшін оларға қызметте өсуде мүмкіндік болмаған жағдайда жалақысын арттырып, әлеуметтік пакеттер арқылы көмектесуге күш салады. Тіпті, жеке бөлме беру, телефонының ақысын төлеу, арнайы қызметтік көлік бөліп, спорттық клубтарға тегін жолдама әперу арқылы қызметкерлерді қолдауға тырысады.

Дайындаған Р.ҚҰРМАНБАЙ.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 3 айға – 1801,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 3 айға – 4861,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalmesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

2021 жылғы 22 қыркүйекте сағат 14.00-де Алматы қаласы халықаралық әуежайының жаңа терминалын салу және пайдалану жобасының экологиялық және әлеуметтік әсерлерді бағалау (ЭӨӘБ) халықаралық рәсімінің материалдары бойынша қоғамдық талқылау өтеді. ЭӨӘБ материалдары сайтта жарияланған www.alaport.com сондай-ақ, құжаттардың көшірмелерімен Алматы қаласы Түркісіб ауданының, Алматы облысы, Талғар ауданының, Алматы облысы, Іле ауданының және Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының әкімдіктерінде танысуға болады. Қазақстан Республикасында қалыптасқан санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты қоғамдық талқылау онлайн форматта өткізілетін болады. ZOOM конференциясына қосылу сайтта жарияланған сілтеме бойынша қолжетімді болады www.alaport.com. Жоба материалдарына тапсырыс беруші – TAV Airports Holding Co. ЭӨӘБ әзірлеушісі – «Мотт МакДональд» компаниясы. Байланыс телефоны: 8 705 292 92 51. Жоғарыда аталған ЭӨӘБ материалдары бойынша ескертулер, ұсыныстар мен сұрақтарды келесі электронды мекенжайға жіберуге болады: almaty.public@tav.aero

ТЕГІН КӨМЕКТІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК сақтандыру пакеті арқылы көрсетіледі



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша қазақстандықтар кез келген медициналық мекемеде стоматологиялық қызметті ала алады. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалы мамандары айтты.

Олардың айтуынша, биылдан бастап стоматологиялық қызмет ақысын төлеу схемасы өзгерді. Бұрын қызмет ақысы консультативтік-диагностикалық қызмет көрсететін клиникаға тікелей аударылатын болса, биылдан бастап емханалар арқылы төленеді. Ол үшін емдеу ұйымдары арасында қосымша келісім-шарт бекітіледі.

«Сақтандыру енгізілгенге дейін стоматологиялық көмек тек пациенттің тіркелген емханасы арқылы ғана көрсетіледі. Жаңа жүйінің арқасында аталған санаттағы азаматтар бұл қызметті еліміздің кез келген жерінде пайдалана алады», – деді филиал мамандары.

ӘМСҚ қалалық филиалы мәліметіне сүйенсек, азаматтардың жекелеген санаттары, дәлірек айтқанда, 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер амбулатория деңгейіндегі стоматологиялық көмекті сақтандыру пакеті арқылы ала алады. Олар тісті жансыздандыру, пломба салу, терапевтің қабылдауы, пульпит пен периодонтитті емдеу, гипоплазия мен флюороз салдарынан анатомиялық пішіні бұзылған тісті толық қалпына келтіру сынды тағы да басқа қызметтерді пайдаланады.

Сонымен қатар, тісті жұлдыру, тіл мен ерін жүгеншігіндегі ақауды жою, жақты рентгенге түсіру, анестезия сынды қызметтер де осы пакет шеңберінде көрсетіледі. Ал шұғыл стоматологиялық көмек бұрынғыша мемлекет тарапынан кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетінде қалдырылды.

Шұғыл көмекке: 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, Ұлы Отан

соғысының қатысушылары, 1, 2, 3-топтағы мүгедектер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иеленген көпбалалы аналар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, жасына қарай зейнетке шыққан зейнеткерлер, жұқпалы, әлеуметтік маңызы бар аурулар мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін сырқаттарға шалдыққан пациенттер жүгіне алады.

Негізі, адамда бала кезден тісті күту мәдениеті қалыптасып, болашақта тіске әртүрлі ем-шаралар жасау кезінде кезігуі мүмкін қаржылық мәселелердің алдын алу үшін ата-аналардың баласын тісті күту мәдениетін қалыптастыруға ерте кезден баулуы маңызды. Тісі таза, сау адамның – дені сау. Балалардың тісін 2 жасдан бастап күту керек. Аурудың алдын алу мақсатында емханада ремтерапия жасатуға болады екен. Яғни минералдық лакпен қапталса болады. Ал шұғыл түрде ем қажет болған жағдайда Медициналық сақтандыру пакеті бойынша науқасқа талон беріледі. Жалпы, қазір Алматы қаласында 75 бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 75 клиника (емхана) тіркелген. Оның 23-і стоматологиялық көмекке бейімделген. Тағы 9 клиника қосымша келісім-шарт негізінде стоматологиялық қызмет көрсетеді.

«Жаңа жүйе пациенттің стоматологиялық клиниканы таңдауына мүмкіндік беріп отыр. Бірақ азаматтардың көп жағдайда өз құқығын білмей жататыны да жасырын емес. Өкінішке қарай, пациенттердің стоматологиялық клиниканы таңдау құқығын барлық клиникалармен жан-жақты жұмыс істеп жатырмыз», – деді филиал басшысы Тілеухан Әбілдаев.

Медициналық көмек көрсету барысында құқығы бұзылған тұрғындар Медициналық сақтандыру қорының 1406 байланыс нөміріне шағымдана алады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
 - * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
- Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ



2021 жылдың 8 қыркүйек күні 73 жасқа қараған шағында бар еңбек жолын жас ұрпаққа білім беруге арнаған құрметті ұстаз Тұрар Қажығалиұлы Жарықбаев өмірден өтті.

Т.Қ. Жарықбаев кандидаттық диссертациясын қорғап, химия ғылымының кандидаты дәрежесін алып, соның ішінде В.И. Ленин атындағы ҚазПИИ-дың металлургия факультетінде доцент қызметінде, бірнеше университеттің ғылыми қызметіне өз үлесін қосты.

Тұрар Қажығалиұлы Жарықбаев 1979-1980 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының органикалық катализ және электрохимия институтында Сокольский Дмитрий Владимировичпен бірлесіп жасаған бірнеше жаңалықтарын КСРО-ның өнертабыстар мен жаңалықтар жөніндегі Мемлекеттік комитеті тіркеген.

Үш қыздың үлгілі әкесі, сүйікті жар. Ол әрқашан жанұяның тұтасығы мен бірлігін бірінші орынға қойып, болашақ ұрпаққа үлгі көрсетті. Ол бар өмір жолында жүрегі мен жанының ашықтығын көрсететін, ол кісіні жақсы көрген, құрметтеген көптеген достары әрі әріптестері оған куә.

Осындай ұстаныммен, ол достары мен адамдар өмірінің басты бөлігі екенін көрсетіп кетті. Жарықбаев Тұрардың жарқын бейнесі әрқашан біздің және оны таныған адамдардың жүрегінде мәңгі сақталады.

ЖАРЫҚБАЕВТАР ӘУЛЕТІ.



КІМ САНАҚТАН ӨТЕДІ?



ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫНДАР

Қазақстанда 12 ай және одан артық уақыт тұрақты тұратындар



ШЕТЕЛГЕ ІССАПАРҒА ЖІБЕРІЛГЕНДЕР

1 жылға және одан көп уақытқа қызметтік іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметкерлер



ШЕТЕЛГЕ КЕТКЕНДЕР

1 жылдан аз уақытқа іссапарға, келкімшарт бойынша жұмысқа немесе оқуға кеткен Қазақстанның тұрғындары



ТУРИСТЕР

Шетелге емделуге, демалуға, қонаққа кеткен Қазақстанның тұрғындары



ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР

Шетелден Қазақстанға тұрақты тұруға немесе пана іздеп келгендер



ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ

Қазақстанға оқуға немесе жұмысқа 1 жылға және одан артық уақытқа келгендер



Қазақстанда 1 жылдан аз уақыт жүргендер

АПТАЛЫҚ ЖҰЛДЫЗ–ЖОРАМАЛ (16–23 қыркүйек)

ТОҚТЫ (21 наурыз – 20 сәуір)

Өмірлік мақсаттарыңызды айқындап, жоспарларыңыз жазылған тізімді жаңартатын кез келді. Орындалмас армандарды шетке ысырыңыз. Осы тұста жақындарыңыздың пікірін де ескергеніңіз жөн. Жаңа қымбат нәрсе алғыңыз келіп жүрген сияқты. Оның нәтижесіне қиналып жүріп қол жеткізесіз. Сіздің есебіңізден тамактануды жөн көретін достарыңыздың кесірінен қаржылай қиындыққа тап боласыз. Сүйіктіңізбен көптен бері сөзіңіз жараспай жүр. Сондықтан оны кездесуге шақырғаныңыз жөн.

ТОРПАҚ (21 сәуір – 21 мамыр)

Осы аптада белсенділікті төмендеткен жөн. Өйткені, асығамын деп қателік жіберуіңіз мүмкін. Ұйқыңызды қандырып, жақсылап демалып алыңыз. Болашаққа жоспар құру барысында бірнеше нұсқаны қатар қоюды ұмытпаңыз. Мақсатыңызды өзгертетін жағдайларға тап болуыңыз мүмкін. Қиял әлемімен қош айтысып, шынайы өмір сүруді жөн көресіз.

ЕГІЗДЕР (22 мамыр – 21 маусым)

Аптаның алғашқы бөлігінде басыңызға түрлі идея оралады. Мүмкіндіктердің көп болатындығы соншалық, арасында тандау жасауыңызға тура келеді. Сол кезде жақын адамыңыздың пікіріне құлақ асыңыз. Ғашығыңыз сіз күткендей әрекеттер жасамайды. Табыспайсыздар және айырылыспайсыздар. Бәрін уақыт еншісіне қалдырасыздар.

ШАЯН (22 маусым – 22 шілде)

Бір сәтке көзіңізді жұмып, жүрегіңіздің дүрсілін тыңдап көріңіз. Оны ести салысымен өмірдің ағынын, тіршіліктің қайнап жатқанын сезінесіз. Орындау мүмкіндігіңіз болмайтындықтан, ешкімге уәде бермеңіз. Өлім білмеген әлек болады демекші, атан түйеге өзі көтере алатын жүкті ғана артқан жөн.

АРЫСТАН (23 шілде – 23 тамыз)

Барлығы сіздің қолыңызда еместігін мойындайтын сәт келді. Өзге адамдардың пікіріне де құлақ асып, топпен жұмыс істеп жүргендігіңізді түсініңіз. Өзіңізді ұсқынсызбын деп ойлап жүрсіз. Алайда, бұл ойыңыз қате. Одан да сүйіктіңізден сізді не үшін жақсы көретіндігін сұраныңыз.

Бүгін салауатты өмір салтын ұстанып, таза ауада көп жүруіңізге тура келеді.

БИКЕШ (24 тамыз – 22 қыркүйек)

Жақын адамыңызға құпияны әзірге айтпа-

ңыз. Өйткені, материалдық, рухани құндылықтарға байланысты көзқарасыңыз өзгеруі мүмкін. Жаныңыз жаңа сезімге құмартуда. Қалыпты қарым-қатынастан эмоцияға берілуді жөн көресіз. Жаңа адамдармен таныссыңыз да, олармен тағдырыңызды біріктіруге асықпаңыз.

ТАРАЗЫ (23 қыркүйек – 22 қазан)

Зиянды әдеттермен күресіңіз. Себебі, бүгін кез келген қиындыққа қарсы тұра алатындай күш-қуатқа ие боласыз. Жұлдыздар жақсы нәтижеге уәде беретіндіктен, істі кейінге қалдырмаңыз.

САРЫШАЯН (23 қазан – 21 қараша)

Көңіл көтеріңіз, қыдырыңыз, демалыңыз. Сүйікті қалаңызды аралауға аттаныңыз. Көңіл қалаған жакқа барып келуге таптырмас күн. Жалған романтикаға алданып қалмаңыз. Бүгін жақсы таныстық болуы мүмкін. Әр таныстық өз несепімен келеді.

МЕРГЕН (22 қараша – 21 желтоқсан)

Мақсатына жетпесе тынбайтын жанға айналуға тырысыңыз. Арманыңыздың орындалатындығына өзгеден бұрын өзіңіз сеніңіз. Қателіктеріңізді талдап, алға қадам басыңыз. Дәл қазір өзгелердің де мақсатын жүзеге асыруға көмектесе аласыз.

ТАУЕШКІ (22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Қандай жағдай болса да, көңіл күйіңіз түспесін. Әрине, жасап жүрген істеріңіз сіз күткендей нәтиже әкелмеуі мүмкін. Десе де, өткен іске өкінгеннен пайда жоқ. Бір қиындық артынан екі қуаныш жүретінін ұмытпаңыз.

СУҚҰЙҒЫШ (21 қаңтар – 19 ақпан)

Апта соңында еңбегіңіздің жемісін жейсіз. Бойыңыздағы күш-қуатыңыз спортпен айналысуға да, жақсылап көңіл көтеруге де жетеді. Алайда, күдікті іспен шұғылданудың қажеті жоқ. Себебі, нартәуекелге барамын деп қолыңыздағы бақыт құсын ұшырып алуыңыз мүмкін.

БАЛЫҚТАР (20 ақпан – 20 наурыз)

Аптаның алғашқы күндері көп іске нүкте қоюға себепші болады. Көп мүмкіндікті жіберіп алғаныңыз үшін өкінбеңіз. Өткенді өзгерту қолыңыздан келмесе де, оған деген көзқарасыңызды өзгерте аласыз. Ақылды емес, жүрегіңізді тыңдаңыз. Сонда ғана жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

Әзірлеген
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

«Сендер аман болыңдар, жақсы адамдар!»



Қазақстандық онколог-маммолог дәрігер Алматы–Антаклия рейсінде ұшып бара жатып, жағдайы нашарлаған қарт әйелді ажал аузынан алып қалған.

Бұл туралы алматылық блогер Александр Цой өзінің Facebook парақшасында жазды. «Достар, танысыңыздар, бұл – Эльмира Әлиева. Мамандығы бойынша 15 жылдық тәжірибесі бар онколог-маммолог. Сонымен қатар, әдемі әйел және үш баланың анасы. 28 тамызда ол отбасымен Алматыдан Антаклияға «Turkish Airline» авиакомпаниясымен ұшады. Үшінші сағатта борттан дәрігер іздеген хабарлама түсті. Біздің бір отандасымыз ауырып қалып, оның

жүрек соғысы жиілеп, қолы жансызданып, тұншыға бастады», – деп жазды ол.

Эльмира көмекке бірінші болып ұмтылған. Әуе кемесінің экипажынан тонометр мен пульсоксиметрді алғызды. Әйелдің қан қысымының жоғарылағанын, ал сатурацияның төмен болғанын анықтады. Мәселенің мәнін түсінген маман бірден оған қысымды төмендетуге арналған препарат беріп, тыныс алу үшін баллонға оттегі маскасын қосып, науқасқа қол массажын жасай бастайды. Эльмира төрт сағат бойы науқастың қасында болған. Ұшақ қауіпсіз жерге қонған кезде оларды жедел жәрдем күтіп тұрған.

Бірақ әйел өзін жақсы сезінгендіктен, оған дәрігерлер тікелей қонақүйге бара беруіне рұқсат берген.



Әлеуметтік желіде қала тұрғындарын тегін таситын ақтаулық таксист туралы видео тарап жатыр. Ол тіпті, жанармайға да ақша сұрамайтын көрінеді.

«Таңертең шығып, бір-бір жарым сағат таксист боламын, кешке жұмыстан кейін сағат 9-дан 12-ге дейін адамдарды тегін тасимын. Адамдармен сөйлескен маған тыныштық сыйлайды», – дейді алтын емес, алғыс арқалап жүрген азамат. Ол күнде 20 адамға дейін тегін тасиды. Оның мұндай қайырымдылықпен айналысқанына бір айға жуықтаған. «Алғашында көп ешкім сенбеді. Қазір көбі менің көлігімнің нөмірін біледі, қуана-қуана тоқтатады», – дейді ол. Оның көлігіне тегін отырғандар жақсы адам туралы әлеуметтік желіге жарыса жазып та жатыр.

42 жастағы Қуандықтың мамандығы – инженер. М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. Кішігірім көлік жөндеу орталығы бар екен, яғни үш адамды жұмыспен қамтып отыр. «Өз жұмысымды мақтан етемін. Кішкентай ғана ғымаратта отырсам да, өзім үшін нағыз сарай. Өйткені, мұндағының бәрі адал еңбегіммен келген», – дейді ол.



Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевтің алдына шығып, ана тілінде сөйлеген қазақ қызының видеосы да әлеуметтік желіде кеңінен тарап, көпшілікті тәнті етті.

Студент кезінен бері Науаи облысында жеке кәсіпкерлікпен айналысатын Мерей Аманбаева Өзбекстан президентімен болған кездесуде алдымен қазақша сөйлеп, кейіннен сөзін өзбек тілінде жалғастыруының себебін түсіндірді. «Президентпен кездесетін болсам, алдымен қазақ тілінде сөйлеймін, осылайша ол қазақ екенімді білсін, сосын өзбекше жалғастырамын, өзбек тіліне деген құрметімді білсін» деп ойлап жүретінмін. Негізі, ереже бойынша алдымен өзбекше сөйлеп, сосын қазақ тілінде сөйлеуге рұқсат сұрауым керек екен. Ал мен керісінше, алдымен қазақша сөйлеп, кейін өзбекше сөйлеуге рұқсат сұрадым, президент өзбекше жалғастыруға рұқсат сұрағанымға қуанып, алғысын білдірді. Мен үнемі айтамын: қазақ пен өзбек – түбі бір, бауырлас ұлттар. Өзбекстаннан кеудемізді итеріп, ешкім кет деп жатқан жоқ. Керісінше, жағдайымызды жақсартуға мүмкіндік беріп отыр», – дейді қаракөз бауырымыз.

Кәсіпкер қыз жақын арада Қазақстанға келуді жоспарлап отыр.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.